16	Халықаралық экономикалық қатынастар	Білім алушыларда халықаралық экономикалық қатынастардың формалары мен эволюциясы туралы теориялық білімдерін және әлемдік экономиканың жаһандануы жағдайында әлемдік экономикалық қатынастардағы күрделі құбылыстарды талдаудың практикалық дағдыларын	Берілген курс халықаралық экономикалық қатынастардың (ХЭЖ) заманауи жүйесінің негізгі мәселелері бойынша құзыреттіліктерді қалыптастырады. ХЭЖ формалары мен көрінуі; өндіріс факторларының халықаралық қозғалысының теориялары мен әдіснамалық сұрақтары зерттеледі. Капиталдың әлемдік қозғалысы, трансұлттық корпорациялардың қызметі; халықаралық сауда ағындары; халықаралық валюталық-қаржылық қатынастар мәселелері қарастырылады. Төлем және есептік	Пререквизиттер: Халықаралық экономика, Халықаралық экономикалық интеграция. Постреквизиттер: Халықаралық валюталық-несиелік қатынастар, Халықаралық көлік саясаты.	А) қазіргі заманғы халықаралық экономикалық қатынастар жүйесін және олардың негізгі нысандарын, халықаралық сауданың негізгі теорияларын, халықаралық экономикалық қатынастарды мемлекеттік және мемлекетаралық реттеу әдістерін, Қазақстан экономикасының әлемдік экономикаға кірігуінің негізгі проблемаларын білуі тиіс; В) халықаралық экономикалық қатынастардың әртүрлі салалары бойынша ұлттық

		қалыптастыру.	халықаралық баланстар; жұмыс күшінің халықаралық нарығы түсініктерінің мазмұны ашылады.		және халықаралық экономикалық ұйымдардың жарияланымдары негізінде әлемдік шаруашылық байланыстардың жай-күйі туралы статистикалық деректерді іріктеуді жүзеге асыра білуі тиіс; С) халықаралық экономикалық қатынастар субъектілерінің сыртқы экономикалық қызметке қатысуының орындылығы мен тиімділігіне талдау жүргізу үшін халықаралық экономикалық қатынастарды дамытудың нысандары мен бағыттары туралы білім жүйесін пайдалану; D) әлемдік экономикада болып жатқан процестерді талдау, олардың болашақта дамуын болжау; E) кәсіптік қызметте ұғымдық-категориялық аппаратты, гуманитарлық және әлеуметтік ғылымдардың негізгі заңдарын қолдану.
17	Халықаралық экономикалық интеграция	Білім алушыларда әлемнің әртүрлі даму деңгейі мен түрлі	Пән жалпы халықаралық экономиканың өсуіне, нарықтар мен елдердің ынтымақтастығына	Пререквизиттер: Кәсіпорынның сыртқы экономикалық қызметі,	A) халықаралық экономикалық интеграцияның түрлері мен

		өңірлеріндегі елдердің халықаралық экономикалық интеграциясын дамытудың мәні, теориялық негіздері, түрлері мен кезеңдері, үрдістері, салдарлары мен ерекшеліктері туралы теориялық және практикалық білімді қалыптастыру.	әкелетін әлемдік шаруашылықтағы бірлестіктерді зерттеуді қамтиды. Ұлттандырудың әртүрлі деңгейлеріндегі бірлескен өндіріс, жаһандық тенденциялар, әлемдік экономикалық кооперацияның қалыптасу тарихы, интеграциялық процестердің заманауи формалары мен әдістері секілді құбылыстар зерттеледі. Сондай-ақ дүниежүзілік экономикалық кеңістіктегі негізгі интеграциялық процестер қарастырылады, халықаралық экономикалық интеграцияның басты проблемалары мен перспективалары атап өтіледі	Халықаралық менеджмент (ағылшын тілінде). Постреквизиттер: Халықаралық валюталық-несиелік қатынастар, Халықаралық көлік саясаты.	кезеңдерін айқындау мен жіктеудің әртүрлі тәсілдерін білуі тиіс; В) халықаралық экономикалық интеграция дамуының қазіргі заманғы үрдістерін және оның әлемнің түрлі өңірлеріндегі ерекшеліктерін талдау; С) халықаралық экономикалық интеграция салдарларының және қол жеткізілген даму деңгейінің мониторингін бағалау және жүзеге асыру, халықаралық интеграциялық бірлестіктер құрудың орындылығын негіздеу; D) кәсіпорынның сыртқы экономикалық қызметін және ұлттық экономиканы дамыту үшін халықаралық экономикалық интеграцияның артықшылықтарын пайдалану; Е) Халықаралық экономикалық интеграцияның салдарларын және қол жеткізілген даму деңгейін бағалау мен мониторингтеу дағдыларын меңгеру.
--	--	--	--	---	--

4-курс

1	Фирманың бәсекеге қабілеттілігі	Білім алушыларда фирманың бәсекеге қабілеттілігін арттыру және бәсекеге қабілеттілікті басқару саласында білімді, іскерлікті және практикалық дағдыларды қалыптастыру.	Бәсекеқабілеттіліктің теориялық негіздері қарастырылған, мұнда «бәсеке» шаруашылық жүргізуші субъектінің дамуының қозғаушы күші ретінде анықталады. нарықтағы нысандардың бәсекеқабілеттілігін бағалау әдістемесі ашылған. Пәнде кәсіпорынның бәсекеқабілеттілігін арттыру стратегияларын қалыптастыру мәселесіне ерекше көңіл бөлінген. Бұл сұрақтың логикалық жалғасы кәсіпорынның бәсекеқабілеттілігін арттыру стратегияларын жүзеге асыруға арналған тақырып болып табылады.	Пререквизиттер: Жобаларды талдау, Шығындарды талдау, Тәуекелдерді талдау және бағалау. Постреквизиттер: Технологиялар және инновациялар экономикасы, Өндірістік практика.	А) табысты бәсекелестік стратегияларды әзірлеу тетігін және оларды іске асыру мүмкіндіктерін білу; В) фирмалардың тиімді жұмыс істеуі үшін бәсекелестік ортаны құру шарттарын негіздеу; С) фирманың бәсекеге қабілеттілігі көрсеткіштерінің кешенді жүйесін есептей алу; Д) фирманың бәсекеге қабілеттілігін арттыру жөніндегі іс-шараларды жоспарлай білу; Е) өнімнің және фирманың бәсекеге қабілеттілік көрсеткіштерін есептеу дағдыларын меңгеру.
2	Технологиялар және инновациялар экономикасы	Білім алушыларға технологиялар мен инновациялар экономикасының теориялық негіздері мен практикалық	Осы пәнді зерделеу студенттерде инновациялардың экономикалық мәнін, инновациялық нарықтың ерекшеліктерін, оларды нарыққа одан әрі енгізе отырып, жаңа технологияларды құру ерекшелігін	Пререквизиттер: Жобаларды талдау, Тәуекелдерді талдау және бағалау. Постреквизиттер: Өндірісті ұйымдастыру,	А) Инновациялар мен технологиялық дамудың негізгі ұғымдарын, түрлерін және экономикалық мәнін сипаттай білу; В) Инновациялық нарықтың

		аспектілерін меңгерте отырып, инновациялық қызметті басқару, инновациялық жобаларды бағалау және технологияларды коммерцияландыру бойынша білім мен дағды қалыптастыру.	қоса алғанда, инновациялар экономикасы бойынша білімнің тұтас кешенін қалыптастыруға тиіс. Бұл курс студенттерде аналитикалық жұмыстың практикалық дағдыларын дамытуды, инновацияларды бағалауды, инновациялық нарықтың әлеуетін талдауды, инновациялық жобаларды бағалауды және технологияларды коммерцияландыруды қарастырады.	Өндірістік практика.	ерекшеліктерін, инновациялық өнімдердің өмірлік циклі мен енгізу механизмдерін түсіну; С) Инновациялық жобаларды бағалаудың және технологияларды коммерцияландырудың практикалық әдістерін қолдану; D) Инновациялық нарықтың әлеуетін, тәуекелдерін және даму үрдістерін талдай білу; Е) Инновациялық жобалардың тиімділігі мен экономикалық ықпалын бағалау, технологиялық шешімдердің бәсекеге қабілеттілігін саралау.
3	Стратегиялық жоспарлау және болжамдау	Курстың мақсаты алдағы іс-қимылдардың экономикалық негіздемелері әдіснамасына оқыту, білім алушыларда дағдарыстық құбылыстар мен	Бұл курс студенттерде Стратегиялық жоспарлау мен болжамдау бойынша жүйелі білім кешенін қалыптастыруға және нақты міндеттер үшін жоспар мен болжамды әзірлеудің тиісті әдістері мен құралдарын қолдана отырып, стратегиялық шешімдерді әзірлеу дағдыларын алуға бағытталған. Сондай-ақ, білім алушылар пәнді	Пререквизиттер: Экономикалық талдау, Тәуекелдерді талдау және бағалау. Постреквизиттер: Кәсіпорын қызметін жоспарлау, Өндірістік практика.	А) Әлеуметтік-экономикалық болжамдау мен жоспарлаудың теориялық негіздерін білу; В) Әлеуметтік-экономикалық жағдайларды болжау және жоспарлау әдістерін қолдана білу;

		олардың себептерінің алдын алу және оларды еңсеру үшін басқарудың барлық деңгейлерінде стратегиялық болжамдау және стратегиялық жоспарлауды жүзеге асыру бойынша кәсіптік білімдері мен дағдыларын қалыптастыру болып табылады	игеру барысында стратегиялық талдау, қажетті экономикалық көрсеткіштерді есептеу, әзірленген стратегиялық баламаларды экономикалық бағалау дағдыларына ие болады.		С) Жоспарлау және болжау процесінде проблемаларды анықтау, тұжырымдау, мақсаттар, баламаларды бағалау, негізделген шешімдер қабылдау; Д) Даму болжамдары мен жоспарларын әзірлеу дағдыларын меңгеру; Е) Мемлекеттік бағдарламаларды жүзеге асырудың экономикалық және әлеуметтік жағдайларын бағалау.
4	Excel-дегі аналитика	Білім алушыларға Excel бағдарламасында кеңейтілген деректерді талдау үшін қажетті білім мен дағдыларды ұсыну.	Бұл курстың негізгі мақсаты-студенттерге Microsoft Excel-де сапалы жұмыс істеу үшін қажетті білім мен дағдылардың жүйелік көрінісі мен кешенін қалыптастыру. Бұл пәннің мазмұны осы бағдарламада жұмыс істеудің мүмкіндіктері мен негізгі әдістерін таныстыру мен дамытуды, электрондық кестелер мен графикалық деректерді құру мен дайындауды, осы бағдарламаны қолдана отырып, іс-әрекеттерді жобалау мен құжаттаманы құруды қамтиды	Пререквизиттер: Экономикалық талдау, Жобаларды талдау. Постреквизиттер: Стратегиялық жоспарлау және болжамдау, Өндірістік практика.	А) Бизнес-процестерді талдау және модельдеу әдістерін білу; В) Кәсіпорынның архитектурасын дамыта және талдай білу; С) Ақпаратты жүйелеу және қорытындылау, экономика, басқару және АКТ саласындағы зерттеулерді ұйымдастыру және жүргізу; Д) Зерттеу нәтижелері бойынша нақты ұсыныстар

					әзірлеу, басқарушылық шешімдер қабылдау үшін анықтамалық-талдамалық материалдар дайындау; Е) Бағдарламаларды әзірлеу әдістері мен құралдарын меңгеру
5	Сыртқы экономикалық қызметті кедендік реттеу	Білім алушылардың сыртқы сауда қызметін мемлекеттік реттеудің құқықтық қамтамасыз етілуі, жүйесі, тетігі, құралдары мен практикасы туралы тұтас түсініктерін қалыптастыру, сондай-ақ олардың сыртқы сауда қызметіне тыйым салу мен шектеулер саласында заңнамалық және өзге де нормативтік-құқықтық актілерді қолдануда теориялық білімдері мен кәсіби дағдыларын игеруі.	Пәндердің кең ауқымы ұйымның негізгі ережелерін, сыртқы экономикалық ынтымақтастықты кедендік реттеудің іргелі негіздері мен әдістерін зерттейді. Сыртқы экономикалық қызметті мемлекеттік реттеудің негізгі постулаттары нақты кедендік-тарифтік, тарифтік емес және салықтық мемлекет әсерін ескере отырып белгіленеді. Берілген курс білім алушыларға маман ретінде практикада қолдану үшін мемлекеттік реттеу механизмінің мүмкіндіктерін кешенді түрде оқуға мүмкіндік береді.	Пререквизиттер: Халықаралық экономикалық қатынастар, Халықаралық экономикалық интеграция. Постреквизиттер: Өндірістік практика, Қорытынды аттестаттау.	А) кедендік интеграция жағдайында сыртқы экономикалық қызметті мемлекеттік реттеу жүйесін; сыртқы экономикалық қызметке қатысушылардың тауарларды кедендік декларациялау нысандары мен тәсілдерін білу; В) кеден істері саласындағы проблемаларды, басқарушылық міндеттерді тұжырымдау және тәуекел факторлары мен белгісіздікті ескере отырып, оларды шешу әдістерін қалыптастыру; С) сыртқы сауда қызметіне тыйым салулар мен шектеулердің сақталуын бақылау; кедендік төлемдерді есептеу, кедендік және сыртқы сауда құжаттарын толтыру; D) кеден істері

					саласындағы практикалық міндеттерді шешудің әдістері мен құралдарын пайдалану; Е) сыртқы сауда қызметіне тыйым салулар мен шектеулердің сақталуын растайтын құжаттарды бақылау дағдыларын меңгеру.
6	Халықаралық валюталық-несиелік қатынастар	Білім алушыларда халықаралық валюталық-несиелік қатынастардың эволюциясы мен әртүрлі нысандары туралы теориялық білімді, осы саладағы жұмыстың практикалық дағдыларын, әлемдік валюталық-кредиттік қатынастар жүйесіндегі Қазақстан мен басқа елдердің жағдайын бағалау және талдау дағдыларын қалыптастыру.	Бұл курс студенттердің қазіргі жағдайда халықаралық валюта-несие қатынастарын ұйымдастыру бойынша білімдері мен дағдыларын қалыптастыруға ықпал етеді. Бұл пәнді игеру жаһандану экономикалық процестері жағдайында қаржылық қатынастарды қарауды қамтиды; валюта жүйесін, валюта нарығын және валюталық бақылауды реттеудегі мәселелерді ашады; білім алушылар валюталық-кредиттік қатынастарды талдау және болжау, валюталық тәуекелдерді бағалау және оларды сақтандыру дағдыларын меңгереді.	Пререквизиттер: Әлемдік капитал нарығы, Халықаралық экономикалық қатынастар. Постреквизиттер: Сыртқы экономикалық қызметтегі инвестициялық талдау, Өндірістік практика.	А) Валюталық-кредиттік жүйе элементтерінің құрылымын, сипаттамасын, өзгеру және даму элементтерін білу; В) Валюта нарығына қатысушылардың қызметін сипаттайтын көрсеткіштерді есептеу және талдай білу; С) Валюталық-несиелік және қаржы саясатын іске асыруда пайдаланылатын мемлекеттік реттеу құралдары мен әдістерін, оларды қолданудың логикасы мен салдарын талдау; D) Әртүрлі елдердің қор, валюта және кредит нарықтарынан келіп түсетін бастапқы қаржылық ақпаратты өңдеу тәсілдері мен технологияларын

					меңгеру; Е) Халықаралық қаржы және валюта-несие нарығының негізгі индикаторларының жай-күйі мен динамикасы туралы ақпаратты жинау, құрылымдау және жүйелеу.
7	Халықаралық көлік саясаты	Білім алушыларға халықаралық көлік саясатының теориялық негіздерін және сыртқы саудадағы жүк тасымалдарын ұйымдастырудың практикалық аспектілерін меңгерте отырып, көлік шығындарын жоспарлау мен тасымалдау рентабельділігін бағалау дағдыларын қалыптастыру.	Бұл курсты игеру білім алушыларда халықаралық көлік саясатын, халықаралық көлік операцияларын жүзеге асыру бойынша білім мен дағдылар кешенін қалыптастыруға мүмкіндік береді. Пәнді зерделеу шеңберінде сыртқы сауда саласында көліктің әр алуан түрлерінде жүк тасымалдарын ұйымдастыру мәселелері қаралады, халықаралық тасымалдарға арналған шығындарды жоспарлау, олардың рентабельділігін, көлік ұйымдарының рентабельділігін жоспарлау дағдылары игеріледі.	Пререквизиттер: Әлемдік тауар нарықтары, Халықаралық экономикалық интеграция. Постреквизиттер: Халықаралық валюталық-несиелік қатынастар, Өндірістік практика.	А) Халықаралық көлік саясатының негізгі ұғымдарын, қағидаттарын және көлік түрлерінің жіктелуін сипаттай білу; В) Сыртқы саудада көлік логистикасының рөлін және халықаралық тасымалдау процесінің ерекшеліктерін түсіну; С) Жүк тасымалдарын ұйымдастыру, құжаттарды рәсімдеу және көлік шығындарын жоспарлау әдістерін қолдана алу; D) Түрлі көлік түрлерінің тиімділігін, рентабельділігін және шығын құрылымын салыстырып, талдау; Е) Тасымалдау сызбаларын әзірлеп, халықаралық тасымалдарға арналған логистикалық шешімдерді ұсыну

					дағдыларын меңгеру.
8	Сыртқы экономикалық қызметтегі инвестициялық талдау	Білім алушыларға сыртқы экономикалық қызмет аясында инвестициялық талдаудың әдістері мен модельдерін меңгерту, инвестициялық жобалардың тиімділігін бағалау және тәуекелдерді талдау бойынша практикалық дағдыларды қалыптастыру.	Бұл пән білім алушылардың СЭҚ-тағы инвестициялық талдау бойынша білімі мен дағдыларын қалыптастыруға бағытталған. Курсты игеру барысында студенттер инвестициялық талдаудың әдістері мен модельдерін қолдану, СЭҚ шеңберінде инвестициялық жобалардың тиімділігін бағалау әдістемесін қолдану, инвестициялық және басқа да тәуекел түрлерін талдау; инвестициялық шешімдерді негіздеу үшін қажетті есептеулер жүргізу дағдыларын игереді.	Пререквизиттер: Кәсіпорынның сыртқы экономикалық қызметі, Халықаралық экономикалық интеграция. Постреквизиттер: Сыртқы экономикалық қызметті кедендік реттеу, Өндірістік практика.	А) Сыртқы экономикалық қызметтегі инвестициялық талдаудың негізгі ұғымдарын, әдістері мен модельдерін сипаттау; В) Инвестициялық жобалардың тиімділігін бағалау және тәуекел түрлерін талдау әдістемесін түсіну; С) Инвестициялық жобаларды бағалау және шешім қабылдау үшін экономикалық есептеулер жүргізу; D) Инвестициялық тәуекелдерді, жобалардың кірістілігі мен сыртқы экономикалық факторлардың ықпалын талдау; E) Инвестициялық жобалардың тиімділігін және олардың сыртқы экономикалық ортамен өзара байланысын бағалау.
9	Өндірісті ұйымдастыру	Білім алушыларға кәсіпорынның тиімді қызмет етуін қамтамасыз ететін өндірісті ұйымдастыру ғылымының маңызды	Студенттерге өндірістік процесті ұйымдастыруды, кәсіпорындарды жоспарлауды және басқаруды, материалдық -техникалық базаны персоналды басқарудың жүйелік негіздерін қамтамасыз етуді	Пререквизиттер: Кәсіпорын экономикасы, Кәсіпорын қызметін жоспарлау. Постреквизиттер:	А) өндірістік процестің құрылымын, өндіріс типтері мен олардың техника-экономикалық сипаттамаларын, ағындық өндірістің сипаттамаларын;

		сұрақтары мен факторларының өзара байланысын үйрету.	сипаттайды. Студенттерді өндірістік құрылымдармен, ұйымдастыру мен басқарудың негізгі қағидаларымен, функционалды орындаушыларды бақылау жоспарларының түрлерімен, технологиялық процесс пен өнім сапасын бақылаумен таныстыру.	Өндірістік практика, Қорытынды аттестаттау.	В) нарықтық қарым-қатынастар жағдайларында өндірісті ұйымдастырудың жаңа әдістерін қолдану; С) өндіріс тиімділігінің жалпылама және жеке көрсеткіштерін анықтау әдістемесін игеру; D) өндірісті дұрыс және құзырлы ұйымдастыру, нарық талаптарын анықтауды, әртүрлі шаруашылық міндеттерді шешуді шығармашылық тұрғыдан қарастыру; E) өндіріс ұйымдастыру нәтижелерін бағалау; өндіріс тиімділігін жоғарылату резервтерін табу.
10	Кәсіпорын қызметін жоспарлау	Білім алушыларда кәсіпорын қызметін жоспарлау процесі туралы түсінік қалыптастыру, білім алушылардың стратегиялық, тактикалық және жедел-өндірістік жоспарларды әзірлеу үшін арнайы білім мен іскерлікті алуы, алған білімдерін	Бұл курс кәсіпорындағы жоспарлауға арналған, мұнда жоспарлаудың теориялық және әдістемелік негіздері, жоспарды құру процесі, кейіннен орындалу барысын бақылау зерттеледі және ашылады. Кәсіпорынды құру мен дамытудың барлық жоспарларын негіздеу әдістері көрсетілген. Бұл пәннің мазмұнына жоспарлы көрсеткіштерді есептеу әдістерін, шаруашылық ішілік жоспарлар	Пререквизиттер: Кәсіпорын экономикасы, Экономикалық талдау. Постреквизиттер: Өндірістік практика, Қорытынды аттестаттау.	А) Осы пәнді меңгеру нәтижесінде білім алушылардың: кәсіпорындағы жоспарлауды ұйымдастыру; стратегиялық жоспарлаудың құрылымы мен мәні; өндірістік-шаруашылық қызметті жоспарлау; кәсіпорынның қаржылық қызметін жоспарлау жөнінде түсініктері болуы; В)

		практикада қолдануы.	жүйесін, олардың өзара әрекеттесу механизмін оқуы да кіреді.		Кәсіпорын қызметінің негізгі бағыттарын; кәсіпорындағы жоспарлы жұмысты ұйымдастыруын; бағдарламалау жүйесінің элементтерін; стратегиялық жоспарлау түсінігін; оперативті жоспарлау түсінігін; бизнес-жоспардың мазмұны мен құрамын; С) кәсіпорындағы өндірістік-өндіру қызметін жоспарлаудың ерекшеліктерін; кәсіпорында персоналдағы тұтынуды жоспарлаудың ерекшеліктерін; кәсіпорындағы өзіндік құнды жоспарлауын; кәсіпорындағы баға белгілеудің әдіснамасын; кәсіпорындағы қаржылық жоспарлауын білуі; D) Кәсіпорындағы жоспарлы қызметті ұйымдастыруға; кәсіпорынның өндірістік-шаруашылық қызметті жоспарлауға; кәсіпорынның орта жылдық өндірістік қуатын жоспарлауға; өндірістік бағдарламаны бағалау және жоспарлауға;
--	--	----------------------	--	--	---

					кәсіпорындағы еңбек ресурстарының санын, өндірістік бағдарламаның еңбек сыйымдылығын, жұмыс уақытының балансын жоспарлауға; өндірістік-шаруашылық қызметтің қаржылық жоспарын құрастыруға икемді болуы; Е) өндірістік-шаруашылық қызметті жоспарлаудағы; кәсіпорындағы жоспарлауды ұйымдастырудағы; өндірістік-шаруашылық қызметті қаржылық жоспарлаудағы практикалық машықтарды иемденуі қажет.
--	--	--	--	--	--

6B04101 – ЭКОНОМИКА**2 курс****Мамандық атауы және шифры: 6B04101 - Экономика****Оқу мерзімі: 4 жыл****Қабылдау жылы: 2024**

Компонент	Пән коды	Пәннің атауы	Семестр	Кредит саны КР/ЕСТС
4. Модуль - Қоғамдық және кәсіпкерлік модулі (28 академиялық кредит)				
ЖББП МК	Fil 2108	Философия	3	5
БП ЖК	UR 2204	Ұлттық руханият	3	3
БП ЖК	ММ 2205	Микро-макроэкономика	3	5
БП ЖК	BZh 2206	Бизнес-жоспарлау	3	5
БП ЖК	Kas 2207	Кәсіпкерлік	3	5
БП ЖК	МТТ 2208	Менеджмент теориясы мен тәжірибесі	3	5
5. Модуль - Кәсіпорындағы экономика, есеп және нормалау (28 академиялық кредит)				
БП ЖК	GZA 2209	Ғылыми зерттеу әдістері	4	5
БП ЖК	HE 2210	Халықаралық экономика	4	5
БП ЖК	BEA 2211	Бухгалтерлік есеп және аудит	4	4
БП ЖК	EUN 2212	Еңбекті ұйымдастыру және нормалау	4	5
БП ЖК	KE 2213	Кәсіпорын экономикасы	4	6
БП	ОР	Өндірістік практика	4	3

4. Модуль - Қоғамдық және кәсіпкерлік модулі, 28 кредит**Дублин дескрипторлары А) В) С) D) E)****Пәннің атауы:** Ұлттық руханият**Бағдарлама авторы:** Әбдіғалиева Ж.С.**Курсты оқытудың мақсаты:** Студенттерге қазақ ұлтының ғасырлар бойы қалыптасқан әдебиеті, тарихы, өнері, халық даналығы, салт-дәстүрі, тәлім-тәрбиесі, мәдениеті туралы ғылыми негізде терең білім беру.**Пәннің қысқаша мазмұны:** Курс рухани құндылықтар жүйесін, қазақтың ұлттық болмысын, руханияттың этномәдени бастауларын, ұлттық сананы, салт-дәстүрлерді, әдет-ғұрыптарды, дүниетанымды, діни шыдамдылықты, салт-дәстүрлерді, өнерді, әдебиетті, ұлттық тәрбиені, дәстүрлі мәдениетті, жоғары сананы тәрбиелейтін рухани мұраны

зерттейді. Пән әлемдік және жалпыадамзаттық құндылықтарды, халықтық дәстүрлерді, ата-баба мұрасын құрметтеу рухында тәрбиеленген рухани-адамгершілік тұлғаны қалыптастырады.

Пререквизиттері: Қазақстан тарихы, Әлеуметтік-саяси білім модулі (әлеуметтану, саясаттану, мәдениеттану, психология).

Постреквизиттері: Философия, Ғылыми зерттеу әдістері.

Оқытудан күтілетін нәтижелер: А) Ұлттық құндылықтар туралы түсінігі болады; В) Ұлттық рухани құндылықтар негізінде мәселелер шешеді; С) Салт-дәстүрлерді ұстанады; D) Ғылыми көзқарасы қалыптасады; Е) Өзінің және өзге елдің тарихын, мәдениетін, салт-дәстүрін сыйлайды.

Дублин дескрипторлары А) В) С) D) Е)

Пәннің атауы: Микро-макроэкономика

Бағдарлама авторы: Игильманова С.И.

Курсты оқытудың мақсаты: үй шаруашылығы мен фирма экономикасы, әртүрлі нарық құрылымындағы фирманың қызмет ету ерекшелігін зерттеу, нарықтың негізгі субъектілерінің қызметіне, негізгі макроэкономикалық көрсеткіштердің динамикасына, әсер етуші факторларына талдау жасау әдістемесін меңгерту, елдің макроэкономикалық ахуалына қатысты өз пікірін қалыптастыруға, мемлекеттің экономикалық саясатының салдарына өзбетінше талдау жасай білуге білім алушыларды дағдыландыру.

Пәннің қысқаша мазмұны: «Микро-макроэкономика» пәнін оқыту барысында функционалды талдау, шекті талдау, экономикалық-математикалық модельдеу әдістері арқылы тұтынушының және өндірушінің әрекеттері зерттелсе, агрегаттау, статистикалық, логикалық абстракция, талдау әдістерінің көмегімен тұтынушылардың, фирмалардың, мемлекеттің және шетелдің ұлттық экономикаға ықпалдары қарастырылады. Түрлі нарықтардағы теңдестіктің қалыптасуына, экономиканың циклді дамуының себептеріне, елдің макроэкономикалық көрсеткіштерінің динамикасына талдау әдістемесі зерттеледі.

Пререквизиттері: Цифрлық платформадағы экономикаға кіріспе, Экономикадағы математика.

Постреквизиттері: Халықаралық экономика, Кәсіпорын экономикасы.

Оқытудан күтілетін нәтижелер: А) Экономикалық жүйенің микро-макро деңгейіндегі процестерге қатысты айнымалылардың өзара байланысы мен өзара әсерін түсіндіріп, оларға талдау, қорытынды жасау үшін теориядағы тұжырымдарды, модельдерді (график, сызба, формула т.с.с.) практикалық сабақтар орындауда тиімді қолдана білу; В) Теориялық материалдар, ситуациялық тапсырмалар, жаттығулар, статистикалық мәліметтер бойынша факторлық талдау, салыстырмалы талдау жасау; С) Жасалынған талдаудың негізінде микро-макро деңгейде орын алған өзгерістердің себептері мен мүмкін салдарына қатысты ой тұжырымдап, қорытынды жасай білу; D) Тұтынушы мен өндірушінің экономикалық әрекетін ұтымды етуге байланысты шешім қабылдау; Е) елдің негізгі макроэкономикалық көрсеткіштері негізінде макроэкономикалық ахуалды, мемлекеттің макроэкономикалық саясатының бағыттарын, тиімділігін бағалауға бейімделу.

Дублин дескрипторлары А) В) С) D) Е)

Пәннің атауы: Бизнес-жоспарлау

Бағдарлама авторы: Байшукурова Ж.Ж.

Курсты оқытудың мақсаты: Шаруашылық субъектілердің қызметін нарық жағдайында жоспарлаудың теориялық негіздерін зерттеу және бизнес жоспарды құру әдістемесін игеру.

Пәннің қысқаша мазмұны: Аталған курс аясында ұйымды стратегиялық басқарудағы маңызды құжат - бизнес-жоспарды жасақтауды қамтитын сұрақтар кешені меңгеріледі. Білім алушылар бизнес жоспарлауда қолданылатын негізгі әдістер мен мәнін оқып-біледі; бизнес-жоспардың құрылымын, оны жасақтау бойынша жұмыстардың мазмұнын меңгереді, бизнес-

жоспардың тиімділігін бағалау тәртібі мен әдістерімен танысады және бизнес жоспарлау процесінде қажетті практикалық дағдыларға ие болады.

Пререквизиттері: Пәнаралық білім беру модулі (Қаржылық сауаттылық және кәсіпкерлік негіздері, Құқық негіздері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет, Экология және өмір қауіпсіздігі), Цифрлық платформадағы экономикаға кіріспе .

Постреквизиттері: Кәсіпкерлік, Кәсіпорын экономикасы.

Оқытудан күтілетін нәтижелер: А) Бизнес-жасау әдістемесін, қабылданған стратегияның қойылған мақсаттарың қарым-қатынасын, әртүрлі сферадағы кәсіпорындардың бизнес-жоспарын құру спецификасын, сондай-ақ бизнес-жоспар жасауда кететін негізгі қателіктерді білуі тиіс В) Бизнесі жоспарлаудың қазіргі әдістері мен тәсілдерін оқыту. С) Қазақстан Республикасының кәсіпорындардың елдегі мемлекеттік реттелуі бойынша заңдылықтарын; Кәсіпорынның бизнес-жоспарын құру әдістерін, инвестициялық қызметтің тиімділігіне баға беру, экономикалық талдау жасай білу. D) Бизнесі жоспарлаудың тәжірибелік дағдыларын қалыптастыру. Бизнес-жоспарлауда экономикалық көрсеткіштерді есептей білуі тиіс. Нарық экономикасында фирманы, кәсіпорындарды басқару жүйесінде жоспарлардың мәні мен қажеттілігін көрсету. Е) Базалық және жалпы білімін, алған білімін тәжірибе жүзінде қолдану, бизнес-жоспар құруда экономикалық бөлімдердің барлық сұрақтарына жауап бере алу керек.

Дублин дескрипторлары А) В) С) D) E)

Пәннің атауы: Кәсіпкерлік

Бағдарлама авторы: Ибрашева А.Ж.

Курсты оқытудың мақсаты: білім алушыларды бәсекелестік ортада кәсіпкерлік қызметті ұйымдастырудың теориялық негіздері мен практикалық дағдыларына үйрету болып табылады.

Пәннің қысқаша мазмұны: Берілген курста енгізілген тақырыптар аясы кәсіпкерліктің мәнін, оның түрлері сипаттайды. Оның қасиеттері мен функциялары, кәсіпкерлік орта субъектілері түсіндіріледі. Курстың кең көлемі өз ісін құру тетігін, бизнес-жоспарлау, қаржылық және кадрлық қамтамасыз етуді, кәсіпкерлік тәуекелдің сәттілікке ықпалын мазмұндайды. Кәсіпкерлік құпияға және кәсіпкерлік мәдениетіне, салық салу мәселелеріне және кәсіпкерлер мен ұйымдардың жауапкершілігіне үлкен көңіл бөлінеді.

Пререквизиттері: Пәнаралық білім беру модулі (Қаржылық сауаттылық және кәсіпкерлік негіздері, Құқық негіздері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет, Экология және өмір қауіпсіздігі), Бизнес-жоспарлау .

Постреквизиттері: Бухгалтерлік есеп және аудит, Кәсіпорын экономикасы.

Оқытудан күтілетін нәтижелер: А) кәсіпкерлік қызметте табысты басқаратын негізгі ингредиенттердің қандай болуы; В) кәсіпкерлік қызметте стандартты және стандартты емес мәселелерді шешуде білімді және сыни түсінуді қолдану; С) кәсіпкерлік қызмет мәселелерін шешу үшін дұрыс және қажетті пайымдаулар мен қорытындылар жасау үшін ақпаратты бағалай, талдай, түсіндіре және түсіндіре білу. D) жаңа бизнес-тұжырымдамалардың өміршеңдігін немесе мүмкіндіктерін анықтау дағдыларын меңгеру; Е) кәсіпкерлік қызмет мәселелерін шешу үшін дұрыс және қажетті пайымдаулар мен қорытындылар жасау үшін ақпаратты бағалай, талдай, түсіндіре және түсіндіре білу.

Дублин дескрипторлары А) В) С) D) E)

Пәннің атауы: Менеджмент теориясы мен тәжірибесі

Бағдарлама авторы: Болатова Б.Ж.

Курсты оқытудың мақсаты: білім алушылардың менеджмент теориясы саласында теориялық білімдер мен практикалық дағдыларды меңгеруі болып табылады.

Пәннің қысқаша мазмұны: Менеджмент тәжірибесі айтарлықтай өзгерістерге ұшырауда. Бизнесі жүргізу тәсілдері, шаруашылық қызметті ұйымдастыру форматтары және басқару құралдары айтарлықтай өзгеруде. Жинақталған тәжірибе мен заманауи практиканы зерделеу,

трансформациялардың шарттары мен сын-тегеуріндерін түсіну, бизнесті жүргізудің жаңа тәсілдерін енгізуді шектеушілердің әсерін бағалау, нақты және ықтимал салдарларды диагностикалау талап етіледі. Курста басқару қызметін ұйымдастыру мен жүргізудің қалыптасқан дәстүрлі тәсілдеріне шолулар ұсынылған, бизнесті жүргізу тәсілдерін дамытудың қазіргі заманғы практикасына және іске асырылатын басқару практикалары мазмұндалған.

Пререквизиттері: Пәнаралық білім беру модулі (Қаржылық сауаттылық және кәсіпкерлік негіздері, Құқық негіздері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет, Экология және өмір қауіпсіздігі), Еңбек экономикасы.

Постреквизиттері: Бизнестегі келіссөздер (ағылшын тілінде), HR менеджмент, Менеджмент және көшбасшылық.

Оқытудан күтілетін нәтижелер: А) қазіргі менеджменттің мәні мен сипатты белгілерін, оның даму тарихын білу; В) бөлімше жұмысын жоспарлау және ұйымдастыру әдістерін тәжірибеде қолдана білу; С) басқару әдістері жүйесін пайдалана отырып, тиімді шешімдер қабылдау; D) кәсіби қызметте іскерлік және басқарушылық қарым-қатынас тәсілдерін үйлестіру; E) кәсіби қызмет саласындағы менеджменттің ерекшеліктерін бағалау.

5. Модуль - Кәсіпорындағы экономика, есеп және нормалау, 28 кредит

Дублин дескрипторлары А) В) С) D) E)

Пәннің атауы: Ғылыми зерттеу әдістері

Бағдарлама авторы: Болатова Б.Ж.

Курсты оқытудың мақсаты: "Ғылыми зерттеу әдістері" пәнін оқытудың мақсаты: білім алушылардың қазіргі жағдайы мен ғылыми зерттеулерді орындау саласындағы теориялық білімдерін қалыптастыруды қамтамасыз ету; олардың бейіндік бағыты саласындағы ғылыми зерттеулерді дамыту бағыттарын түсіну болып табылады.

Пәннің қысқаша мазмұны: Оқу курсы ғылыми зерттеудің мазмұны мен әдістері туралы жүйелі түсініктерді қалыптастыруға, түрлі салаларда зерттеулер жүргізуге мүмкіндік беретін білім, дағды, технологиялар мен әдістерді игеруге бағытталған. Пән бағдарламасы ғылыми зерттеу тақырыбын, мақсаттары мен міндеттерін тұжырымдау жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды; теориялық және эксперименттік зерттеулердің әдіснамасын зерделеу; зерттеулерді талдау және тұжырымдар мен ұсыныстар беруді қамтиды. Ғылыми зерттеулердің енгізілуі мен тиімділігіне, сондай-ақ ғылыми-зерттеу және дипломдық жұмыстарды ресімдеу ережелеріне көп көңіл бөлінеді.

Пререквизиттері: Философия, Бизнес-жоспарлау, Кәсіпкерлік.

Постреквизиттері: Экономикалық талдау, Экономикадағы жасанды интеллект, Тәуекелдерді талдау және бағалау.

Оқытудан күтілетін нәтижелер: А) ғылыми зерттеудің негізгі логикалық әдістері мен әдістерін, қазіргі ғылымның әдіснамалық теориялары мен принциптерін, заманауи компьютерлік технологиялардың негізін, белгілердің тәуелділік критерийлерін және деректердің біртектілігін, параметрлердің маңыздылық критерийлерін, ең қуатты критерийлерді таңдау принциптерін білу. В) ғылыми зерттеудің әдіснамалық негіздемесін жүзеге асыра білу, ғылыми қызметтің тиімділігін бағалау, білім мен ғылымда желілік технологиялар мен мультимедияны пайдалану; С) өнімнің сапасына және өндіріс шығындарына қойылатын талаптарға байланысты критерийлердің параметрлерін тандай білу, өндіріс қажеттіліктеріне сүйене отырып зерттеу міндетін тұжырымдау, бөлу функцияларын анықтау, критерий параметрлерін негіздеу. D) ғылыми зерттеуді және оның нәтижелерін логикалық-әдіснамалық талдауды, техникалық қосымшаларда математикалық әдістерді қолдануды меңгеру E) ұйымдастыру-басқару, жобалау-конструкторлық және ғылыми-зерттеу қызметінің, құрылыс саласындағы, сондай-ақ кәсіби қызметтегі ғылыми

зерттеулер саласындағы әртүрлі шығармашылық міндеттерді іске асырудың практикалық дағдыларын игеру.

Дублин дескрипторлары А) В) С) D) E)

Пәннің атауы: Халықаралық экономика

Бағдарлама авторы: Тасмағанбетов А.Б.

Курсты оқытудың мақсаты: халықаралық бизнес тәжірибесі мен теориясын, қазіргі халықаралық істі жүргізудің және ұйымдастырудың негізін, оның ішкі және сыртқы орта компоненттерін, халықаралық бизнесті ұйымдастырудың формаларын, халықаралық бизнесті басқарудың құрылымын, халықаралық бизнесті және қауіпсіздікті қамтамасыз етудің негізгі ақпараттық аспектілерін, сонымен қатар халықаралық бизнесті сақтандыруды үйрету.

Пәннің қысқаша мазмұны: Бұл курсты оқу студенттердің халықаралық экономика бойынша теориялық білім алуы мен аналитикалық жұмыстың практикалық дағдыларын және халықаралық экономикалық процестердің дамуын болжауды қамтиды. Пәнді игеру барысында білім алушылар халықаралық экономикалық қатынастардың жұмыс жасау және даму заңдылықтарымен, әлемдік нарықтың жай-күйімен, халықаралық экономикалық қызметтің ерекшелігімен танысады, сыртқы экономикалық ынтымақтастықтың үрдістері мен перспективаларын бағалау дағдыларын меңгереді.

Пререквизиттері: Цифрлық платформадағы экономикаға кіріспе, Микро-макроэкономика.

Постреквизиттері: Экономикалық талдау, Тәуекелдерді талдау және бағалау.

Оқытудан күтілетін нәтижелер: А) халықаралық бизнестің әлсіз және күшті жақтары, табыстар мен сәтсіздіктер туралы, халықаралық бизнестің мәселелері мен мақсаттары, оның негізгі концепциялары, құқықтық базалары, В) халықаралық бизнестің өмір сүру қабілеті туралы мәліметтер береді; шаруашылық қызметті талдау жұмысын ұйымдастыру және оның қызмет ету үрдісін; С) шаруашылық қызметті талдаудың қалыптасуының және дамуының мотивтерін, шарттарын; шаруашылық қызметті талдаудың маңыздылығын кәсіби және жеке өмірде қолдану мүмкіндігін түсіну; D) Сындарлы ойлау дағдыларын шаруашылық қызметті талдау тұжырымдамалары бойынша шешім қабылдау үшін қолдану; E) Техника-экономикалық негіздеме, бизнес-жоспар және маркетинг жоспарын жасақтау.

Дублин дескрипторлары А) В) С) D) E)

Пәннің атауы: Бухгалтерлік есеп және аудит

Бағдарлама авторы: Иманбаева З.Ө.

Курсты оқытудың мақсаты: білім алушыларда бухгалтерлік есеп және аудит жүргізу әдіснамасын қолдану, қаржылық есептілікті жасау білімін, экономикалық талдау жүргізу, басқарушылық шешімдерді әзірлеу және қабылдау мүдделерінде қаржылық есепке алу ақпаратын пайдалану дағдыларын қалыптастыру болып табылады.

Пәннің қысқаша мазмұны: Пәнді оқу студенттердің бухгалтерлік есеп пен аудиттің негіздері мен жүйесі туралы білімін, мүдделі менеджерлерге басқару саласындағы шешімдерді қабылдау үшін мәліметтер мен ақпаратты ұсынудың негізгі нысаны ретінде, сондай-ақ тексеру дағдылары мен тәжірибесін алуды қалыптастырады. және қызметтер аудитіне қажетті деректерді алу. Курс сонымен қатар кәсіпорынның активтері, міндеттемелері және капиталы туралы ақпаратты жинау және қорытындылау әдістерін және қаржылық есеп беру саласындағы білімдерді зерттейді.

Пререквизиттері: Кәсіпкерлік, Кәсіпорын экономикасы.

Постреквизиттері: Экономикалық талдау, Салық және салық салу.

Оқытудан күтілетін нәтижелер: А) Бухгалтерлік есеп пен аудиттің теориялық және әдіснамалық негіздерін білу және түсіну. В) бухгалтерлік балансты жасау кезінде алған білімдерін дұрыс қолдану. С) кәсіпорынның есептік-экономикалық қызметіне байланысты мәселелерді дербес шешу қабілеті. D) қарым-қатынас саласындағы іскерліктер: материалды қолжетімді түрде ұсыну, оқылған, естігеннің мазмұнын баяндау. E) оқыту саласындағы

іскерліктер: шаруашылық қызметтің жекелеген фактілерін бухгалтерлік шоттарда дұрыс сәйкестендіру, бағалау, жіктеу және жүйелеу.

Дублин дескрипторлары А) В) С) D) E)

Пәннің атауы: Еңбекті ұйымдастыру және нормалау

Бағдарлама авторы: Балгинова К.М.

Курсты оқытудың мақсаты: Пәнді игерудің мақсаты білім алушыларда еңбекті ұйымдастыру және нормалау әдіснамасы бөлігінде теориялық білім мен практикалық дағдыларды қалыптастыру болып табылады.

Пәннің қысқаша мазмұны: Бұл пәнді игеру студенттерге еңбекті ұйымдастыру және нормалау бойынша теориялық білім мен қолданбалы дағдылар кешенін алуға мүмкіндік береді. Сондай-ақ білім алушылар еңбек тиімділігі мен оның сапасын басқару, еңбек тиімділігін бағалау әдістерін қолдану, еңбек нормативтерін ескере отырып, еңбекақы төлеу бойынша есептеулерді орындау жөніндегі білім мен дағдыларға, еңбекті ұйымдастыру жүйесін жобалау бойынша қабілеттерге ие болады.

Пререквизиттері: Еңбек экономикасы, Менеджмент теориясы мен тәжірибесі.

Постреквизиттері: Еңбек ақы төлеу, HR менеджмент.

Оқытудан күтілетін нәтижелер: А) Еңбектің ғылыми ұйымдастырылуын және еңбек үрдісі құрылымын, жұмыс уақыты шығындарын және еңбектің реттелуін үйрену әдістері, нормативтерді құрастыру тәртібі және еңбек нормаларын есептеу әдістемесін, жұмысшылар еңбегін ұйымдастыруды жетілдірудің негізгі бағыттарын, еңбек төлемін ұйымдастыру әдістерін білу; В) Нарық экономикасы жағдайында кәсіпорын шаруашылық субъекті ретінде іс-жүзінде қолданатын принцип пен механизмдерін, еңбекті ұйымдастыру әдістерін, еңбек нысандарын мөлшерлеу ерекшеліктерін, мәні мен мағынасын білу; С) Негізгі экономикалық түсінік пен терминдерін, еңбек үрдісінің негізгі элементтері мен әдістерін, еңбек уақытын бақылау, талдау әдістемеліктерін, еңбек шығынын және еңбектің өнімділігін жоғарылату әдістерін игеру; D) Жұмыс уақытын қолдану деңгейлерін талдауды және еңбекті ұйымдастырудың рациональды дәрежесін, еңбек процесін ұйымдастырудың қалыпты нұсқаларын тандауды, техникалық, экономикалық, психофизиологиялық және әлеуметтік факторлар кешені есебінен еңбектің ғылыми негізделген нормаларды белгілеу, ірілендірудің түрлі дәрежелерінің нормативтерін белгілеу, еңбекті төлеу жүйесі мен түрлі формаларын жетілдіру және қолдануды білу. E) Жұмыс уақыты шығындарын есептеу; уақыт, қызмет көрсету, жұмыскерлер саны нормативтерін, принципіалды сызбаларын әзірлеу және нормаларды есептеу; бригадалық ұйымдастыру жағдайындағы нормалауды есептеу; нормалауды басқару.

Дублин дескрипторлары А) В) С) D) E)

Пәннің атауы: Кәсіпорын экономикасы

Бағдарлама авторы: Тлеубергенова М.А.

Курсты оқытудың мақсаты: Кәсіпорынның ресурстық әлеуетін тиімді пайдалану бойынша шешімдерді негіздеу және тұжырымдарды аргументтеу, талдау жасау дағдыларын үйрену және меңгеру негізінде білім алушылардың экономикалық ой-өрісін қалыптастыру болып табылады.

Пәннің қысқаша мазмұны: Бұл курстың шеңберінде кәсіпорын экономиканың негізгі буыны ретінде қарастырылады және студенттерде кәсіпорынды басқарудың қазіргі заманғы әдістері, оның қызмет ету заңдылықтары, оның барлық қызмет түрлерін басқару туралы білімдер кешені қалыптасады. Осы пәнді оқу барысында технологиялық, техникалық және ұйымдастырушылық шешімдердің тиімділігін анықтау дағдыларын меңгеру қамтамасыз етіледі; кәсіпорында өндірістік, технологиялық, еңбек процестерін басқарудың заманауи әдістерін, технологиялары мен тәсілдерін қолдану.

Пререквизиттері: Микро-макроэкономика, Кәсіпкерлік.

Постреквизиттері: Экономикалық талдау, Салық және салық салу, Шығындарды талдау.

Оқытудан күтілетін нәтижелер: А) Кәсіпорынның қаржылық-шаруашылық қызметін реттейтін нормативтік-құқықтық базаны, кәсіпорын қызметін сипаттайтын көрсеткіштер жүйесінің негіздерін білу және түсіну; В) Кәсіпорынның ресурстарын үнемдеу тәсілдерін қолдана білуі; кәсіпорынның экономикалық қызметі бойынша алғашқы құжаттарды толтыра білуі; С) кәсіпорынның негізгі және айналым құралдарын пайдалану тиімділігін талдай білуі; кәсіпорын есептеліктерінде мазмұндалған қаржылық, бухгалтерлік және басқа да ақпаратты талдай білуі; D) Кәсіпорын қызметін жетілдіру жөніндегі жобаларды техника-экономикалық негіздеу; E) Экономикалық сипаттағы мәселелерде әлеуметтік-экономикалық критерийлерді ескере отырып оларды шешудің тәсілдерін дәйектеу.

6B04101 – ЭКОНОМИКА

3 курс

Мамандық атауы және шифры: 6B04101 - Экономика

Оқу мерзімі: 4 жыл

Қабылдау жылы: 2023

Компонент	Пән коды	Пәннің атауы	Семестр	Кредит саны КР/ECTS
6.1 Модуль - Кәсіпорын қызметін талдау (Траектория - Кәсіпорын экономикасы) (30 академиялық кредит)				
КП ЖК	ЕТ 3301	Экономикалық талдау	5	5
КП ТК	SNE3302	Салалық нарықтар экономикасы	5	5
КП ТК	ТТВ 3303	Тәуекелдерді талдау және бағалау	5	5
КП ТК	BKBS 3304	Баға қалыптастыру және баға саясаты	5	5
БП ТК	BK 3214	Бизнестегі келіссөздер (ағылшын тілінде)	5	5
КП ТК	EUN 3305	Еңбекті ұйымдастыру және нормалау	5	5
6.2 Модуль - Әлемдік шаруашылық (Траектория - Әлемдік экономика) (30 академиялық кредит)				
КП ЖК	ЕТ 3301	Экономикалық талдау	5	5
КП ТК	AMGS 3302	Әлемдік мұнай-газ саласы	5	5
КП ТК	AKN 3303	Әлемдік капитал нарығы	5	5
КП ТК	KSEK 3304	Кәсіпорынның сыртқы экономикалық қызметі	5	5

БП ТК	НМ 3214	Халықаралық менеджмент (ағылшын тілінде)	5	5
КП ТК	НЕІ 3305	Халықаралық экономикалық интеграция	5	5
7.1 Модуль -Бизнестегі жобаларды талдау және көшбасшылық (Траектория - Кәсіпорын экономикасы) (30 академиялық кредит)				
КП ЖК	ЕАТ 3306	Еңбек ақы төлеу	6	5
КП ТК	ZhT 3307	Жобаларды талдау	6	5
КП ТК	ShT 3308	Шығындарды талдау	6	5
КП ТК	УРВ 3309	Ұйымдағы персоналды басқару	6	5
БП ЖК	МК 3215	Менеджмент және көшбасшылық	6	5
БП	ОР	Өндірістік практика	6	5
7.2 Модуль -Халықаралық экономикалық қатынастар (Траектория - Әлемдік экономика (30 академиялық кредит)				
КП ЖК	ЕАТ 3306	Еңбек ақы төлеу	6	5
КП ТК	ADD 3307	Әлемдік демографиялық даму	6	5
КП ТК	АТН 3308	Әлемдік тауар нарықтары	6	5
КП ТК	НЕК 3309	Халықаралық экономикалық қатынастар	6	5
БП ЖК	МК 3215	Менеджмент және көшбасшылық	6	5
БП	ОР	Өндірістік практика	6	5

6.1 Модуль - Кәсіпорын қызметін талдау, 30 кредит

Дублин дескрипторлары А) В) С) D) E)

Пәннің атауы: Экономикалық талдау

Бағдарлама авторы: Курманалина А.А.

Курсты оқытудың мақсаты: «Экономикалық талдау» пәнін оқытудың негізгі мақсаты нарықтық қатынастар жүйесінде әрекет ететін кәсіпорындардың қаржылық-экономикалық процестерін бағалаудың, диагностикалаудың және болжаудың теориялық негіздері мен инструменталдық әдістерін зерделеу болып табылады.

Пәннің қысқаша мазмұны: Бұл пән студенттерде экономикалық талдау, оның әдістемесі, әдіснамасы мен құралдары туралы кешенді түсінік қалыптастырады. Курсты игеру барысында білім алушы кәсіпорын қызметінің өндірістік, қаржылық, инвестициялық және басқа да бағыттарын сипаттайтын экономикалық көрсеткіштерді талдау мен бағалаудың практикалық дағдыларын меңгереді; нақты жағдайдың ерекшелігін ескере отырып, оңтайлы экономикалық шешімдерді әзірлеуге және дәлелдеуге қабілетті болады.

Пререквизиттері: Бухгалтерлік есеп және аудит, Кәсіпорын экономикасы.

Постреквизиттері: Жобаларды талдау, Шығындарды талдау.

Оқытудан күтілетін нәтижелер: А) Кәсіби қызмет саласындағы міндеттерді шешу үшін қажетті деректерді жинау, өңдеу және талдау әдістерін; шаруашылық жүргізуші субъектілердің қызметін сипаттайтын көрсеткіштер жүйесін құру, есептеу және талдау

негіздерін білу; В) ақпаратты іздеуді, сыни талдауды және синтездеуді жүзеге асыра, кәсіпорын қызметіне экономикалық талдау жүргізу үшін жүйелік тәсілді қолдана білуі; С) Кәсіпорын қызметіне экономикалық талдауды жүргізу; алынған нәтижелерді талдау және мазмұнды интерпретациялау; D) кәсіпорын қызметіне экономикалық талдау жүргізу үшін жүйелі тәсілді қолдану дағдыларын; кәсіпорынның қаржы-шаруашылық қызметінің тиімділігін кешенді бағалау әдістемесін меңгеру; E) Экономикалық құбылыстар мен процестерді талдау әдістері мен тәсілдерін дәйектеу.

Дублин дескрипторлары А) В) С) D) E)

Пәннің атауы: Салалық нарықтар экономикасы

Бағдарлама авторы: Дуйсенбаева Б.Б.

Курсты оқытудың мақсаты: Пәнді зерделеудің мақсаты білім алушыларда салалық нарықтардың әрекет етуінің жалпы ерекшеліктері, олардың даму заңдылықтары мен үрдістері туралы теориялық білімдерді қалыптастыру, сондай-ақ салалық нарықтардың ағымдағы жай-күйін талдаудың практикалық дағдыларын меңгерту болып табылады.

Пәннің қысқаша мазмұны: Бұл курс білім алушыларда салалық нарық құрылымының құрылымын ашатын модельдер туралы, нарық құрылымының нарық қатысушыларының мінез-құлқына және қоғамның әл-ауқатына әсері туралы тұтас түсінік қалыптастырады, микроэкономикалық талдауды қолдану және әртүрлі нарықтық құрылымдардың тиімділігін бағалау дағдыларын дамытуға ықпал етеді. Сондай ақ студенттер салалық нарықтардың әртүрлі құрылымдары үшін негізделген шешімдерді әзірлеу бойынша қолданбалы білім мен дағдыларды меңгереді.

Пререквизиттері: Халықаралық экономика, Макроэкономика.

Постреквизиттері: Жобаларды талдау, Технологиялар және инновациялар экономикасы.

Оқытудан күтілетін нәтижелер: А) Салалық нарықтар экономикасының экономикалық категориялары мен инструменттерін; нарықтық құрылымдарды қалыптастыру заңдылықтарын білу; В) Салалық нарықтардың даму тиімділігін бағалай білуі; кәсіпорындардың, сатушылардың стратегиялық мінез-құлқының және олардың қызмет нәтижелерінің нарық ерекшеліктерінен тәуелділігін анықтай білуі; С) Микро және макродеңгейде экономикалық құбылыстарды, процестерді өзара байланыста талдау; D) Нарықтық құрылымдар мен салалық нарықтардың типтерін жүйелеу дағдыларын меңгеру; E) Салалық нарықтарды зерттеудің әдіснамалық базасын дәйектеу; салалық нарықтарды зерттеуден алынған нәтижелерді негіздеу.

Дублин дескрипторлары А) В) С) D) E)

Пәннің атауы: Тәуекелдерді талдау және бағалау

Бағдарлама авторы: Баймукашева Ж.З.

Курсты оқытудың мақсаты: Пәнді игерудің мақсаты экономикалық қызметтің түрлі салаларында және әртүрлі деңгейлерінде тәуекелдерді бағалау және басқару саласындағы теориялық, әдістемелік және практикалық білімдер мен дағдыларды меңгеру болып табылады.

Пәннің қысқаша мазмұны: Бұл пәнді оқу студенттерді тәуекелдерді талдау және бағалау бойынша білім мен дағдылар кешенімен қамтамасыз етеді. Бұл курс тәуекелдердің экономикалық мазмұнын, олардың түрлерін ашуды, тәуекелдерді сәйкестендіру әдістерімен, оларды талдау әдіснамасымен және белгісіздік жағдайында бағалау ерекшеліктерімен танысуды; білім алушылардың барабар шешімдер қабылдау, тәуекелдерді азайту, бейтараптандыру әдістері мен тәсілдерін қолдану үшін тәуекелдерді модельдеу дағдыларын игеруін қамтиды.

Пререквизиттері: Кәсіпкерлік, Кәсіпорын экономикасы.

Постреквизиттері: Жобаларды талдау, Шығындарды талдау.

Оқытудан күтілетін нәтижелер: А) Тәуекелді талдау мен бағалаудың негізгі ережелері мен қағидаттары білу; В) Тәуекелді оқиғаларды талдау және бағалау үшін заманауи техникалық

құралдар мен ақпараттық технологияны қолдана білуі; С) Негізделген ұйымдық-басқарушылық шешімдер қабылдау үшін кәсіпорындардың есептілігіндегі қаржылық, бухгалтерлік және өзге де ақпаратты талдау және түсіндіру; D) Салыстырмалы талдау және тәуекелдерді бағалау әдістерінің қолданылу дағдыларын меңгеру; E) Экономикалық тиімділік критерийлерін, тәуекелдерді және ықтимал әлеуметтік-экономикалық салдарларды бағалауды ескере отырып, оларды таңдауды негіздеу.

Дублин дескрипторлары A) B) C) D) E)

Пәннің атауы: Баға қалыптастыру және баға саясаты

Бағдарлама авторы: Ибрашева А.Ж.

Курсты оқытудың мақсаты: Пәнде мемлекеттің әр түрлі саласындағы баға саясаты мен баға қалыптасуының нарықтық механизмінің теориялық негіздері мен практикалық (сарамандық) әдістері зерделенеді. Бағаны белгілеумен байланысты сұрақтарды жан-жақты зерделеу студенттерге өте тиімді және бәсекеге жарамды, экономикалық мемлекет жүйесін құру бойынша міндеттерді оңтайлы шешу жолдарын түсінуге және меңгеруге мүмкіндік береді.

Пәннің қысқаша мазмұны: Бұл курс студенттерге баға белгілеу және баға саясаты бойынша білім мен құзыреттіліктің тұтас көрінісін және кешенін қалыптастыруға мүмкіндік береді. Курсты игеру барысында бағаның экономикалық мәнін, оның негізгі функциялары мен түрлерін қарастыру; бағаны мемлекеттік реттеудің нормативтік базасы мен қолданыстағы тәртібін зерделеу; студенттерге бағаны құрудың әртүрлі әдістері мен тәсілдерін қолдану, кәсіпорынның баға саясатын әзірлеу дағдыларын үйрету көзделеді.

Пререквизиттері: Бухгалтерлік есеп және аудит, Кәсіпорын экономикасы.

Постреквизиттері: Жобаларды талдау, Шығындарды талдау.

Оқытудан күтілетін нәтижелер: A) Баға қалыптастыру факторларының жүйесі мен олардың баға қалыптасу практикасындағы рөлін, нарық құрылымына байланысты баға қалыптастыру ерекшеліктерін білу; B) Кәсіпорын қызметінің ерекшелігін және нарық құрылымын ескере отырып кәсіпорынның баға стратегиясын анықтай алуы; C) Нақты жағдайларда кәсіпорын өніміне бағаны есептеу әдістерін талдау; D) ауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің бағасын қалыптастыру кезінде түрлі факторлардың әсерін пайдалану дағдыларын меңгеру; E) Нақты көрсеткіштерге сүйене отырып, баға деңгейін анықтау бойынша практикалық есептерде бағдарлай білу.

Дублин дескрипторлары A) B) C) D) E)

Пәннің атауы: Бизнестегі келіссөздер (ағылшын тілінде)

Бағдарлама авторы: Құдайбергенов Ж.

Курсты оқытудың мақсаты: студенттерді келіссөз жүргізу этикасының негіздерімен, келіссөздердің негізгі тәсілдерімен таныстыру; келіссөздерді жеке де, ұжымда да дайындау және өткізу қабілетіне үйрету; іскерлік қарым-қатынаста теориялық білім мен қажетті практикалық дағдыларды, оның ішінде жеке қарым-қатынас мәдениетін және нәтижелі іс-әрекетке қол жеткізу үшін ұжыммен қарым-қатынас жасау қабілетін меңгеру; талқылаудың, сендірудің негізгі әдістерімен танысу; студенттердің коммуникативтік тәжірибесін жетілдіру.

Пәннің қысқаша мазмұны: Бизнестегі келіссөздер (ағылшын тілінде) келіссөз үдерісінің негізгі міндеттерін қамтиды. Бұл курста іскери ағылшын әңгімесінің принциптері мен технологиялары, сыншылар, комплимент және іскери серіктестік психологиясының кең мәселелері, қарым-қатынастың негізгі мәселелері ашылады. Келіссөздерге және келіссөздер процесіне дайындыққа көп көңіл бөлінеді.

Пререквизиттері: Кәсіпкерлік, Менеджмент теориясы мен тәжірибесі.

Постреквизиттері: Ұйымдағы персоналды басқару, Менеджмент және көшбасшылық.

Оқытудан күтілетін нәтижелер: A) іскерлік коммуникацияның теориялық негіздері, іскерлік коммуникацияның құрылымы, функциялары, түрлері мен формалары; іскерлік

коммуникациялық технологиялар; В) іскерлік коммуникацияның этикалық нормалары мен принциптерін білу және сақтау; С) басқару тәжірибесінде іскерлік өзара әрекеттесу технологияларын қолдану; ауызша және вербалды емес байланыс құралдарын қолдану; D) іскерлік қарым-қатынас пен көпшілік алдында сөйлеуді жүзеге асыру, келіссөздер, кездесулер өткізу, іскерлік хат алмасуды жүзеге асыру және электрондық коммуникацияларды қолдау; E) топтық динамика процестерін және топ құру принциптерін білуге негізделген топтық жұмысқа тиімді қатысу мүмкіндігі.

Дублин дескрипторлары А) В) С) D) E)

Пәннің атауы: Еңбекті ұйымдастыру және нормалау

Бағдарлама авторы: Балгинова К.М.

Курсты оқытудың мақсаты: Пәнді игерудің мақсаты білім алушыларда еңбекті ұйымдастыру және нормалау әдіснамасы бөлігінде теориялық білім мен практикалық дағдыларды қалыптастыру болып табылады.

Пәннің қысқаша мазмұны: Бұл пәнді игеру студенттерге еңбекті ұйымдастыру және нормалау бойынша теориялық білім мен қолданбалы дағдылар кешенін алуға мүмкіндік береді. Сондай-ақ білім алушылар еңбек тиімділігі мен оның сапасын басқару, еңбек тиімділігін бағалау әдістерін қолдану, еңбек нормативтерін ескере отырып, еңбекақы төлеу бойынша есептеулерді орындау жөніндегі білім мен дағдыларға, еңбекті ұйымдастыру жүйесін жобалау бойынша қабілеттерге ие болады.

Пререквизиттері: Бухгалтерлік есеп және аудит, Кәсіпорын экономикасы.

Постреквизиттері: Еңбек ақы төлеу, Ұйымдағы персоналды басқару.

Оқытудан күтілетін нәтижелер: А) Еңбектің ғылыми ұйымдастырылуын және еңбек үрдісі құрылымын, жұмыс уақыты шығындарын және еңбектің реттелуін үйрену әдістері, нормативтерді құрастыру тәртібі және еңбек нормаларын есептеу әдістемесін, жұмысшылар еңбегін ұйымдастыруды жетілдірудің негізгі бағыттарын, еңбек төлемін ұйымдастыру әдістерін білу; В) Нарық экономикасы жағдайында кәсіпорын шаруашылық субъекті ретінде іс-жүзінде қолданатын принцип пен механизмдерін, еңбекті ұйымдастыру әдістерін, еңбек нысандарын мөлшерлеу ерекшеліктерін, мәні мен мағынасын білу; С) Негізгі экономикалық түсінік пен терминдерін, еңбек үрдісінің негізгі элементтері мен әдістерін, еңбек уақытын бақылау, талдау әдістемеліктерін, еңбек шығынын және еңбектің өнімділігін жоғарылату әдістерін игеру; D) Жұмыс уақытын қолдану деңгейлерін талдауды және еңбекті ұйымдастырудың рациональды дәрежесін, еңбек процесін ұйымдастырудың қалыпты нұсқаларын таңдауды, техникалық, экономикалық, психофизиологиялық және әлеуметтік факторлар кешені есебінен еңбектің ғылыми негізделген нормаларды белгілеу, ірілендірудің түрлі дәрежелерінің нормативтерін белгілеу, еңбекті төлеу жүйесі мен түрлі формаларын жетілдіру және қолдануды білу. E) Жұмыс уақыты шығындарын есептеу; уақыт, қызмет көрсету, жұмыскерлер саны нормативтерін, принципіалды сызбаларын әзірлеу және нормаларды есептеу; бригадалық ұйымдастыру жағдайындағы нормалауды есептеу; нормалауды басқару.

6.2 Модуль - Әлемдік шаруашылық, 30 кредит

Дублин дескрипторлары А) В) С) D) E)

Пәннің атауы: Экономикалық талдау

Бағдарлама авторы: Курманалина А.А.

Курсты оқытудың мақсаты: «Экономикалық талдау» пәнін оқытудың негізгі мақсаты нарықтық қатынастар жүйесінде әрекет ететін кәсіпорындардың қаржылық-экономикалық процестерін бағалаудың, диагностикалаудың және болжаудың теориялық негіздері мен инструменталдық әдістерін зерделеу болып табылады.

Пәннің қысқаша мазмұны: Бұл пән студенттерде экономикалық талдау, оның әдістемесі, әдіснамасы мен құралдары туралы кешенді түсінік қалыптастырады. Курсты игеру барысында білім алушы кәсіпорын қызметінің өндірістік, қаржылық, инвестициялық және басқа да бағыттарын сипаттайтын экономикалық көрсеткіштерді талдау мен бағалаудың практикалық дағдыларын меңгереді; нақты жағдайдың ерекшелігін ескере отырып, оңтайлы экономикалық шешімдерді әзірлеуге және дәлелдеуге қабілетті болады.

Пререквизиттері: Бухгалтерлік есеп және аудит, Кәсіпорын экономикасы.

Постреквизиттері: Әлемдік тауар нарықтары, Халықаралық экономикалық қатынастар.

Оқытудан күтілетін нәтижелер: А) Кәсіби қызмет саласындағы міндеттерді шешу үшін қажетті деректерді жинау, өңдеу және талдау әдістерін; шаруашылық жүргізуші субъектілердің қызметін сипаттайтын көрсеткіштер жүйесін құру, есептеу және талдау негіздерін білу; В) ақпаратты іздеуді, сыни талдауды және синтездеуді жүзеге асыра, кәсіпорын қызметіне экономикалық талдау жүргізу үшін жүйелік тәсілді қолдана білуі; С) Кәсіпорын қызметіне экономикалық талдауды жүргізу; алынған нәтижелерді талдау және мазмұнды интерпретациялау; D) кәсіпорын қызметіне экономикалық талдау жүргізу үшін жүйелі тәсілді қолдану дағдыларын; кәсіпорынның қаржы-шаруашылық қызметінің тиімділігін кешенді бағалау әдістемесін меңгеру; Е) Экономикалық құбылыстар мен процестерді талдау әдістері мен тәсілдерін дәйектеу.

Дублин дескрипторлары А) В) С) D) Е)

Пәннің атауы: Әлемдік мұнай-газ саласы

Бағдарлама авторы: Тасмаганбетов А.Б.

Курсты оқытудың мақсаты: білім алушылардың теориялық білім жүйесін меңгеруі болып табылады.

Пәннің қысқаша мазмұны: Бұл пәнде экономика мен сыртқы энергетикалық саясат ажырамас байланыста қарастырылады. Берілген курс әлемдік мұнай-газ нарықтарының дамуына тарихи шолу береді. Әлемдік мұнай-газ саласын зерттеудің негізгі әдіснамалық тәсілдерін көрсетеді. Пән мемлекеттердің сыртқы саясатындағы энергетиканың рөліне әсер ететін әртүрлі факторларды жан-жақты талдауды ұсынады.

Пререквизиттері: Халықаралық экономика, Макроэкономика.

Постреквизиттері: Әлемдік тауар нарықтары, Халықаралық экономикалық қатынастар.

Оқытудан күтілетін нәтижелер: А) Әлемдік және қазақстандық нарықтардағы бағалар конъюнктурасына әртүрлі саяси, экономикалық және технологиялық факторлардың әсері туралы түсінікке ие болу; В) Қазақстандық және әлемдік экономиканың даму үрдістерін білу; С) Мұнай мен газдың, мұнай мен газды өндіру мен тұтынудың әлемдік және отандық қорлары бойынша анықтамалық деректерді пайдалана білу; D) Ақпарат көздерін талдауды, анықтамалық материалды меңгеру және оларды практикалық жұмыста қолдану; Е) Мұнай барлау және мұнай өндіру мақсаттары үшін нәтижелі материалдарды түсіну және пайдалану.

Дублин дескрипторлары А) В) С) D) Е)

Пәннің атауы: Әлемдік капитал нарығы

Бағдарлама авторы: Тасмаганбетов А.Б.

Курсты оқытудың мақсаты: Пәнді оқытудың мақсаты әлемдік қаржы нарықтары мен халықаралық қаржы институттарының жұмыс істеуі саласында теориялық білім мен практикалық дағдыларды қалыптастыру, қаржылық қатынастар саласындағы практикалық қызметте шешімдер қабылдау кезінде құзыретті тәсілге ықпал ететін экономикалық ойлауды тұжырымдау болып табылады.

Пәннің қысқаша мазмұны: Берілген курс әлемдік капитал нарығының жұмыс істеуін, шетелдік капиталды инвестициялауды жүзеге асырудың негізгі тәсілдерін, шетелдік инвестицияларды тарту және реттеу саласындағы ҚР заңнамасының негіздерін қарастырады. Бұл пән білім алушылардың иелігіне әлемдік капитал нарықтарының динамикасын одан әрі дербес қадағалауға, олардың жай-күйін талдау бойынша дербес сараптамалық жұмыс

жүргізуге, инвестициялау тәуекелдерін бағалауға мүмкіндік беретін қажетті білім деңгейін береді.

Пререквизиттері: Халықаралық экономика, Макроэкономика.

Постреквизиттері: Әлемдік демографиялық даму, Әлемдік тауар нарықтары, Халықаралық экономикалық қатынастар.

Оқытудан күтілетін нәтижелер: А) халықаралық қаржы нарықтарының теориялық негіздерін білу; В) қазіргі заманғы халықаралық қаржы қатынастары жүйесінде бағдарлай білу; с) әлемдік капитал нарығын зерттеудің өзектілігін, теориялық және практикалық маңыздылығын негіздеу; D) әлемдік капитал нарығы бойынша ақпарат алудың отандық және шетелдік көздерін пайдалану; Е) әлемдік капитал нарығы саласында отандық және шетелдік ақпарат көздерін талдау әдістерін меңгеру.

Дублин дескрипторлары А) В) С) D) Е)

Пәннің атауы: Кәсіпорынның сыртқы экономикалық қызметі

Бағдарлама авторы: Тасмағанбетов А.Б.

Курсты оқытудың мақсаты: Пәнді оқытудың мақсаты білім алушылардың кәсіпорындардың сыртқы экономикалық қызметті жүргізуінің негізгі қағидаттарын, әдістері мен техникасын меңгеруі болып табылады.

Пәннің қысқаша мазмұны: Бұл курсты игеру студенттерге СЭҚ туралы тұтас түсінік қалыптастыруға және кәсіпорынның СЭҚ жүргізу дағдыларын сіңіруге мүмкіндік береді. Пәнді оқу барысында СЭҚ нысандары мен түрлері, компаниялардың сыртқы нарықтарға шығуының негізгі кезеңдерінің сипаттамасы қарастырылады. Сондай-ақ білім алушылардың СЭҚ қамтамасыз ететін құжаттармен жұмыс істеу дағдыларын дамытуға, оның экономикалық тиімділігін бағалау әдістерін қолдануға көңіл бөлінеді.

Пререквизиттері: Халықаралық экономика, Кәсіпорын экономикасы.

Постреквизиттері: Сыртқы экономикалық қызметті кедендік реттеу, Сыртқы экономикалық қызметтегі инвестициялық талдау.

Оқытудан күтілетін нәтижелер: А) кәсіпорынның сыртқы экономикалық қызметінің экономикалық мәні мен функцияларын білу; В) кәсіпорынның сыртқы экономикалық қызметіне, оның тиімділігіне талдау жүргізу; С) шетелдік нысаналы нарықтың жай-күйін талдау және ондағы кәсіпорынның артықшылығын бағалау; D) сыртқы экономикалық келісімшартты дайындау және ресімдеу дағдыларын меңгеру; Е) тауарлардың «сатып алу-сату» халықаралық келісімшартының құрылымына негіздеу.

Дублин дескрипторлары А) В) С) D) Е)

Пәннің атауы: Халықаралық менеджмент (ағылшын тілінде)

Бағдарлама авторы: Құдайбергенов Ж.Б.

Курсты оқытудың мақсаты: Пәнді оқытудың мақсаты халықаралық ұйымдарды басқару саласында қажетті білімдер мен іскерліктерді қалыптастыру, олардың халықаралық ұйымдағы бірлескен қызметінде і адамдардың мінез-құлқын басқару жүйесін құру тәсілдері мен құралдарын меңгеру.

Пәннің қысқаша мазмұны: Бұл курс білім алушыларда халықаралық менеджмент бойынша жүйеленген білім мен дағдыларды қалыптастыруға бағытталған. Пәнді игеру барысында халықаралық бизнестің жұмыс істеуі мен дамуының ерекшелігі, бағыты мен сипаты қарастырылады, басқару жүйесінің ерекшеліктері, халықаралық менеджмент функциялары ашылады. Студенттер компанияның ұйымдық құрылымын бағалау және тиімділігін арттыру, кәсіпорынның халықаралық белсенділігін модельдеу, басқарудың заманауи әдістері мен технологияларын қолдану дағдыларын игереді.

Пререквизиттері: Менеджмент теориясы мен тәжірибесі, Халықаралық экономика.

Постреквизиттері: Әлемдік демографиялық даму, Менеджмент және көшбасшылық.

Оқытудан күтілетін нәтижелер: А) халықаралық менеджменттің ерекшеліктерін, халықаралық компанияларды басқарудың ұйымдық құрылымдарын білу; В) халықаралық

компанияның ұйымдық құрылымын жобалау; С) халықаралық компанияда менеджердің жеке және топтық жұмыс техникасын пайдалану; D) халықаралық компаниялар жұмысының қаржылық тиімділігін бағалау; E) жобалық шешімдерді қабылдаудың командалық әдістерінің технологиясын меңгеру.

Дублин дескрипторлары: A) B) C) D) E)

Пәннің атауы: Халықаралық экономикалық интеграция

Бағдарлама авторы: Тасмаганбетов А.Б.

Курсты оқытудың мақсаты: білім алушыларда ХЭҚ нысандарының бірі ретінде халықаралық экономикалық интеграция туралы тұтас жүйелік түсінікті қалыптастыру.

Пәннің қысқаша мазмұны: Пән жалпы халықаралық экономиканың өсуіне, нарықтар мен елдердің ынтымақтастығына әкелетін әлемдік шаруашылықтағы бірлестіктерді зерттеуді қамтиды. Ұлттандырудың әртүрлі деңгейлеріндегі бірлескен өндіріс, жаһандық тенденциялар, әлемдік экономикалық кооперацияның қалыптасу тарихы, интеграциялық процестердің заманауи формалары мен әдістері секілді құбылыстар зерттеледі. Сондай-ақ дүниежүзілік экономикалық кеңістіктегі негізгі интеграциялық процестер қарастырылады, халықаралық экономикалық интеграцияның басты проблемалары мен перспективалары атап өтіледі.

Пререквизиттері: Халықаралық экономика, Макроэкономика.

Постреквизиттері: Әлемдік тауар нарықтары, Халықаралық экономикалық қатынастар.

Оқытудан күтілетін нәтижелер: A) халықаралық экономикалық интеграцияның теориялық негіздерін; интеграцияның алғышарттары мен мәнін білу; B) халықаралық экономикалық интеграцияның қазіргі жай-күйін, оның проблемаларын, әлеуеті мен тетіктерін сенімді бағдарлай білу; C) интеграцияның өңірлік экономикалық қатынастарға, халықаралық экономикалық өзара іс-қимылға және осындай бірлестіктерге қатысушы жекелеген елдердің экономикасына әсер ету дәрежесін бағалау; D) өңірлік деңгейде экономикалық интеграцияның дамуы туралы ақпаратты өз бетінше зерделеу, түсіндіру және; E) халықаралық экономикалық интеграция процестеріне елдердің қатысу перспективалары мен үрдістерін бағалаудың қазіргі заманғы әдістері мен тәсілдерін пайдалану.

7.1 Модуль -Бизнестегі жобаларды талдау және көшбасшылық, 30 кредит

Дублин дескрипторлары: A) B) C) D) E)

Пәннің атауы: Еңбек ақы төлеу

Бағдарлама авторы: Тасмаганбетова С.Ж.

Курсты оқытудың мақсаты: Қазіргі экономика жағдайындағы еңбек ақы төлеуді ұйымдастырудың жаңа формалары мен жүйелерін, еңбек ақы категориясының әлеуметтік-экономикалық мәнін, ролін игеру.

Пәннің қысқаша мазмұны: Ұсынылған пәннің тақырыптары еңбекке ақы төлеуді ұйымдастыру мәселелерін ашады. Курс еңбекке ақы төлеудің тарифтік әдістемесінің, жұмыскерлерге сыйақы беруді қалыптастыру, еңбекке ақы төлеу формалары мен жүйелерінің толық сипаттамасын мазмұндайды. Басшылардың, мамандар мен қызметкерлердің еңбектеріне ақы төлеу ерекшеліктері сипатталған. Отандық және шетелдік кәсіпорындарда еңбекке ақы төлеу жүйелерін дамыту міндеттері зерттеледі. Курс грейдинг технологиясын сипаттайды, Компенсациялық пакетті қалыптастыру мәселелеріне, оның құрылымы мен функцияларына, сондай-ақ кәсіпорынның көңіл бөлінеді.

Пререквизиттері: Кәсіпорын экономикасы, Еңбекті ұйымдастыру және нормалау.

Постреквизиттері: Кәсіпорын қызметін жоспарлау, Стратегиялық жоспарлау және болжамдау.

Оқытудан күтілетін нәтижелер: A) еңбек ақы категориясының әлеуметтік-экономикалық мәні; еңбек ақы категориясының атқаратын функциялары; еңбек ақы түрлері, формалары, жүйелері; еңбек ақы қоры; негізгі және қосымша еңбек ақы элементтері; еңбек ақы қорын

жоспарлау әдістері; еңбек ақы төлеуді ұйымдастырудың шетелдік тәжірибесі; тарифтік жүйе элементтері. В) Білуі және қолдануға: еңбек ақы категориясының нарықтық сипатын және формаларын; еңбек ақының нақты және номиналды түрлерін және оларды талдау; орташа еңбек ақының функцияларын; С) ҚР-ның «Еңбек Кодексіне» сәйкес негізгі және қосымша еңбек ақы төлеу заңдылықтарын; еңбек ақы төлеуді ұйымдастырудың пайдаға қатысуын, «өзгермелі оклад» түрлерін. D) Дағдылануға: еңбек ақының кесімді және мерзімді формалары және оны пайдалану; қосымша және үстемелерді анықтау және оны төлеу заңдылықтарын; Е) еңбек ақы төлеуді ұйымдастырудың американдық, жапондық, шведтік үлгідегі модельдерінің ерекшеліктерін; біртұтас тарифтік тор элементтерін және оны пайдалану; сый ақы түрлерінің жүйесін.

Дублин дескрипторлары: А) В) С) D) E)

Пәннің атауы: Жобаларды талдау

Бағдарлама авторы: Дуйсенбаева Б.Б.

Курсты оқытудың мақсаты: нарық жағдайындағы кәсіпорында ұтымды қаржылық саясаттың жүргізілуін қамтамасыз етіп, инвестициялық тартымдылығын арттыру және білім алушыларды инвестициялық жобаны талдау негіздеріне үйрету.

Пәннің қысқаша мазмұны: Курстың мазмұны жобаны талдаудың маңызды теориялық және әдістемелік мәселелерін, сонымен қатар практикалық іске асырудың нәтижелерін қамтиды. Инвестициялық қызметтің ұзақ мерзімді мақсаттары зерттеледі. Негізгі назар жобаға дейінгі қызметті дамытуға, жобаны басқаруды ұйымдастыруға және ұйымдар мен фирмалардың инвестициялық қызметін талдауға беріледі.

Пререквизиттері: Экономикалық талдау, Тәуекелдерді талдау және бағалау.

Постреквизиттері: Технологиялар және инновациялар экономикасы, Стратегиялық жоспарлау және болжамдау.

Оқытудан күтілетін нәтижелер: А) қаржылық құжаттарды интерпретациялау; В) қаржылық қызметті бағалау әдістемелерін меңгеру; С) инвестициялық шешімдерді қабылдау және инвестициялық жобаларды басқару мен стандарттық әдістерді құрастыру; D) капитал құрылымын басқару және оның табыстылығын бағалау; Е) компанияны қайта құру мәселелерін шешумен қаржылық мәселелерін табу.

Дублин дескрипторлары: А) В) С) D) E)

Пәннің атауы: Шығындарды талдау

Бағдарлама авторы: Дуйсенбаева Б.Б.

Курсты оқытудың мақсаты: өндіріс шығындарын жоспарлау, калькуляция мен кәсіпорын өнімін жоспарлаудың кешенді жүйесін қалыптастыру бойынша теориялық білім мен практикалық дағдыларды қалыптастыру болып табылады.

Пәннің қысқаша мазмұны: Пән заманауи кәсіпорында шығындарды есепке алу, талдау тәртібін және басқару жүйесін қарастырады. шығындар түсінігі, жіктелуі анықталған. шығындарды қаржылық және басқарушылық есепке алуды жүргізу тәртібі зерттеледі. Өнімнің өзіндік құнын калькуляциялау және есептеу әдістері, сондай-ақ өндірілетін өнім сапасын, техника қауіпсіздігін және персонал еңбегінің әлеуметтік жағдайларын төмендетпей кәсіпорын шығындарының деңгейін төмендетуге ықпал ететін шаралар келтірілген.

Пререквизиттері: Экономикалық талдау, Тәуекелдерді талдау және бағалау.

Постреквизиттері: Стратегиялық жоспарлау және болжамдау, Бизнес-аналитика.

Оқытудан күтілетін нәтижелер: А) кәсіпорын шығыстарының, шығындарының негізгі айырмашылықтарын кәсіпорын шығындары жіктемесінің негізгі белгілерін білу; В) бөлімшенің материалдық ресурстар мен персоналға қажеттілігін бағалай және жоспарлай алу; С) шығындарды кәсіпорынның мақсаттарына сәйкес жіктеу; өнімнің өзіндік құнының калькуляциясын жасау; D) кәсіпорынның қызметіне және ұйымның процестеріне, оның ресурстық қамтамасыз етілуіне қойылатын толық және түпкілікті талаптардың мәліметтері

мен деректерін, құжаттамасын жинау, талдау, жүйелеу; Е) өзіндік құнды калькуляциялаудың әртүрлі тәсілдерін; әртүрлі жүйелерді пайдалана отырып, шығындарды калькуляциялау алгоритмін; әдістермен жанама шығындарды бөлу дағдыларын меңгеру.

Дублин дескрипторлары: А) В) С) D) E)

Пәннің атауы: Ұйымдағы персоналды басқару

Бағдарлама авторы: Тасмағанбетова С.Ж.

Курсты оқытудың мақсаты: Білім алушыларға кәсіпорын менеджерлерге және кез келген деңгейдегі басшылық қызметпен айналысатын мамандарға қажетті кадр саясаты облысында дұрыс шешім қабылдау, персоналды басқару мәселелеріне байланысты тереңірек білім беру болып табылады.

Пәннің қысқаша мазмұны: Берілген курс персоналмен тиімді жұмысты ұйымдастыру арқылы компанияны басқару мүмкіндіктері туралы көріністі кеңейтуге мүмкіндік береді. Пән тәжірибеге бағдарланған сипатта және персонал-менеджменттің әдіснамалық аспектілерімен қатар қазіргі заманғы кадрлық технологияларды ұйымдастырумен және жүргізумен байланысты көптеген мәселелерді мазмұндайды. Пән мазмұны кадрлық менеджменттің негізгі сұрақтары мен әлеуметтік менеджмент элементтерін енгізеді.

Пререквизиттері: Менеджмент теориясы мен тәжірибесі, Бизнестегі келіссөздер (ағылшын тілінде)

Постреквизиттері: Менеджмент және көшбасшылық, Кәсіпорын қызметін жоспарлау.

Оқытудан күтілетін нәтижелер: А) персоналдың қызметі туралы; персоналды оқыту әдістері туралы түсінікке ие болу; в) персоналды басқару мәселелерін реттейтін заңнамалық актілерді; еңбек нәтижелілігін ынталандыру әдістерін білу және пайдалана білу; с) дағдыларға ие болу: Жұмыс орнын талдау және құрастыру; кадрларды іріктеу, қабылдау және іріктеу; D) кадрлардың, кадр қызметтерінің ауысымдылығын бағалау; персоналды оқыту; E) персоналды дамытуды басқарудың қазіргі заманғы технологияларын меңгеру.

Дублин дескрипторлары: А) В) С) D) E)

Пәннің атауы: Менеджмент және көшбасшылық

Бағдарлама авторы: Сұлтамұратова Н.Б.

Курсты оқытудың мақсаты: білім алушыларда менеджмент және көшбасшылық саласында теориялық білім кешенін қалыптастыру; команда құрудың практикалық дағдыларын және басқарудың негізгі функциялары мен әдістерін іске асыруды үйрету, сондай-ақ әртүрлі қызмет салаларындағы заманауи ұйымдарда тиімді басшылық жасау үшін көшбасшылық қасиеттерді жетілдіру.

Пәннің қысқаша мазмұны: Бұл курс басқару мен көшбасшылық жөнінде білімдер кешені мен көшбасшылық дағдыларды қалыптастырады. Пәнді игеру барысында менеджмент пен көшбасшылық теориясы, басқару әдістері мен функциялары, басшылық пен билік стилдері, көшбасшылық қызметтің заңдылықтары мен оны жүзеге асырудың механизмдері, команда құру және коммуникация, басқарушылық шешімдер, мотивация, жанжалдарды және өзгерістерді басқару, көшбасшы имиджі сұрақтары қарастырылады.

Пререквизиттері: Менеджмент теориясы мен тәжірибесі, Бизнестегі келіссөздер (ағылшын тілінде).

Постреквизиттері: Кәсіпорын қызметін жоспарлау, Ұйымдағы персоналды басқару.

Оқытудан күтілетін нәтижелер: А) қазіргі менеджмент пен көшбасшылықты дамытудың негізгі процестері мен бағыттарының білімін көрсетеді және мәнін түсінеді; B) көшбасшылық пен биліктің теорияларын, принциптері мен негіздерін, сондай-ақ менеджментте көшбасшылық қасиеттерді қалыптастыру, дамыту және жетілдіру дағдыларын қолдана алады; C) менеджмент функцияларын жүзеге асырудың тиімді формаларын, әдістері мен технологияларын және ұйымдағы нақты ситуацияға сәйкес келетін көшбасшылық стилін таңдай алады; D) стратегиялық және оперативті басқарушылық міндеттерін шешу үшін тиімді коммуникация, командалық білім беру дағдыларын меңгеру; E) басқарушылық

шешімдердің әр нұсқасының тиімділігін ресурстарды пайдаланудың күтілетін деңгейі мен күтілетін құндылық арасындағы байланыс ретінде бағалайды.

7.2 Модуль -Халықаралық экономикалық қатынастар, 30 кредит

Дублин дескрипторлары: А) В) С) D) E)

Пәннің атауы: Еңбек ақы төлеу

Бағдарлама авторы: Тасмағанбетова С.Ж.

Курсты оқытудың мақсаты: Қазіргі экономика жағдайындағы еңбек ақы төлеуді ұйымдастырудың жаңа формалары мен жүйелерін, еңбек ақы категориясының әлеуметтік-экономикалық мәнін, ролін игеру.

Пәннің қысқаша мазмұны: Ұсынылған пәннің тақырыптары еңбекке ақы төлеуді ұйымдастыру мәселелерін ашады. Курс еңбекке ақы төлеудің тарифтік әдістемесінің, жұмыскерлерге сыйақы беруді қалыптастыру, еңбекке ақы төлеу формалары мен жүйелерінің толық сипаттамасын мазмұндайды. Басшылардың, мамандар мен қызметкерлердің еңбектеріне ақы төлеу ерекшеліктері сипатталған. Отандық және шетелдік кәсіпорындарда еңбекке ақы төлеу жүйелерін дамыту міндеттері зерттеледі. Курс грейдинг технологиясын сипаттайды, Компенсациялық пакетті қалыптастыру мәселелеріне, оның құрылымы мен функцияларына, сондай-ақ кәсіпорынның көңіл бөлінеді.

Пререквизиттері: Кәсіпорын экономикасы, Кәсіпорынның сыртқы экономикалық қызметі.

Постреквизиттері: Кәсіпорын қызметін жоспарлау, Сыртқы экономикалық қызметтегі инвестициялық талдау.

Оқытудан күтілетін нәтижелер: А) еңбек ақы категориясының әлеуметтік-экономикалық мәні; еңбек ақы категориясының атқаратын функциялары; еңбек ақы түрлері, формалары, жүйелері; еңбек ақы қоры; негізгі және қосымша еңбек ақы элементтері; еңбек ақы қорын жоспарлау әдістері; еңбек ақы төлеуді ұйымдастырудың шетелдік тәжірибесі; тарифтік жүйе элементтері. В) Білуі және қолдануға: еңбек ақы категориясының нарықтық сипатын және формаларын; еңбек ақының нақты және номиналды түрлерін және оларды талдау; орташа еңбек ақының функцияларын; С) ҚР-ның «Еңбек Кодексіне» сәйкес негізгі және қосымша еңбек ақы төлеу заңдылықтарын; еңбек ақы төлеуді ұйымдастырудың пайдаға қатысуын, «өзгермелі оклад» түрлерін. D) Дағдылануға: еңбек ақының кесімді және мерзімді формалары және оны пайдалану; қосымша және үстемелерді анықтау және оны төлеу заңдылықтарын; E) еңбек ақы төлеуді ұйымдастырудың американдық, жапондық, шведтік үлгідегі модельдерінің ерекшеліктерін; біртұтас тарифтік тор элементтерін және оны пайдалану; сый ақы түрлерінің жүйесін.

Дублин дескрипторлары: А) В) С) D) E)

Пәннің атауы: Әлемдік демографиялық даму

Бағдарлама авторы: Тасмағанбетова С.Ж.

Курсты оқытудың мақсаты: студенттерді демографиялық көрсеткіштерді есептеуге және талдауда қолдануға, осы саладағы жағдайға кешенді бағалау жасауды үйрету болып табылады.

Пәннің қысқаша мазмұны: Пән демографиялық зерттеулердің теориясы мен әдістемесін үйренуге, халықтың өсу заңдылықтарын тануға, қазіргі әлемдік демографиялық жағдаймен және оның мәселелерімен танысуға бағытталған. Жалпы әлемнің де, Қазақстанның да қазіргі демографиялық дамуының барлық негізгі заңдылықтары қарастырылады.

Пререквизиттері: Әлемдік мұнай-газ саласы, Әлемдік капитал нарығы.

Постреквизиттері: Халықаралық валюталық-несиелік қатынастар, Халықаралық көлік саясаты.

Оқытудан күтілетін нәтижелер: А) демографиялық саясатты жүргізудің негізгі бағыттарын білу; В) ҚР және басқа елдердің қазіргі демографиялық жағдайын сипаттай білу; С) демографиялық болжамдарды жасау; D) демография саласында экономикалық білім

негіздерін пайдалану; Е) демографиялық саясатты жүргізуде еркін бағдарлануға мүмкіндік беретін дағдыларды меңгеру.

Дублин дескрипторлары: А) В) С) D) E)

Пәннің атауы: Әлемдік тауар нарықтары

Бағдарлама авторы: Тасмағанбетова С.Ж.

Курсты оқытудың мақсаты: қазіргі заманғы әдіснамалық тәсілдерді зерделеу және студенттерде соңғы халықаралық ақпараттық дереккөздер мен бағдарламаларды пайдалана отырып, конъюнктураны талдау және әлемдік экономиканы болжау бойынша практикалық дағдыларды қалыптастыру.

Пәннің қысқаша мазмұны: Бұл курс студенттердің әлемдік тауар нарықтары туралы кешенді түсініктерін қалыптастыруға арналған. Осы пән шеңберінде халықаралық тауар алмасудың мәні мен ерекшеліктері ашылады, нарық конъюнктурасын сипаттайтын көрсеткіштер зерттеледі; халықаралық баға белгілеудің әдіснамасы мен тенденциялары қарастырылады. Сондай-ақ білім алушылар халықаралық нарықтарда болып жатқан экономикалық процестерді талдау, нарықтық тәуекелдерді мониторингілеу және бағалау дағдыларын меңгереді.

Пререквизиттері: Әлемдік мұнай-газ саласы, Әлемдік капитал нарығы.

Постреквизиттері: Сыртқы экономикалық қызметті кедендік реттеу, Халықаралық көлік саясаты.

Оқытудан күтілетін нәтижелер: А) тауар нарықтарының функциялары, типологиясы мен құрылымы; тауар нарықтарының мазмұны, конъюнктуралық талдау және болжамдау бағыттары мен көрсеткіштерін білу; В) жергілікті тауар нарықтарының конъюнктурасын зерделеу және олардың даму үрдістері мен перспективаларын анықтау үшін талдамалық деректерді жинауды және өңдеуді жүзеге асыру; С) нарықтық конъюнктураның түрлі параметрлері туралы деректер жинауға арналған нысандарды әзірлеу; D) кәсіпорындағы тауар нарықтарының конъюнктурасын талдау мен болжаудың зерделенген әдістерін іс жүзінде пайдалану; Е) экономикалық конъюнктура көрсеткіштерін есептеу әдістемесін; әлемдік тауар нарығының конъюнктурасын болжау әдістерін меңгеру.

Дублин дескрипторлары: А) В) С) D) E)

Пәннің атауы: Халықаралық экономикалық қатынастар

Бағдарлама авторы: Тасмағанбетов А.Б.

Курсты оқытудың мақсаты: білім алушыларда халықаралық экономикалық қатынастардың формалары мен эволюциясы туралы теориялық білімдерін және әлемдік экономиканың жаһандануы жағдайында әлемдік экономикалық қатынастардағы күрделі құбылыстарды талдаудың практикалық дағдыларын қалыптастыру.

Пәннің қысқаша мазмұны: Берілген курс халықаралық экономикалық қатынастардың (ХЭҚ) заманауи жүйесінің негізгі мәселелері бойынша құзыреттіліктерді қалыптастырады. ХЭҚ формалары мен көрінуі; өндіріс факторларының халықаралық қозғалысының теориялары мен әдіснамалық сұрақтары зерттеледі. Капиталдың әлемдік қозғалысы, трансұлттық корпорациялардың қызметі; халықаралық сауда ағындары; халықаралық валюталық-қаржылық қатынастар мәселелері қарастырылады. Төлем және есептік халықаралық баланстар; жұмыс күшінің халықаралық нарығы түсініктерінің мазмұны ашылады.

Пререквизиттері: Халықаралық экономика, Халықаралық экономикалық интеграция.

Постреквизиттері: Халықаралық валюталық-несиелік қатынастар, Халықаралық көлік саясаты.

Оқытудан күтілетін нәтижелер: А) қазіргі заманғы халықаралық экономикалық қатынастар жүйесін және олардың негізгі нысандарын, халықаралық сауданың негізгі теорияларын, халықаралық экономикалық қатынастарды мемлекеттік және мемлекетаралық реттеу әдістерін, Қазақстан экономикасының әлемдік экономикаға кірігуінің негізгі

проблемаларын білуі тиіс; В) халықаралық экономикалық қатынастардың әртүрлі салалары бойынша ұлттық және халықаралық экономикалық ұйымдардың жарияланымдары негізінде әлемдік шаруашылық байланыстардың жай-күйі туралы статистикалық деректерді іріктеуді жүзеге асыра білуі тиіс; С) халықаралық экономикалық қатынастар субъектілерінің сыртқы экономикалық қызметке қатысуының орындылығы мен тиімділігіне талдау жүргізу үшін халықаралық экономикалық қатынастарды дамытудың нысандары мен бағыттары туралы білім жүйесін пайдалану; D) әлемдік экономикада болып жатқан процестерді талдау, олардың болашақта дамуын болжау; E) кәсіптік қызметте ұғымдық-категориялық аппаратты, гуманитарлық және әлеуметтік ғылымдардың негізгі заңдарын қолдану.

Дублин дескрипторлары: А) В) С) D) E)

Пәннің атауы: Менеджмент және көшбасшылық

Бағдарлама авторы: Сұлтамұратова Н.Б.

Курсты оқытудың мақсаты: білім алушыларда менеджмент және көшбасшылық саласында теориялық білім кешенін қалыптастыру; команда құрудың практикалық дағдыларын және басқарудың негізгі функциялары мен әдістерін іске асыруды үйрету, сондай-ақ әртүрлі қызмет салаларындағы заманауи ұйымдарда тиімді басшылық жасау үшін көшбасшылық қасиеттерді жетілдіру.

Пәннің қысқаша мазмұны: Бұл курс басқару мен көшбасшылық жөнінде білімдер кешені мен көшбасшылық дағдыларды қалыптастырады. Пәнді игеру барысында менеджмент пен көшбасшылық теориясы, басқару әдістері мен функциялары, басшылық пен билік стилдері, көшбасшылық қызметтің заңдылықтары мен оны жүзеге асырудың механизмдері, командақұру және коммуникация, басқарушылық шешімдер, мотивация, жанжалдарды және өзгерістерді басқару, көшбасшы имиджі сұрақтары қарастырылады.

Пререквизиттері: Менеджмент теориясы мен тәжірибесі, Халықаралық менеджмент (ағылшын тілінде).

Постреквизиттері: Кәсіпорын қызметін жоспарлау, Дипломатиялық және консулдық қызмет.

Оқытудан күтілетін нәтижелер: А) қазіргі менеджмент пен көшбасшылықты дамытудың негізгі процестері мен бағыттарының білімін көрсетеді және мәнін түсінеді; В) көшбасшылық пен биліктің теорияларын, принциптері мен негіздерін, сондай-ақ менеджментте көшбасшылық қасиеттерді қалыптастыру, дамыту және жетілдіру дағдыларын қолдана алады; С) менеджмент функцияларын жүзеге асырудың тиімді формаларын, әдістері мен технологияларын және ұйымдағы нақты ситуацияға сәйкес келетін көшбасшылық стилін таңдай алады; D) стратегиялық және оперативті басқарушылық міндеттерін шешу үшін тиімді коммуникация, командалық білім беру дағдыларын меңгеру; E) басқарушылық шешімдердің әр нұсқасының тиімділігін ресурстарды пайдаланудың күтілетін деңгейі мен күтілетін құндылық арасындағы байланыс ретінде бағалайды.

6B04101 – ЭКОНОМИКА

4 курс

Мамандық атауы және шифры: 6B04101 - Экономика

Оқу мерзімі: 4 жыл

Қабылдау жылы: 2022

Компонент	Пән коды	Пәннің атауы	Семестр	Кредит саны KPECTS
Модуль 11 - Кәсіпорында еңбекті талдау (10 академиялық кредит)				

КП ЖК	KKZh 4306	Кәсіпорын қызметін жоспарлау	7	5
КП ЖК	ShKT 4307	Шаруашылық қызметті талдау	7	5
Модуль 12.1 - Экономика және еңбекті ұйымдастыру (Траектория - Кәсіпорын экономикасы) (23 академиялық кредит)				
КП ТК	OU 4308	Өндірісті ұйымдастыру	7	5
КП ТК	UPB 4309	Ұйымдағы персоналды басқару	7	5
КП ТК	KIK 4310	Кәсіпорынның инновациялық қызметі	7	5
КП ТК	KIK 4311	Кәсіпорынның инвестициялық қызметі	7	5
БП ТК	KSUB 4220	Кәсіпорында сапаны ұйымдастыру және басқару	7	3
Модуль 12.2 - Халықаралық бәсекеқабілеттілік (Траектория - Әлемдік экономика) (23 академиялық кредит)				
КП ТК	SEKKR 4308	Сыртқы экономикалық қызметті кедендік реттеу	7	5
КП ТК	DEH 4309	Дипломатиялық этикет және хаттама	7	5
КП ТК	DKK 4310	Дипломатиялық және консулдық қызмет	7	5
КП ТК	ABK 4311	Әлемдік бәсекеге қабілеттілік	7	5
БП ТК	HUK 4220	Халықаралық және ұлттық қауіпсіздік	7	3

11 Модуль - Кәсіпорында еңбекті талдау, 10 кредит

Дублин дескрипторлары: А) В) С) D) E)

Пәннің атауы: Кәсіпорын қызметін жоспарлау

Бағдарлама авторы: Тасмағанбетов А.Б.

Курсты оқытудың мақсаты: білім алушыларда кәсіпорын қызметін жоспарлау процесі туралы түсінік қалыптастыру, білім алушылардың стратегиялық, тактикалық және жедел-өндірістік жоспарларды әзірлеу үшін арнайы білім мен іскерлікті алуы, алған білімдерін практикада қолдануы.

Пәннің қысқаша мазмұны: Бұл курс кәсіпорындағы жоспарлауға арналған, мұнда жоспарлаудың теориялық және әдістемелік негіздері, жоспарды құру процесі, кейіннен орындалу барысын бақылау зерттеледі және ашылады. Кәсіпорынды құру мен дамытудың барлық жоспарларын негіздеу әдістері көрсетілген. Бұл пәннің мазмұнына жоспарлы көрсеткіштерді есептеу әдістерін, шаруашылық ішілік жоспарлар жүйесін, олардың өзара әрекеттесу механизмін оқуы да кіреді.

Пререквизиттері: Кәсіпорын экономикасы, Жобаларды талдау.

Постреквизиттері: Диплом жобасы.

Оқытудан күтілетін нәтижелер: А) Осы пәнді меңгеру нәтижесінде студенттердің: кәсіпорындағы жоспарлауды ұйымдастыру; стратегиялық жоспарлаудың құрылымы мен мәні; өндірістік-шаруашылық қызметті жоспарлау; кәсіпорынның қаржылық қызметін

жоспарлау жөнінде түсініктері болуы; В) Кәсіпорын қызметінің негізгі бағыттарын; кәсіпорындағы жоспарлы жұмысты ұйымдастыруын; бағдарламалау жүйесінің элементтерін; стратегиялық жоспарлау түсінігін; оперативті жоспарлау түсінігін; бизнес-жоспардың мазмұны мен құрамын; С) кәсіпорындағы өндірістік-өндіру қызметін жоспарлаудың ерекшеліктерін; кәсіпорында персоналдағы тұтынуды жоспарлаудың ерекшеліктерін; кәсіпорындағы өзіндік құнды жоспарлауын; кәсіпорындағы баға белгілеудің әдіснамасын; кәсіпорындағы қаржылық жоспарлауын білуі; D) Кәсіпорындағы жоспарлы қызметті ұйымдастыруға; кәсіпорынның өндірістік-шаруашылық қызметті жоспарлауға; кәсіпорынның орта жылдық өндірістік қуатын жоспарлауға; өндірістік бағдарламаны бағалау және жоспарлауға; кәсіпорындағы еңбек ресурстарының санын, өндірістік бағдарламаның еңбек сыйымдылығын, жұмыс уақытының балансын жоспарлауға; өндірістік-шаруашылық қызметтің қаржылық жоспарын құрастыруға икемді болуы; E) өндірістік-шаруашылық қызметті жоспарлаудағы; кәсіпорындағы жоспарлауды ұйымдастырудағы; өндірістік-шаруашылық қызметті қаржылық жоспарлаудағы практикалық машықтарды иемденуі қажет.

Дублин дескрипторлары: A) B) C) D) E)

Пәннің атауы: Шаруашылық қызметті талдау

Бағдарлама авторы: Тлеубергенова М.А.

Курсты оқытудың мақсаты: «Шаруашылық қызметті талдау» курсының мақсаты кәсіпорын қызметін экономикалық талдаудың теориялық негіздері мен тәжірибелік дағдыларды игеруді зерттеу болып табылады.

Пәннің қысқаша мазмұны: Бұл курста студенттер экономикалық қызметті ұйымдастыру мен талдаудың теориялық және әдістемелік негіздері бойынша білімдер жиынтығын қалыптастырады. Бұл пәннің мазмұны ШҚТ әдістемесінің сұрақтарын, құрылған экономикалық жағдайларды объективті бағалау үшін аналитикалық құралдарды пайдалануды қамтиды. Ол кәсіпорынның қаржылық-шаруашылық қызметі нәтижелерінің тиімділігін арттыру үшін резервтерді іздеу дағдыларын меңгеруді, сондай-ақ оңтайлы басқару шешімдерін әзірлеу мен негіздеуді қарастырады.

Пререквизиттері: Кәсіпорын экономикасы, Жобаларды талдау.

Постреквизиттері: Диплом жобасы.

Оқытудан күтілетін нәтижелер: A) шаруашылық қызметті талдау туралы, оның нарықтық экономикадағы маңызы мен ролі туралы; шаруашылық қызметті талдау түрлерін; шаруашылық қызметті талдау жұмысын жүргізу тәсілі туралы; B) шаруашылық қызметті талдау жұмысын ұйымдастыру негіздері туралы білуі тиіс; C) шаруашылық қызметті талдау жұмысын ұйымдастыру және оның қызмет ету үрдісін; шаруашылық қызметті талдаудың қалыптасуының және дамуының мотивтерін, шарттарын қолдану; D) шаруашылық қызметті талдаудың маңыздылығын кәсіби және жеке өмірде қолдану дағдыларын меңгеру; E) шаруашылық қызметті талдаудың маңыздылығын кәсіби және жеке өмірде қолдану дағдыларын меңгеру жасақтау.

Модуль 12.1 - Экономика және еңбекті ұйымдастыру (Траектория - Кәсіпорын экономикасы), 23 кредит

Дублин дескрипторлары: A) B) C) D) E)

Пәннің атауы: Өндірісті ұйымдастыру

Бағдарлама авторы: Тлеубергенова М.А.

Курсты оқытудың мақсаты: білім алушыларға кәсіпорынның тиімді қызмет етуін қамтамасыз ететін өндірісті ұйымдастыру ғылымының маңызды сұрақтары мен факторларының өзара байланысын үйрету.

Пәннің қысқаша мазмұны: Студенттерге өндірістік процесті ұйымдастыруды, кәсіпорындарды жоспарлауды және басқаруды, материалдық -техникалық базаны персоналды басқарудың жүйелік негіздерін қамтамасыз етуді сипаттайды. Студенттерді

өндірістік құрылымдармен, ұйымдастыру мен басқарудың негізгі қағидаларымен, функционалды орындаушыларды бақылау жоспарларының түрлерімен, технологиялық процесс пен өнім сапасын бақылаумен таныстыру.

Пререквизиттері: Кәсіпорын экономикасы, Кәсіпорын қызметін жоспарлау.

Постреквизиттері: Диплом жобасы

Оқытудан күтілетін нәтижелер: А) өндірістік процестің құрылымын, өндіріс типтері мен олардың техника-экономикалық сипаттамаларын, ағындық өндірістің сипаттамаларын; В) нарықтық қарым-қатынастар жағдайларында өндірісті ұйымдастырудың жаңа әдістерін қолдану; С) өндіріс тиімділігінің жалпылама және жеке көрсеткіштерін анықтау әдістемесін игеру; D) өндірісті дұрыс және құзырлы ұйымдастыру, нарық талаптарын анықтауды, әртүрлі шаруашылық міндеттерді шешуді шығармашылық тұрғыдан қарастыру; E) өндіріс ұйымдастыру нәтижелерін бағалау; өндіріс тиімділігін жоғарылату резервтерін табу.

Дублин дескрипторлары: A) B) C) D) E)

Пәннің атауы: Ұйымдағы персоналды басқару

Бағдарлама авторы: Тасмағанбетова С.Ж.

Курсты оқытудың мақсаты: Білім алушыларға кәсіпорын менеджерлерге және кез келген деңгейдегі басшылық қызметпен айналысатын мамандарға қажетті кадр саясаты облысында дұрыс шешім қабылдау, персоналды басқару мәселелеріне байланысты тереңірек білім беру болып табылады.

Пәннің қысқаша мазмұны: Берілген курс персоналмен тиімді жұмысты ұйымдастыру арқылы компанияны басқару мүмкіндіктері туралы көріністі кеңейтуге мүмкіндік береді. Пән тәжірибеге бағдарланған сипатта және персонал-менеджменттің әдіснамалық аспектілерімен қатар қазіргі заманғы кадрлық технологияларды ұйымдастырумен және жүргізумен байланысты көптеген мәселелерді мазмұндайды. Пән мазмұны кадрлық менеджменттің негізгі сұрақтары мен әлеуметтік менеджмент элементтерін енгізеді.

Пререквизиттері: Менеджмент және көшбасшылық, Кәсіпорындағы іс қағаздарын жүргізу.

Постреквизиттері: Диплом жобасы.

Оқытудан күтілетін нәтижелер: А) персоналдың қызметі туралы; персоналды оқыту әдістері туралы түсінікке ие болу; в) персоналды басқару мәселелерін реттейтін заңнамалық актілерді; еңбек нәтижелілігін ынталандыру әдістерін білу және пайдалана білу; с) дағдыларға ие болу: Жұмыс орнын талдау және құрастыру; кадрларды іріктеу, қабылдау және іріктеу; D) кадрлардың, кадр қызметтерінің ауысымдылығын бағалау; персоналды оқыту; E) персоналды дамытуды басқарудың қазіргі заманғы технологияларын меңгеру.

Дублин дескрипторлары: A) B) C) D) E)

Пәннің атауы: Кәсіпорынның инновациялық қызметі

Бағдарлама авторы: Сұлтамұратова Н.Б.

Курсты оқытудың мақсаты: білім алушыларда кәсіпорынның инновациялық қызметін ұйымдастыру мен басқару, бағалау процесіне қатысу үшін талап етілетін құзыреттілік пен біліктілікті дамыту.

Пәннің қысқаша мазмұны: Пән шекарасы инновациялық белсенділіктің негізгі түсініктерін, әдістемесін, технологиясын қарастырады. Интеллектуалдық қызметтің іргелі және құқықтық негіздері, есепке алу әдістемесі мен тәжірибесі, интеллектуалдық меншік нысандарын бағалау және коммерциализациялау, инновациялық жобалау және кәсіпорынның инновациялық қызметін талдау мазмұндалады.

Пререквизиттері: Кәсіпорын экономикасы, Жобаларды талдау, Кәсіпорын қызметін жоспарлау.

Постреквизиттері: Диплом жобасы.

Оқытудан күтілетін нәтижелер: А) әлеуметтік-экономикалық даму мәселелерін өз бетінше аша білу; В) әрқилы мәселелерді шешу жолдары және өз позициясын дәйекті

негіздеу тұрғысынан әртүрлі пікірлерді бағалау; С) ғылыми, тәжірибелік, статистикалық ақпаратты жинау, өңдеу және талдау; D) дербес оқу және ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру. D) кәсіпорынның инновациялық қызметіне қатысты басқару әдістерін білу және пайдалану; E) инновациялық саясаттың негізгі қағидаларын меңгеру; инновациялық процесті басқару әдістерін; инновациялық кәсіпорындарды жіктей білу; инновациялық жобаларды бағалай білу.

Дублин дескрипторлары: A) B) C) D) E)

Пәннің атауы: Кәсіпорынның инвестициялық қызметі

Бағдарлама авторы: Дуйсембаева Б.Б.

Курсты оқытудың мақсаты: Кәсіпорынның инвестициялық қызметі курсының мақсаты – білім алушыларды инвестициялық қызметтің нарықтық экономикаға сай қазіргі әдісімен қаруландыру; олардың жаңа инвестициялық идеология мен басқарудың инвестициялық мәдениетін қабылдауға жағдай жасау; инвестициялық осы басқару үрдісінде отандық және шетелдік шаруашылық тәжірибесінде қолданылатын қазіргі инвестициялық технологиялар мен құралдарды таныстыру.

Пәннің қысқаша мазмұны: Берілген пәннің аясы дамудың басты экономикалық факторының бірі ретіндегі инвестициялар сипаттамасын ұсынады, инвестициялық нарық құрылымы мазмұндалған, тұтастай ел экономикасы тұрғысынан ұдайы өндіріс процесіндегі инвестициялардың орны анықталған. Кейбір тақырыптар инвестициялық қызметті қаржылық қамтамасыз етуге және нарықтық экономикада инвестициялық ресурстарды мобилизациялау тәсілдеріне арналған. Инвестициялық жобаларды талдау негіздері мазмұндалған. Қаржылық активтерге инвестициялаудың ерекшеліктері түсіндірілген.

Пререквизиттері: Кәсіпорын экономикасы, Жобаларды талдау.

Постреквизиттері: Диплом жобасы.

Оқытудан күтілетін нәтижелер: A) Инвесторлар типтерін, олардың инвестициялық қылығын анықтайтын мақсаттарды, инвестициялық тәуекелдердің жіктелімін, инвестиция түсінігінің әрқилы аспектілерін, инвестициялық қызметтің объектісі мен субъектісін, инвестициялардың жіктелімін білуі және түсінуі; B) Инвестициялық жобалардың тиімділігін бағалау әдістемесін қолдана білу; C) Күрделі салымдарды қаржыландырудың тиімді көздерін талдай білу; D) Инвестициялық қоржынды қалыптастыру, оны оңтайландыру моделдерін және басқару әдістерін әзірлеу; E) статикалық және динамикалық әдістердің көмегімен инвестициялық шешімдердің тиімділігін бағалау.

Дублин дескрипторлары: A) B) C) D) E)

Пәннің атауы: Кәсіпорында сапаны ұйымдастыру және басқару

Бағдарлама авторы: Ибрашева А.Ж.

Курсты оқытудың мақсаты: кәсіпорындарда өнім сапасы мен сапаны басқару мәселелерін ұтымды шешуге ықпал ететін әдістер мен құралдарды, әдістемелер мен модельдерді зерделеу және игеру.

Пәннің қысқаша мазмұны: Пәннің ұсынылған мазмұны қазіргі кезеңде ұйдастыру мен сапаны басқарудың ең өзекті мәселелері қарастырады. Нарықтық жағдайларда фирмалар мен ұйымдар қызметінің пайдалылық факторына көңіл бөлінеді. Сапаны басқару әдіснамасына, квалиметрияға және оны ұйымдар мен сапаны басқаруда практикалық қолдануға, сапа менеджменті жүйелерін жобалау мен ұйымдастырушылық-әдістемелік қамтамасыз етуге, оларды дамыту мен жетілдіруге ерекше көңіл бөлінеді.

Пререквизиттері: Кәсіпорын экономикасы, Өндірісті ұйымдастыру.

Постреквизиттері: Диплом жобасы.

Оқытудан күтілетін нәтижелер: A) өнім сапасын қамтамасыз етудің түрлі модельдерін; статистикалық талдау мен сапаны бақылауды іске асыру әдістерін; сапаны жетілдіру бойынша жұмыстарды ұйымдастыру әдістерін білу; B) сапа шығындарын бағалай білу; C) кәсіби қызметтің әртүрлі салаларында операцияларды басқарудың заманауи әдістерін

қолдану; Д) практикалық қызметте сапа менеджменті жүйелерінің құрылымдарының, әдістемелерінің, процестері мен ресурстарының жиынтығын пайдалану; Е) жұмыстар мен қызметтердің сапасын қамтамасыз ету бойынша іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу әдістерін пайдалану дағдыларын меңгеру.

Модуль 12.2 - Халықаралық бәсекеқабілеттілік (Траектория - Әлемдік экономика), 23 кредит

Дублин дескрипторлары: А) В) С) D) E)

Пәннің атауы: Сыртқы экономикалық қызметті кедендік реттеу

Бағдарлама авторы: Тасмағанбетов А.Б.

Курсты оқытудың мақсаты: студенттердің сыртқы сауда қызметін мемлекеттік реттеудің құқықтық қамтамасыз етілуі, жүйесі, тетігі, құралдары мен практикасы туралы тұтас түсініктерін қалыптастыру, сондай-ақ олардың сыртқы сауда қызметіне тыйым салу мен шектеулер саласында заңнамалық және өзге де нормативтік-құқықтық актілерді қолдануда теориялық білімдері мен кәсіби дағдыларын игеруі.

Пәннің қысқаша мазмұны: Пәндердің кең ауқымы ұйымның негізгі ережелерін, сыртқы экономикалық ынтымақтастықты кедендік реттеудің іргелі негіздері мен әдістерін зерттейді. Сыртқы экономикалық қызметті мемлекеттік реттеудің негізгі постулаттары нақты кедендік-тарифтік, тарифтік емес және салықтық мемлекет әсерін ескере отырып белгіленеді. Берілген курс білім алушыларға маман ретінде практикада қолдану үшін мемлекеттік реттеу механизмінің мүмкіндіктерін кешенді түрде оқуға мүмкіндік береді.

Пререквизиттері: Халықаралық экономикалық қатынастар, Халықаралық сауда мен халықаралық тауар нарықтары.

Постреквизиттері: Диплом жобасы.

Оқытудан күтілетін нәтижелер: А) кедендік интеграция жағдайында сыртқы экономикалық қызметті мемлекеттік реттеу жүйесін; сыртқы экономикалық қызметке қатысушылардың тауарларды кедендік декларациялау нысандары мен тәсілдерін білу; В) кеден істері саласындағы проблемаларды, басқарушылық міндеттерді тұжырымдау және тәуекел факторлары мен белгісіздікті ескере отырып, оларды шешу әдістерін қалыптастыру; С) сыртқы сауда қызметіне тыйым салулар мен шектеулердің сақталуын бақылау; кедендік төлемдерді есептеу, кедендік және сыртқы сауда құжаттарын толтыру; D) кеден істері саласындағы практикалық міндеттерді шешудің әдістері мен құралдарын пайдалану; E) сыртқы сауда қызметіне тыйым салулар мен шектеулердің сақталуын растайтын құжаттарды бақылау дағдыларын меңгеру.

Дублин дескрипторлары: А) В) С) D) E)

Пәннің атауы: Дипломатиялық этикет және хаттама

Бағдарлама авторы: Тасмағанбетов А.Б.

Курсты оқытудың мақсаты: Курстың мақсаты студентті мамандық бойынша кәсіби қызметтің ерекшеліктеріне дайындау, атап айтқанда қазіргі дипломатиялық практикада қолданылатын негізгі хаттамалық іс-шаралар мен рәсімдерді зерделеу болып табылады

Пәннің қысқаша мазмұны: Толық курста дипломатиялық қызметті іске асыруға, дипломат лауазымына қызметке кіру тәртібі мен рәсімін, келіссөздер және негізгі іс-шараларды ұйымдастырудың хаттамаларын жүргізуге мүмкіндік беретін негізгі нормативтік материалдар келтірілген. Қазіргі заманғы дипломатиялық тілдің сипатты ерекшеліктері мен дипломатиялық хат алмасу жүргізудің маңызды ережелері жалпыланған, дипломатиялық және зайырлы этикеттің қыр-сыры баяндалған.

Пререквизиттері: Дипломатиялық және консулдық қызмет, Халықаралық және ұлттық қауіпсіздік.

Постреквизиттері: Диплом жобасы

Оқытудан күтілетін нәтижелер: А) мемлекетаралық қатынастар деңгейіндегі іскерлік этиканың ерекшеліктері; В) дипломатиялық хаттама мен этикеттің ерекшеліктеріне сәйкес

хаттамалық функцияларды орындау; С) халықаралық қатынастар саласында типтік іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу: сапарлар, келіссөздер және т. б.; D) алынған ақпаратты полиэтникалық және интернационалдық топтардың жұмысы жағдайында пайдалану; E) дипломатиялық этика мен хаттама негіздерін пайдалану дағдыларын меңгеру.

Дублин дескрипторлары: A) B) C) D) E)

Пәннің атауы: Дипломатиялық және консулдық қызмет

Бағдарлама авторы: Тасмағанбетов А.Б.

Курсты оқытудың мақсаты: Курс мақсаты студенттерге дипломатиялық және консулдық қызметтің ерекшеліктері, оның нормативтік-құқықтық негізі туралы кешенді білім беру, сондай-ақ консулдық және дипломатиялық мекемелерде жұмыс істеу үшін қажетті жекелеген дағдыларды бекіту болып табылады.

Пәннің қысқаша мазмұны: Жаңа курс - Дипломатиялық және консулдық қызмет – дипломатиялық және консулдық қызметтің негізгі сатыларын зерттейді. Ақпараттық-сараптамалық, түсіндірме жұмыстарын жүргізудің, дипломатиялық, консулдық құжаттарды дайындаудың, келіссөздерді, дипломатиялық байланыстарды іске асырудың, шетелдегі отандастармен жұмыс жасаудың, экономикалық және мәдени дипломатия аясында келіссөздер жүргізудің әдістері мен тәсілдері қарастырылған.

Пререквизиттері: Дипломатиялық этикет және хаттама, Халықаралық және ұлттық қауіпсіздік.

Постреквизиттері: Диплом жобасы

Оқытудан күтілетін нәтижелер: A) Қазақстан Республикасының дипломатиялық қызметінің және дипломатия тарихы мен әлемдік тәжірибесі туралы көрінісі болуы тиіс; B) оқытылатын пәннің негізгі ұғымдары мен терминдері; дипломатиялық өкілдіктердің иммунитеттері мен артықшылықтары; Қазақстан Республикасының дипломатиясы мен дипломатиялық қызметінің қағидаттары; дипломатиялық жұмыстың негізгі нысандары мен әдістерін білуі; C) білуі керек: дипломатиялық жұмыстың қазіргі тенденциялары мен өзгерістерін талдау; дипломатиялық стратегия мен тактиканы, дипломатиялық және консулдық қызметтің сипаттамаларын, ерекшеліктерін талдау; D) дағдыларға ие болу: әртүрлі орталық Сыртқы істер ведомстволары мен шетелдік өкілдіктердің рөлі мен функцияларын ашудағы дағдылар, олардың жұмысын үйлестіру тетігі; дипломатиялық құжаттардың негізгі түрлерімен және мемлекеттік және дипломатиялық хаттаманың ұйымдастырушылық және практикалық функцияларымен жұмыс істеу дағдылары; E) құзыретті болу: Қазақстан Республикасының сыртқы саяси қызметі шеңберінде дипломатиялық және консулдық қызмет жұмысын жетілдіру үрдістерін өз бетінше түсіну және талдау үшін теориялық, әдістемелік және анықтамалық-ақпараттық материалдарды пайдалануда.

Дублин дескрипторлары: A) B) C) D) E)

Пәннің атауы: Әлемдік бәсекеге қабілеттілік

Бағдарлама авторы: Тасмағанбетов А.Б.

Курсты оқытудың мақсаты: Негізгі мақсат - экономиканың бәсекеге қабілеттілігін, оған сыртқы жағынан да, ішкі жағынан да әсер ететін ерекшеліктер мен факторларды, бәсекеге қабілеттілік теориясының даму бағыттарын қазіргі заманғы түсінудің мәнін анықтау және бәсекеге қабілеттілік деңгейін арттырудың тиімді стратегиясын анықтау.

Пәннің қысқаша мазмұны: Пәннің тақырыптары елдер мен өңірлердің бәсекеге қабілеттілігімен байланысты негізгі түсініктері ашылады. Маңызды ерекшеліктер мен оның өсу тетіктерін мазмұндайды. Бәсекеге қабілеттіліктің неғұрлым кең таралған халықаралық рейтингтері және елдер мен өңірлердің бәсекеге қабілеттілігін басқару мәселелері зерттелген. Қазақстан Республикасының бәсекеге қабілеттілігін арттырудың негізгі бағыттарына ерекше көңіл бөлінген.

Пререквизиттері: Халықаралық сауда және халықаралық тауар нарықтары, Халықаралық және ұлттық қауіпсіздік.

Постреквизиттері: Диплом жобасы.

Оқытудан күтілетін нәтижелер: А) макро-және микро деңгейдегі қазіргі заманғы әлеуметтік - экономикалық процестерді және әлемдік экономиканың жаһандануы жағдайында олардың даму заңдылықтарын; әлемдік экономиканы көпжақты реттеу тетіктерін білу; В) типтік әдістемелер мен қолданыстағы нормативтік-құқықтық база негізінде экономикалық және әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштерді есептеу; әлемдік экономиканың қазіргі даму тенденцияларын ескере отырып, шаруашылық жүргізуші субъектілердің қызметін стандартты теориялық және эконометриялық модельдер негізінде болжау; С) проблемаларды анықтау және оларды шешу тәсілдерін айқындау үшін экономикалық құбылыстар мен процестерді талдау үшін экономикалық, әлеуметтік, басқарушылық ақпарат көздерін пайдалану; қойылған міндетке сәйкес экономикалық деректерді өңдеу үшін аспаптық құралдарды таңдауды жүзеге асыру, есеп айырысу нәтижелерін талдау және алынған қорытындыларды негіздеу; D) отандық және шетелдік статистиканы пайдалана отырып, әлеуметтік-экономикалық процестер мен құбылыстардың даму үрдістерін талдау және анықтау, сыртқы орта факторларының әсер ету тәуекелдері мен салдарын бағалау; көпжақты реттеудің әлемдік тәжірибесі негізінде халықаралық экономикалық процестердің даму болжамдарының теориялық және эконометрикалық модельдерін құру; Е) қазіргі заманғы геосаясаттың трансформациясы жағдайында әлеуметтік-экономикалық процестерді зерттеу әдіснамасын; даму болжамдарын әзірлеу кезінде халықаралық экономикалық процестерді көпжақты реттеу тетіктерін пайдалану дағдыларын меңгеру.

Дублин дескрипторлары: А) В) С) D) E)

Пәннің атауы: Халықаралық және ұлттық қауіпсіздік

Бағдарлама авторы: Тасмағанбетов А.Б.

Курсты оқытудың мақсаты: Қауіпсіздік мәселелерін талдау бойынша білім, білік және дағдыларды игеру, тұжырымдамалық аппаратты дұрыс пайдалану қабілетін дамыту.

Пәннің қысқаша мазмұны: Ұсынылған курсты қамту жаһандану жағдайында әлемде қауіпсіз өмір сүру міндеттерін, әлемнің қауіпсіз өмір сүру теориялары мен тұжырымдарының пайда болуын зерттейді. Қазіргі кезеңдегі халықаралық экономикалық қақтығыстардың басты ерекшеліктері мазмұндалады, киберкеңістік және фирмалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету сферасында қалыптасқан мәселелердің жаңа кешеніне сипаттама беріледі. Сонымен қатар ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің маңызды бағыттары ретіндегі стратегиялық ұлттық басымдықтар туралы негізгі ережелер қарастырылады.

Пререквизиттері: Дипломатиялық этикет және хаттама, Дипломатиялық және консулдық қызмет.

Постреквизиттері: Диплом жобасы.

Оқытудан күтілетін нәтижелер: А) халықаралық және ұлттық қауіпсіздіктің негізгі мәселелерінің ағымдағы жағдайын, халықаралық және ұлттық қауіпсіздіктің негізгі тұжырымдамалары мен тәсілдерін, қазіргі әлемдегі халықаралық және ұлттық қауіпсіздіктің негізгі трендтерін, сондай-ақ олардың аймақтық және жергілікті өлшемдері мен қақтығыс базаларын білу; В) қазіргі саяси процестердегі халықаралық және ұлттық қауіпсіздіктің ерекше маңыздылығын ескере отырып, алған білімдерін қазіргі саяси зерттеулерде қолдану; С) әр түрлі саяси дәстүрлер мен мәдениеттерде қауіпсіздікке қатысты жалпы және ерекше түсінікке ие болу; D) халықаралық ақпараттың стандартты емес түсіндірмелерін табу; Е) ескі және жаңа сын-тегеуріндер мен қауіптерді ескере отырып, қоғамдық даму перспективаларын талдау әдістерін меңгеру.

**Элективті пәндер каталогы
(Қабылдау жылы: 2025 жыл)**

ББ шифры және атауы: 6B04102-Менеджмент

№	Пән атауы	Оқытудың мақсаты	Қысқаша сипаттама	Пререквизиттер/ Постреквизиттер	Дублин дескрипторлары
1-курс					
1	Пәнаралық білім беру модулі (Қаржылық сауаттылық және кәсіпкерлік негіздері, Құқық негіздері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет, Экология және өмір қауіпсіздігі)	Білім алушылардың қаржылық сауаттылықтың ережелерін зерделеу, кәсіпкерлік ойлау дағдыларын қалыптастыру, құқық негіздерін, сыбайлас жемқорлыққа қарсы, экология мен тіршілік қауіпсіздік негіздерін игеру	Модуль пәндері қаржы өнімдерін тұтыну кезінде туындайтын мәселелердің ықтималдығын азайту мақсатында қаржылық сауаттылық бойынша, кәсіпкерлік қызмет негіздері, экономикалық ойлауды қалыптастыру және өз ісін құру, құқық негіздері, құқықтық өзін-өзі тануды және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті арттыру, экология және экологиялық мәдениет негіздері, тіршілік қауіпсіздігі бойынша білім алушылардың білімі мен дағдыларын игеруіне арналған.	Пререквизиттері: Экономика негіздері, Құқық негіздері, Жаратылыстану Постреквизиттері: Менеджмент, Кәсіпорын экономикасы, Бизнес жоспарлау.	А) Білім алушылар келесі білім мен түсінікке ие болады: қаржылық сауаттылық негіздері және қаржы өнімдерін тұтыну ережелері; кәсіпкерлік қызметтің негіздері мен экономикалық ойлау; құқық негіздері, құқықтық реттеу және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет; экология негіздері және тұрақты даму қағидаттары; тіршілік қауіпсіздігінің негіздері күнделікті және кәсіби ортада; В) Білім алушылар жеке және кәсіби өмірде негізделген қаржылық шешімдер қабылдау үшін білімін қолданады; кәсіпкерлік идеяларды әзірлеу және бизнес-жоспарлау үшін білімін пайдаланады; құқықтық ортада бағдарланады, сыбайлас жемқорлық көріністерін анықтап, алдын алу шараларына қатысады; күнделікті өмірде және жұмыс орнында экологиялық және қауіпсіздік тәсілдерін қолданады; С) Білім алушылар қаржы ұсыныстары мен тәуекелдерді талдап, саналы шешімдер қабылдайды; кәсіпкерлік пен экономикалық тиімділік мәселелері бойынша негізделген қорытындылар жасайды; құқықтық жағдайларды бағалап, бұзушылықтарды анықтап, оларды шешу жолдарын ұсынады; экологиялық және тіршілік қауіпсіздігі

					тәуекелдерін бағалап, оларды азайту бойынша ұсыныстар әзірлейді; D) Білім алушылар құқық, экология, қаржы және кәсіпкерлік мәселелері бойынша өз көзқарасын қалыптастырып, дәлелдейді; кәсіпкерлік идеяларды, құқықтық және экологиялық мәселелерді талқылауда топпен тиімді жұмыс істейді; әлеуметтік және кәсіби маңызды тақырыптарды талқылау үшін тиімді коммуникациялық стратегияларды қолданады; E) Білім алушылар қаржы, құқық, экология және кәсіпкерлік салаларында өзіндік білім алуға және өзін-өзі дамытуға қабілетті; байланысты пәндер бойынша күрделі білімді игеруге дайын екенін көрсетеді; кәсіби және әлеуметтік қызметтің жаңа қырларын меңгеру барысында рефлексия және сыни ойлау қабілеттерін қолданады.
2	Менеджмент мамандығына кіріспе	Менеджментті басқау ғылымы, тәжірибесі мен өнер ретінде кешенді тұрғыда қалыптастыру, жаңа экономикалық жағдайларда отандық кәсіпорындарды басқарудағы міндеттер мен қажеттіліктерге бейімдеу.	Пән менеджменттің замануи жүйелерінің құрылымымен және қолданыс бағытымен, осы саладағы білімдерді алу үшін қолданылатын технологиялармен, сонымен қатар қоғам үшін басқарушылық қызметтің мәні және ерекшеліктерімен танысуға мүмкіндік береді; Пән шеңберінде әлемдік басқарушылық ойлардың тарихы, ұйымдарадағы менеджер жұмыстарының принциптері мен әдістері, сонымен бірге менеджмент дамуының тенденциялары келтірілген.	Пререквизиттері: Экономика негіздері Постреквизиттері: Менеджмент, Персоналды басқару.	A) Білім алушы келесі білім мен түсінікке ие болады: қазіргі заманғы менеджмент жүйелерінің мақсаты, құрылымы және ерекшеліктері; әлемдік басқару ойының тарихи дамуы; басқару қызметінің негізгі функциялары, принциптері мен әдістері; менеджменттің негізгі категориялары мен даму үрдістері; менеджер мамандығының қоғамдағы әлеуметтік маңызы; B) Білім алушы оқу және практикалық тапсырмаларды шешу барысында менеджменттің негізгі ұғымдары мен әдістерін қолдануға; ұйым құрылымы мен басқару процестерін талдау үшін басқару принциптерін пайдалануға; әртүрлі ұйым түрлеріне және нақты жағдайларға сәйкес басқару тәсілдерін бейімдеуге қабілетті; C) Білім алушы басқарушылық идеяларды,

					тұжырымдамаларды және тәсілдерді талдап, сын тұрғысынан бағалауға; нақты жағдайларда басқару әдістерінің қолдану мүмкіндіктері туралы қорытындылар жасауға; менеджменттің ұйым мен қоғам дамуына әсері туралы негізделген пікір айтуға меңгерген; D) Білім алушы басқарушылық идеяларды ауызша және жазбаша түрде нақты және қисынды түрде жеткізуге; менеджмент мәселелеріне қатысты пікірталастарға қатысып, өз көзқарасын дәлелді қорғауға; басқару мәселелеріне арналған кейстер мен тапсырмаларды топпен талқылауда тиімді әрекет етуге қабілетті; E) Білім алушы менеджмент саласындағы жаңа білімді өз бетінше меңгеруге дайын екенін; басқару тәсілдерін сын тұрғысынан ойлап, олардың артықшылықтары мен шектеулерін анықтауға; басқару саласында кәсіби дамудың жеке бағытын қалыптастыруға қабілетті екенін көрсетеді.
3	Экономикадағы математика	Білім алушыларды есептерді шешуге қажетті математикалық аппараттың негіздерімен таныстыру, қолданбалы мәселелері бойынша оқу әдебиеттерін өз бетінше оқуға дағдыландыру, логикалық ойлауын дамыту.	"Экономикадағы математика" курсы аясында жоғары математиканың негізгі мәселелері, соның ішінде экономикадағы сызықтық алгебра элементтерін қолдану мәселелері, сондай-ақ математикалық талдауды қолдану мәселелері қарастырылады. Сонымен қатар, курс экономикадағы дифференциалдық теңдеулер саласында іргелі білімді қалыптастыруды қамтамасыз етеді және студенттерге	Пререквизиттері: Пәнаралық білім беру модулі, Менеджмент мамандығына кіріспе. Постреквизиттері: Микро- макроэкономика, Бухгалтерлік есеп және аудит, Excel-дегі аналитика	A) Білім алушы келесі білім мен түсінікке ие болады: жоғары математика негіздері, соның ішінде сызықтық алгебра, математикалық талдау және дифференциалдық теңдеулер; экономикалық талдауда қолданылатын математикалық модельдердің маңызы мен рөлі; экономикалық міндеттерді сипаттау және шешу үшін математикалық әдістерді қолдану принциптері; B) Білім алушы қолданбалы экономикалық есептерді шешу үшін математикалық әдістер мен модельдерді пайдалануға; экономикалық үдерістерді модельдеу барысында сызықтық алгебра мен математикалық талдаудың элементтерін қолдануға; математикалық

			математиканың экономикадағы рөлін түсіну үшін қажет практикалық дағдылар жүйесін қалыптастырады. Бұл курсты оқыту оқытудың мынадай белсенді әдістерін қолданумен қатар жүреді: дәріс-презентация, тренинг, дискуссиялық талқылау, бизнес-жоба, кейстік әдіс.		есептеулер нәтижелерін экономикалық теория мен практика тұрғысынан интерпретациялауға қабілетті; С) Білім алушы экономикалық жағдайларды математикалық құралдардың көмегімен талдауға; экономикалық есептер үшін математикалық модельдердің тиімділігін сын тұрғысынан бағалауға; сандық деректер мен есептеу нәтижелері негізінде дәлелді қорытындылар жасауға меңгерген; D) Білім алушы экономикалық тапсырмаларды математикалық талдау нәтижелерін ауызша және жазбаша түрде ұсынуға және негіздеуге қабілетті; қолданбалы мәселелерді шешу үшін математикалық әдістерді таңдауға байланысты талқылауларға қатыса алады; математикалық құралдарды пайдалана отырып, бизнес-жобалар мен кейстерді орындау барысында топпен жұмыс істей алады; E) Білім алушы кәсіби даярлық шеңберінде жаңа математикалық әдістерді өз бетінше меңгеруге және қолдануға қабілеттілігін көрсетеді; оқып жатқан материалды сыни тұрғыдан түсініп, логикалық және аналитикалық ойлауды қолдана алады; математикалық білімді кейінгі оқу үдерісіне және экономика саласындағы кәсіби қызметке кіріктіре алады.
4	Ұйымдағы іс қағаздарын жүргізу	Курсты оқудың мақсаты білім алушылардың басқарушылық құжаттарды құрастыруға және ресімдеуге	Пәнді зерттеу барысында білім алушыларда іскерлік құжат жүргізудің теориялық негіздері бойынша білімдер кешені мен кәсіпорында іскерлік құжат жүргізудің практикалық дағдылары	Пререквизиттері: Пәнаралық білім беру модулі, Менеджмент мамандығына кіріспе Постреквизиттері: Кәсіпорын экономикасы, Бизнес жоспарлау,	A) Білім алушы іскерлік құжаттанудың теориялық негіздерін біледі және түсінеді; құжаттама жүйесінің және құжат айналымының жұмыс істеу принциптерін меңгереді; қызметтік құжаттарды жасау, рәсімдеу және дамыту кезеңдерін түсінеді; басқару құжаттарының құрылымы мен

		қойылатын қазіргі заманғы талаптар негізінде құжаттаудың теориялық білімі мен практикалық дағдыларын қалыптастыру болып табылады	қалыптасады. Пәннің мазмұны іскерлік құжат жүргізудің тәсілдері мен құралдарын, құжаттама жүйесі мен құжаттардың әрекет етуінің негіздерін оқып-білуден тұрады. Электрондық құжат алмасу жүйесінің іздеу мүмкіндіктерін сауатты қолдану іздеу мүмкіндіктерін сауатты қолдану, іс-өкжаттар номенклатурасын қолдану, басқарушылық құжаттарды құрастыру мен рәсімдеу дағдыларын меңгеру қарастырылған	Бизнесті ұйымдастыру	мазмұнына қойылатын талаптарды біледі; В) Білім алушы алған білімдерін іскерлік құжаттарды дұрыс жүргізуде қолдана алады; құжаттарды рәсімдеу және басқарушылық шешімдерді құжаттандыру әдістерін пайдаланады; электрондық құжат айналымы жүйесі мен іс номенклатурасын қолдана алады; С) Білім алушы құжат айналымының тиімділігін талдап, бағалай алады; құжаттардың мазмұны мен рәсімделу сапасын негіздеп бағалай алады; ұйымдағы құжаттамалық қамтамасыз етуді жетілдіру бойынша негізделген қорытындылар жасай алады; D) Білім алушы құжаттарды әзірлеу және келісу барысында әріптестерімен тиімді қарым-қатынас жасай алады; кәсіби идеяларды ауызша және жазбаша түрде нақты әрі сауатты жеткізе алады; іскерлік стильде қызметтік хат-хабарларды құра алады; E) Білім алушы іскерлік құжат айналымының жаңа стандарттары мен технологияларын, соның ішінде электрондық жүйелерді өз бетінше меңгере алады; құжат айналымы саласындағы білімін кеңейту үшін оқу және кәсіби дереккөздерді пайдалана алады; нормативтік-құқықтық база мен құжаттамалық регламенттердегі өзгерістерге бейімделе алады.
2-курс					
1	Менеджмент	"Менеджмент" пәнін меңгерудің мақсаты білім алушылардың менеджмент теориясы саласында	Бұл курстың мазмұны басқарудың ұйымдастырушылық элементтерін, басқарудың негізгі әдістерін,	Пререквизиттері: Менеджмент мамандығына кіріспе Постреквизиттері: Персоналды басқару,	А) Білім алушы басқару процесінің негізгі ұйымдастырушылық элементтерін; басқарудың негізгі әдістері мен олардың қолдану салаларын; көшбасшылық теорияларын және командада жұмыс істеу

		теориялық және практикалық білімдер мен дағдыларды меңгеруі болып табылады.	коммуникация процестерін, шешімдер жасақтау мен қабылдау, топтық жұмыс ерекшеліктерін, көшбасшылық теорияларын, жанжалдар мен өзгерістеді басқаруды, корпоративтік мәдениет пен басқару этикасын қамтиды. Пәнді оқып-үйрену классикалық менеджмент негіздерін меңгеруге, білім алушыларда ұйымды басқарудың функциялары мен принциптері туралы білімдер кешенін игеруге, басқарушылық қызметтің әрқилы түрлерін орындаудың практикалық дағдыларын қалыптастыруға мүмкіндік береді.	Көшбасшылық және команда құру, Бренд менеджменті, Талант менеджменті.	ерекшеліктерін; коммуникация, шешім қабылдау, қақтығыстар мен өзгерістерді басқару процестерін; корпоративтік мәдениет пен басқару этикасының негіздерін біледі және түсінеді; В) Білім алушы басқару міндеттерін шешу үшін менеджмент теориялары мен әдістерін қолдануға; басқарушылық шешімдерді әзірлеуге және жүзеге асыруға; ұйым ішіндегі тиімді командалық жұмысты және коммуникацияны ұйымдастыруға; көшбасшылық теорияларын және қақтығыстарды басқару әдістерін тәжірибеде қолдануға қабілетті; С) Білім алушы басқару жағдайларын талдауға және қолданылған әдістердің тиімділігін бағалауға; менеджменттегі түрлі тәсілдерге сыни көзқараспен қарауға; басқару процестерін жетілдіру бойынша негізделген қорытындылар мен ұсыныстар жасауға қабілетті; D) Білім алушы әріптестерімен және басшылықпен тиімді қарым-қатынас орнатуға; өз ойларын ауызша және жазбаша түрде нақты әрі сауатты жеткізуге; корпоративтік мәдениет пен этикалық нормаларды ескере отырып, іскерлік қарым-қатынас жүргізуге қабілетті; Е) Білім алушы менеджменттің жаңа теориялары мен әдістерін өз бетінше үйрену қабілетін; кәсіби дамуға және өзгерістерге бейімделуге дайын екенін; біліктілігін арттыру үшін заманауи ақпарат көздерін пайдалануға икемділігін көрсетеді.
2	Кәсіпорын экономикасы	Кәсіпорынның ресурстық әлеуетін тиімді пайдалану	Бұл курстың шеңберінде кәсіпорын экономиканың негізгі буыны ретінде	Пререквизиттері: Пәнаралық білім беру модулі, Менеджмент	А) Білім алушы кәсіпорынның экономикадағы негізгі буын ретіндегі мәнін; кәсіпорындарды басқарудың қазіргі әдістерін

		бойынша шешімдерді негіздеу және тұжырымдарды дәйектеу, талдау жасау дағдыларын үйрену және меңгеру негізінде білім алушылардың экономикалық ой-өрісін қалыптастыру болып табылады.	қарастырылады және студенттерде кәсіпорынды басқарудың қазіргі заманғы әдістері, оның қызмет ету заңдылықтары, оның барлық қызмет түрлерін басқару туралы білімдер кешені қалыптасады. Осы пәнді оқу барысында технологиялық, техникалық және ұйымдастырушылық шешімдердің тиімділігін анықтау дағдыларын меңгеру қамтамасыз етіледі; кәсіпорында өндірістік, технологиялық, еңбек процестерін басқарудың заманауи әдістерін, технологиялары мен тәсілдерін қолдану	мамандығына кіріспе. Постреквизиттері: Бухгалтерлік есеп және аудит, Бизнесіті ұйымдастыру, Шаруашылық қызметін талдау.	және олардың жұмыс істеу заңдылықтарын; кәсіпорынның өндірістік-шаруашылық қызметін ұйымдастыру, жоспарлау және басқару негіздерін; кәсіпорынның табыстылығы мен тиімділігіне әсер ететін экономикалық көрсеткіштер мен факторларды біледі және түсінеді; В) Білім алушы кәсіпорын қызметін талдау үшін білімдерін қолдануға; өндірістік, техникалық және ұйымдастырушылық шешімдердің тиімділігін есептеуге; өндірістік, технологиялық және еңбек үдерістерін басқару әдістерін пайдалануға; кәсіпорынның экономикалық жағдайын бағалап, оны жақсарту шараларын әзірлеуге қабілетті; С) Білім алушы кәсіпорындағы процестер мен шешімдерді экономикалық талдаудан өткізуге; қолданылып жатқан технологиялар мен басқару әдістерін сыни тұрғыдан бағалауға; кәсіпорынның тиімділігі мен бәсекеге қабілеттілігін арттыруға қатысты негізделген қорытындыларды қалыптастыруға қабілетті; D) Білім алушы кәсіпорын экономикасына қатысты мәселелерді талқылауға қатысуға; аналитикалық қорытындылар мен ұсыныстарды ауызша және жазбаша түрде нақты және сауатты жеткізуге; өндірістік-экономикалық мәселелерді шешуде әріптестерімен тиімді қарым-қатынас орнатуға қабілетті; Е) Білім алушы кәсіпорынды басқарудың жаңа әдістерін өз бетімен меңгеру және қолдану қабілетін; экономика және өндірісті басқару саласында кәсіби дамуға ұмтылысын; талдау мен шешім қабылдау үшін цифрлық
--	--	--	--	---	---

					және акпараттық ресурстарды пайдалану шеберлігін көрсетеді.
3	Ұлттық руханият	Ұлттық руханиятымызды құрайтын этногенездік ерекшеліктер мен көшпелі қоғам өмірінің құндылықтары, халықтық философия, ауыз әдебиеті, халықтық білімдер, салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптардың ерте заманнан бастап қазіргі кезеңге дейінгі даму тарихынан білім беру.	Курс рухани құндылықтар жүйесін, қазақтың ұлттық болмысын, руханияттың этномәдени бастауларын, ұлттық сананы, салт-дәстүрлерді, әдет-ғұрыптарды, дүниетанымды, діни шыдамдылықты, салт-дәстүрлерді, өнерді, әдебиетті, ұлттық тәрбиені, дәстүрлі мәдениетті, жоғары сананы тәрбиелейтін рухани мұраны зерттейді. Пән әлемдік және жалпыадамзаттық құндылықтарды, халықтық дәстүрлерді, ата-баба мұрасын құрметтеу рухында тәрбиеленген рухани-адамгершілік тұлғаны қалыптастырады.	Пререквизиттері: Қазақстан тарихы, Әлеуметтік-саяси білім модулі (Әлеуметтану/Саясаттану , Мәдениеттану/Психология) Постреквизиттері: Философия, психологиялық-педагогикалық тәжірибе	А) Қазақстан халқының ұлттық рухани құндылықтары, тарихи-мәдени мұрасы мен дәстүрлі дүниетанымы туралы жүйелі білімді меңгеріп, олардың қоғам дамуы мен ұлттық бірегейлікті қалыптастырудағы орнын түсінеді; В) Ұлттық идеяларды, мәдени және рухани құндылықтарды оқу, тәрбие және әлеуметтік жобаларда тиімді қолдана алады; С) Тарихи-мәдени деректер мен концепцияларды сыни тұрғыда талдап, қазіргі заманғы рухани-мәдени процестерге байланысты ғылыми негізделген тұжырымдар жасай алады; D) Ұлттық руханият мәселелері бойынша өз көзқарасын дәлелді түрде жеткізе алады, пікірталас жүргізіп, ұжымда тиімді қарым-қатынас орната алады; Е) Ұлттық, ғылыми әдебиеттермен, тарихи деректермен жұмыс істеп, үздіксіз оқу және өзін-өзі дамыту дағдыларын жетілдіреді.
4	Тайм менеджменті	Тайм менеджменттің негізгі ұстанымдарын түсіну, уақытты тиімді басқару үшін қажетті дағдыларды меңгеру, уақытты тиімді пайдаланудың заманауи технологиялары мен құралдарын қолдану.	Білім алушылар бұл курсты оқу барысында уақытты басқару, уақыт ресурсы, онымен қамтудың әдіс-тәсілдерін, басқару қызметіндегі уақыттың рөлі туралы теориялық білімді меңгереді. Сондай-ақ, білім алушылар ұйымның ерекшелігін ескере отырып тайм-менеджментті енгізу, басқару барысында шешім қабылдауды үйренеді	Пререквизиттері: Пәнаралық білім беру модулі, Менеджмент мамандығына кіріспе, Менеджмент. Постреквизиттері: Персоналды басқару, Стратегиялық басқару, Коммуникациялық менеджмент.	А) Білім алушы уақытты басқарудың негізгі теориялық тұжырымдамаларын; уақыт ресурстарының табиғатын және олардың басқарушылық қызметтегі маңызын; уақытты тиімді пайдалануға әсер ететін факторларды; кәсіби ортада уақытты ұйымдастыру мен оңтайландыру әдістерін біледі және түсінеді; В) Білім алушы уақытты тиімді жоспарлау мен бөлуде теориялық білімді қолдануға; өнімділікті арттыру үшін тайм-менеджмент әдістерін пайдалануға; уақыт шектеулерін ескере отырып басқарушылық шешімдер әзірлеуге және қабылдауға; ұйым ерекшеліктерін ескере отырып, уақытты

					басқару әдістерін бейімдеуге қабілетті; С) Білім алушы қолданылып жатқан уақытты басқару әдістерінің тиімділігін талдауға; уақыт ресурстары мен оларды пайдалануға әсер ететін факторларды сыни тұрғыдан бағалауға; уақытты басқаруды жетілдіру бойынша негізделген қорытындылар мен ұсынымдар жасауға қабілетті. Д) Білім алушы ұжымда уақытты ұйымдастыру мәселелері бойынша тиімді қарым-қатынас жасауға; өз идеяларын ауызша және жазбаша түрде нақты әрі дәлелді түрде жеткізуге; уақытты оңтайландыруға бағытталған талқылаулар мен бірлескен жұмысқа белсенді қатысуға қабілетті. Е) Білім алушы тайм-менеджменттің жаңа әдістері мен технологияларын өз бетімен меңгеру қабілетін; уақытты басқару дағдыларын үздіксіз жетілдіруге және кәсіби даму жолында өзін-өзі дамытуға дайындығын; жеке және кәсіби тиімділікті арттыру үшін заманауи ақпарат көздерін пайдалануды көрсетеді.
5	Бизнес-жоспарлау	шаруашылық субъектілердің қызметін нарық жағдайында жоспарлаудың теориялық негіздерін зерттеу және бизнес жоспарды құру әдістемесін игеру.	Аталған курс аясында ұйымды стратегиялық басқарудағы маңызды құжат - бизнес-жоспарды жасақтауды қамтитын сұрақтар кешені меңгеріледі. Білім алушылар бизнес жоспарлауда қолданылатын негізгі әдістер мен мәнін оқып-біледі; бизнес-жоспардың құрылымын, оны жасақтау бойынша жұмыстардың мазмұнын меңгереді, бизнес-	Пререквизиттері: Экономикадағы математика, Кәсіпорын экономикасы. Постреквизиттері: Өндірістік менеджмент, Кәсіпорын жоспарлауды ұйымдастыру, Инвестициялық менеджмент.	А) Білім алушы бизнес-жоспарлаудың ұйымды стратегиялық басқарудағы құралы ретіндегі мәнін; бизнес-жоспардың мақсаттары, міндеттері мен функцияларын; бизнес-жоспар құрастырудың негізгі кезеңдері мен қолданылатын әдістерін; бизнес-жоспардың құрылымы мен оның негізгі бөлімдерінің мазмұнын; бизнес-идеяның тиімділігі мен орындылығын бағалау тәсілдерін біледі және түсінеді; В) Білім алушы нақты қызмет түрінің ерекшеліктерін ескере отырып, бизнес-жоспар әзірлеуге; жобаның тәуекелін,

			жоспардың тиімділігін бағалау тәртібі мен әдістерімен танысады және бизнес жоспарлау процесінде қажетті практикалық дағдыларға ие болады.		кірістілігін және инвестициялық тартымдылығын бағалау әдістерін қолдануға; стандартты бизнес-жоспар құрылымын ұйым мақсаттары мен міндеттеріне бейімдеуге; алынған білімді нақты немесе оқу бизнес-жобаларын жоспарлау барысында қолдануға қабілетті; С) Білім алушы бизнес-идеяларды талдап, оларды жүзеге асырудың орындылығы жөнінде негізделген шешімдер қабылдауға; бизнес-жоспардың құрылымы мен мазмұнын сыни тұрғыдан бағалауға; жобаның әлеуетіне қатысты қорытындылар жасап, оны жетілдіру бойынша ұсыныстар ұсынуға қабілетті; D) Білім алушы бизнес-жоспарды ауызша және жазбаша түрде әлеуетті инвесторлар мен әріптестерге таныстыруға; бизнес-жобаларды топпен бірлесіп әзірлеуге белсенді қатысуға; бизнес-идеялар мен жоспарларды талқылау барысында тиімді қарым-қатынас жасауға қабілетті; E) Білім алушы бизнес-жоспарлаудың жаңа тәсілдері мен құралдарын өз бетімен меңгеру қабілетін; кәсіпкерлік пен стратегиялық жоспарлау саласында білімін үнемі жаңартуға ұмтылысын; сапалы бизнес-жоспар әзірлеу үшін кәсіби және аналитикалық ресурстарды қолдана білуін көрсетеді.
6	Микро-макрэкономика	үй шаруашылығы мен фирма экономикасы, әртүрлі нарық құрылымындағы фирманың қызмет ету ерекшелігін зерттеу, нарықтың	«Микро-макрээкономика» пәнін оқыту барысында функционалды талдау, шекті талдау, экономикалық-математикалық модельдеу әдістері арқылы тұтынушының және өндірушінің әрекеттері	Пререквизиттері: Экономикадағы математика, Пәнаралық білім беру модулі. Постреквизиттері: Бухгалтерлік есеп және аудит, Бизнесіті ұйымдастыру.	A) Білім алушы нарықтық экономиканың микро және макродеңгейлерде жұмыс істеуінің негізгі қағидаттарын; тұтынушылар мен өндірушілердің мінез-құлқын маржиналды және функционалды талдау негізінде; нарықтық тепе-теңдік, баға белгілеу, бәсекелестік және мемлекеттік саясаттың механизмдерін; экономикалық

		негізгі субъектілерінің қызметіне, негізгі макроэкономикалық көрсеткіштердің динамикасына, әсер етуші факторларына талдау жасау әдістемесін меңгерту, елдің макроэкономикалық ахуалына қатысты өз пікірін қалыптастыруға, мемлекеттің экономикалық саясатының салдарына өзбетінше талдау жасай білуге білім алушыларды дағдыландыру.	зерттелсе, агрегаттау, статистикалық, логикалық абстракция, талдау әдістерінің көмегімен тұтынушылардың, фирмалардың, мемлекеттің және шетелдің ұлттық экономикаға ықпалдары қарастырылады. Түрлі нарықтардағы теңдестіктің қалыптасуына, экономиканың циклді дамуының себептеріне, елдің макроэкономикалық көрсеткіштерінің динамикасына талдау әдістемесі зерттеледі.		жүйеге үй шаруашылықтары, фирмалар, мемлекет және "қалған әлемнің" әсерін; экономикалық циклдердің табиғатын, ЖІӨ, жұмыспен қамту, инфляция және басқа макроэкономикалық көрсеткіштердің динамикасын біледі және түсінеді; В) Білім алушы экономикалық агенттердің мінез-құлқын талдау үшін экономикалық-математикалық модельдерді қолдануға; нарық құрылымдарын талдауға және микроэкономикалық деректер негізінде шешім қабылдауға; мемлекеттік саясаттың макроэкономикалық көрсеткіштерге әсерін бағалауға; ағымдағы экономикалық үдерістер мен үрдістерді түсіндіру үшін талдау әдістерін пайдалануға қабілетті; С) Білім алушы тұтынушылар мен өндірушілердің мінез-құлқы бойынша негізделген пікір қалыптастыруға; экономикалық саясаттың салдарын сыни тұрғыдан бағалауға; экономикалық үдерістерді сандық және сапалық талдау негізінде қорытындылар жасауға; макроэкономикалық заңдылықтарды ескере отырып, экономикалық өзгерістерді болжауға қабілетті; D) Білім алушы экономикалық идеяларды ауызша және жазбаша түрде нақты әрі дәлелді жеткізуге; экономикалық мәселелер бойынша пікірталастарға, талқылауларға және топтық жұмысқа қатысуға; талдау қорытындыларын мамандарға да, беймамандарға да түсінікті түрде ұсынуға қабілетті; Е) Білім алушы жаңа экономикалық теориялар мен модельдерді өз бетімен меңгеру қабілетін; экономикалық ортадағы
--	--	---	--	--	--

					өзгерістерге бейімделу және кәсіби білімін үнемі жаңартып отыру қабілетін; әртүрлі экономикалық дереккөздерден ақпаратты іздеу, іріктеу және сыни талдау дағдыларын көрсетеді.
7	Бухгалтерлік есеп және аудит	кәсіпорындағы бухгалтерлік есептің, ерекшеліктерімен таныстыру және ішкі бақылаудың тиімді жүйесін ұйымдастыра білуге бейімдеу.	Пәнді оқу студенттердің бухгалтерлік есеп пен аудиттің негіздері мен жүйесі туралы білімін, мүдделі менеджерлерге басқару саласындағы шешімдерді қабылдау үшін мәліметтер мен ақпаратты ұсынудың негізгі нысаны ретінде, сондай-ақ тексеру дағдылары мен тәжірибесін алуды қалыптастырады. және қызметтер аудитіне қажетті деректерді алу. Курс сонымен қатар кәсіпорынның активтері, міндеттемелері және капиталы туралы ақпаратты жинау және қорытындылау әдістерін және қаржылық есеп беру саласындағы білімдерді зерттейді.	Пререквизиттері: Экономикадағы математика, Микро-макрэкономика. Постреквизиттері: Excel-дегі аналитика, Еңбекті нормалау және ақы төлеу, Менеджменттегі экономикалық талдау	А) Білім алушы бухгалтерлік есеп пен аудиттің мақсаттары, міндеттері және қағидаттарын; активтер, міндеттемелер және капитал есебінің құрылымы мен мазмұнын; есеп пен аудит жүргізудің нормативтік-құқықтық негіздерін; бухгалтерлік ақпараттың ұйымды басқару процесіндегі рөлін; қаржылық есептіліктің түрлері мен олардың мақсатын біледі және түсінеді; В) Білім алушы шаруашылық операцияларды белгіленген стандарттарға сәйкес есепке алуға; негізгі қаржылық есептілік нысандарын құрастыруға; бухгалтерлік ақпараттың шынайылығын бағалау үшін аудит әдістерін қолдануға; басқарушылық талдау мен шешім қабылдау үшін есеп деректерін пайдалануға қабілетті; С) Білім алушы қаржылық есептілікті талдауға және ұйымның қаржылық жағдайын бағалауға; есеп пен есептіліктегі қателер мен тәуекелдерді анықтауға; аудит және есеп нәтижелеріне негізделген дәлелді қорытындылар жасауға; есептік ақпараттың шынайылығы мен толықтығын бағалауға қабілетті; D) Білім алушы бухгалтерлік және аудиттік ақпаратты ауызша және жазбаша түрде нақты әрі сауатты ұсынуға; есеп және аудит процесінде әріптестерімен және мүдделі тараптармен тиімді өзара әрекеттесуге; тексерулер жүргізу және есептілікті жасау кезінде топпен бірлесіп жұмыс істеуге

					кабілетті; Е) Білім алушы бухгалтерлік есеп пен аудит саласындағы заңнамалар мен стандарттардағы өзгерістерді өз бетінше меңгеру қабілетін; осы салада кәсіби даму мен сертификаттауға ұмтылысын; есеп және аудит тәжірибесін жетілдіру үшін кәсіби ақпарат көздерін қолдану білігін көрсетеді.
8	Бизнесті ұйымдастыру	Шаруашылық субъектілердің қызметін нарық жағдайында ұйымдастырудың теориялық негіздерін зерттеу және бизнесті құру әдістемесін игеру.	Курсты толық оқу барысында болашақ мамандар бизнес мен кәсіпкерліктің теориялық негіздері туралы оқып, қазіргі заманғы бизнесті жүргізу мен ұйымдастыруды, оны жоспарлауды, басқаруды үйренеді. Пәннің мазмұны бизнестің мақсаты мен міндетін, объектісі мен субъектісін және кәсіпкерліктің нормативтік-құқықтық базасы туралы оқып-білуден тұрады. Ең негізгісі – стартаптар жасау, жаңа бизнесті құру және бизнес-панды өңдеуге басымдық беріледі	Пререквизиттері: Пәнаралық білім беру модулі, Кәсіпорын экономикасы. Постреквизиттері: Өндірістік менеджмент, Кәсіпорын жоспарлауды ұйымдастыру, Инвестициялық менеджмент.	А) Білім алушы кәсіпкерлік пен бизнестің мәнін, мақсаттары мен міндеттерін; бизнесті ұйымдастырудың негізгі формаларын, бизнес үдерістерінің субъектілері мен объектілерін; бизнесті құру, жоспарлау және басқару кезеңдерін; кәсіпкерлік қызметті жүргізудің нормативтік-құқықтық негіздерін; стартаптар мен бизнес-модельдер саласындағы заманауи үрдістерді біледі және түсінеді; В) Білім алушы алынған білімді бизнес-идеялар әзірлеу мен жаңа жобаларды іске қосу барысында қолдануға; нарықтық жағдайларды талдап, бизнес стратегияларын әзірлеуге; қызметтің ерекшеліктерін ескере отырып, бизнес-жоспар әзірлеуге және рәсімдеуге; бизнесті ашу мен басқаруда құқықтық және ұйымдастырушылық құралдарды пайдалануға қабілетті; С) Білім алушы бизнес-идеялар мен стартаптардың өміршендігін бағалауға; бизнес-жобалардың тәуекелдері, ресурстары және мүмкіндіктерін талдауға; жоспарлау және бизнес-әрекетті бағалау нәтижелері бойынша негізделген қорытындылар жасауға қабілетті; D) Білім алушы бизнес-идеялар мен жобаларды әлеуетті инвесторлар мен серіктестерге ұсынуға (презентация жасауға); кәсіпкерлік ортада тиімді коммуникация

					орнатуға; бизнес-бастамаларды әзірлеу бойынша талқылаулар мен топтық жұмыстарға қатысуға қабілетті; Е) Білім алушы жаңа бизнес тәсілдер мен басқару әдістерін өз бетімен меңгеру қабілетін; кәсіпкерлік қызметте кәсіби өсіп-дамуға ұмтылысын; бизнес шешімдерін негіздеу үшін нарықтық ресурстарды, статистиканы, аналитикалық және нормативтік дереккөздерді пайдалана білуін көрсетеді.
9	Excel-дегі аналитика	Білім алушыларға Excel бағдарламасында кеңейтілген деректерді талдау үшін қажетті білім мен дағдыларды ұсыну.	Бұл курстың негізгі мақсаты-студенттерге Microsoft Excel-де сапалы жұмыс істеу үшін қажетті білім мен дағдылардың жүйелік көрінісі мен кешенін қалыптастыру. Бұл пәннің мазмұны осы бағдарламада жұмыс істеудің мүмкіндіктері мен негізгі әдістерін таныстыру мен дамытуды, электрондық кестелер мен графикалық деректерді құру мен дайындауды, осы бағдарламаны қолдана отырып, іс-әрекеттерді жобалау мен құжаттаманы құруды қамтиды	Пререквизиттері: Пәнаралық білім беру модулі, Ақпараттық коммуникациялық технологиялар, Экономикадағы математика, Микро-макроекономика. Постреквизиттері: Басқарушылық шешімдерді әзірлеу, Жобаларды басқару, Еңбекті нормалау және ақы төлеу.	А) Білім алушы Microsoft Excel бағдарламасының құрылымы мен функционалын, деректерді талдау құралдарын, кестелер мен диаграммаларды құру әдістерін біледі; Excel арқылы деректерді ұйымдастыру, өңдеу және визуализациялау қағидаттарын түсінеді; Excel-дің бизнес, жоба қызметі және құжат айналымындағы рөлі туралы жүйелі түсінікке ие болады; В) Білім алушы қолданбалы міндеттерді шешу үшін электрондық кестелерді өз бетінше құрастырып, өңдей алады; деректерді талдау үшін Excel бағдарламасының функцияларын, формулаларын, сүзгілеу, шартты форматтау, жиынтық кестелер және басқа құралдарды қолдана алады; тапсырма талаптарына сай құжаттарды, есептер мен графикалық ақпаратты жобалап, безендіре алады; С) Білім алушы бастапқы деректерді талдап, оларды ұсынудың және өңдеудің тиімді тәсілдерін таңдай алады; деректерді өңдеу нәтижелерін сыни тұрғыдан бағалап, формулалар мен кесте логикасындағы қателерді анықтай алады; алынған

					аналитикалық деректер негізінде негізделген қорытындылар мен ұсыныстар жасай алады; D) Білім алушы Excel бағдарламасындағы жұмысының нәтижелерін ауызша және жазбаша түрде тиімді түрде ұсына алады; Excel құжаттарын іскерлік қарым-қатынас құралы ретінде (есептер, презентациялар, аналитикалық жазбалар дайындау үшін) пайдалана алады; аналитикалық тапсырмаларды шешу кезінде кестелерді командалық жұмыс құралы ретінде қолдана отырып, бірлесе жұмыс істей алады; E) Білім алушы анықтамалық материалдар, оқу ресурстары мен практикалық тапсырмалар арқылы Excel-дің жаңа құралдары мен функцияларын өз бетінше меңгере алады; цифрлық сауаттылығын және аналитикалық дағдыларын үнемі жетілдіруге ұмтылады; бағдарламалық қамтамасыз етудің жаңа нұсқаларына бейімделіп, алған білімін әртүрлі кәсіби контексте қолдануға дайын болады.
10	Ғылыми зерттеу әдістері	білім алушылардың қазіргі жағдайы мен ғылыми зерттеулерді орындау саласындағы теориялық білімдерін қалыптастыруды қамтамасыз ету; олардың бейіндік бағыты саласындағы ғылыми зерттеулерді дамыту бағыттарын түсіну болып табылады.	Бұл курс ғылыми зерттеудің мазмұны мен әдістері туралы жүйелі түсініктерді қалыптастыруға, түрлі салаларда зерттеулер жүргізуге мүмкіндік беретін білім, дағды, технологиялар мен әдістерді игеруге бағытталған. Пән бағдарламасы ғылыми зерттеу тақырыбын, мақсаттары мен міндеттерін тұжырымдау жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды; теориялық және эксперименттік	Пререквизиттері: Қазақстан тарихы, Пәнаралық білім беру модулі. Постреквизиттері: Философия, Кәсіпорын экономикасы, Жобаларды басқару, Менеджменттегі экономикалық талдау	A) Ғылыми зерттеудің негізгі логикалық әдістері мен әдістерін, қазіргі ғылымның әдіснамалық теориялары мен принциптерін, заманауи компьютерлік технологиялардың негізін, белгілердің тәуелділік критерийлерін және деректердің біртектілігін, параметрлердің маңыздылық критерийлерін, ең қуатты критерийлерді таңдау принциптерін білу; B) Ғылыми зерттеудің әдіснамалық негіздемесін жүзеге асыра білу, ғылыми қызметтің тиімділігін бағалау, білім мен ғылымда желілік технологиялар мен мультимедияны пайдалану; C) Өнімнің сапасына және өндіріс

			зерттеулердің әдіснамасын зерделеу; зерттеулерді талдау және тұжырымдар мен ұсыныстар беруді қамтиды. Ғылыми зерттеулердің енгізілуі мен тиімділігіне, сондай-ақ ғылыми-зерттеу және дипломдық жұмыстарды ресімдеу ережелеріне көп көңіл бөлінеді.		шығындарына қойылатын талаптарға байланысты критерийлердің параметрлерін таңдай білу, өндіріс қажеттіліктеріне сүйене отырып зерттеу міндетін тұжырымдау, бөлу функцияларын анықтау, критерий параметрлерін негіздеу; D) Ғылыми зерттеуді және оның нәтижелерін логикалық-әдіснамалық талдауды, техникалық қосымшаларда математикалық әдістерді қолдануды меңгеру E) Ұйымдастыру-басқару, жобалау-конструкторлық және ғылыми-зерттеу қызметінің, құрылыс саласындағы, сондай-ақ кәсіби қызметтегі ғылыми зерттеулер саласындағы әртүрлі шығармашылық міндеттерді іске асырудың практикалық дағдыларын игеру.
--	--	--	--	--	--

3-курс

1	Персоналды басқару	Бұл курсты оқу персоналды басқару туралы ғылыми түсінік қалыптастыруға, сондай-ақ персоналды басқару жүйесіне кіретін іс-шаралар кешенін іске асыру бойынша дағдыларды игеруге мүмкіндік береді.	Берілген курс аясында білім алушылар кәсіпорын персоналын басқару бойынша білім, білік және дағдылар кешенін қалыптастырады. Бұл пәннің мазмұны ұйымдағы жұмысшылардың өзара әрекеттесу теорияларының негізгі тұжырымдамаларын, соның ішінде байланыс, көшбасшылық және билік, мотивация және жанжал жағдайларын басқаруды зерттеуді қамтиды. Пәнді игеру барысында мансапты жоспарлау және құру әдістерін, компанияның кадрлық құрамын басқарудың заманауи құралдарын	Пререквизиттер: Менеджмент, Кәсіпорын экономикасы. Постреквизиттер: Көшбасшылық және команда құру, Талант менеджменті.	A) Білім алушы персоналды басқарудың негізгі ұғымдары мен теорияларын, соның ішінде қызметкерлер арасындағы өзара әрекеттесу, коммуникация, көшбасшылық, мотивация және билік мәселелерін біледі; кадр саясатын тиімді ұйымдастыру және адами ресурстарды басқару механизмдерін түсінеді; ұйымның тұрақты дамуына персоналды басқарудың стратегиялық маңызын ұғынады; B) Білім алушы мансапты жоспарлау және персоналды дамыту әдістерін тәжірибеде қолдана алады; персоналды іріктеу, бағалау, ынталандыру және оқыту сияқты заманауи басқару құралдарын тиімді пайдалана алады; компания мақсаттары мен ұйымдық контекске сәйкес персоналды басқару тәсілдерін бейімдей алады; C) Білім алушы ұжым ішіндегі өзара
---	--------------------	--	--	---	---

			қолданудың практикалық дағдылары алынады		әрекеттесу үдерістерін талдап, қақтығыстардың себептерін анықтап, оларды шешудің жолдарын ұсына алады; басқару саласындағы қолданыстағы тәсілдерге сыни баға беріп, теориялық білім мен тәжірибелік жағдайлар негізінде өзіндік шешімдер ұсына алады; персоналды басқаруды оңтайландыру бойынша дәлелді қорытындылар мен ұсыныстар жасай алады; D) Білім алушы командада тиімді әрекет етіп, іскерлік қарым-қатынас пен келіссөз жүргізу дағдыларын көрсете алады; әртүрлі қызметкерлермен жұмыс барысында тиісті коммуникациялық стратегияларды қолдана алады; көшбасшылық пен эмоционалды интеллект қағидаттарын қолданып, жағымды жұмыс ортасын құра алады; E) Білім алушы персоналды басқару саласындағы жаңа білімдер мен технологияларды өз бетінше меңгеруге дайын; түрлі дереккөздерден (теория, практика, кәсіби кейстер) алынған тәжірибені талдай және біріктіре алады; HR саласында кәсіби дамуға және өзін-өзі жетілдіруге ұмтылады.
2	Стратегиялық басқару	Ұйымның даму стратегиясын талдау, таңдау және іске асыру саласында білім мен тәжірибелік дағдыларды қалыптастыру, стратегиялық ойлау қабілетін дамыту, ұзақ мерзімді келешекті көре білу,	Курс стратегияларды әзірлеуге және жүзеге асыруға бағытталған. Студенттер ұйымдардың бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету үшін нарықты талдауды, ұзақ мерзімді жоспарлауды, тәуекелдерді басқаруды және шешім қабылдауды үйренеді. Тәжірибе бизнес-жоспарлар мен стратегиялық бастамаларды әзірлеуді	Пререквизиттер: Менеджмент, Бизнесі ұйымдастыру, Бизнес жоспарлау. Постреквизиттер: Кәсіпорын жоспарлауды ұйымдастыру, Жобаларды басқару, Инвестициялық менеджмент, Инновациялық менеджмент	A) Білім алушы стратегиялық басқарудың негізгі ұғымдары мен кезеңдерін: нарықты талдау, ұзақ мерзімді жоспарлау, тәуекелдерді басқару, стратегияны әзірлеу және жүзеге асыруды біледі; ұйымның тұрақтылығы мен бәсекеге қабілеттілігіне әсер ететін ішкі және сыртқы ортаның факторларын түсінеді; SWOT, PEST, Портердің бәсекелестік күштері және басқа стратегиялық талдау құралдарын меңгерген; B) Білім алушы ұйымның мақсаты мен орта талдауы негізінде бизнес-стратегияларды

6	Инвестициялық менеджмент	болашақ менеджерлерді инвестициялық қызметтің нарықтық экономикаға сай қазіргі әдісімен қаруландыру; олардың жаңа инвестициялық идеология мен басқарудың инвестициялық мәдениетін қабылдауға жағдай жасау; инвестициялық осы басқару үрдісінде	Бұл курсты оқу білім алушыларда экономиканың нақты секторы мен қор нарығының инвестициялық процестерін басқару бойынша теориялық білім кешенін қалыптастырады. Бұл пәннің мазмұны инвестициялық нарықтың құрамдас бөліктерін, кәсіпорынның инвестициялық стратегиясының мәнін, инвестициялық жоспарлаудың ерекшеліктерін ашады. Курсты игеру барысында инвестициялық ресурстарды, жобалардың инвестициялық	Пререквизиттері: Менеджмент, Бизнесті ұйымдастыру, Кәсіпорын экономикасы. Постреквизиттері: Өндірістік практика, Қорытынды аттестаттау.	А) Білім алушы инвестициялық менеджменттің негіздері, инвестициялық нарықтың құрылымы, нақты сектор мен қор нарығындағы инвестициялық үдерістің жұмыс істеу қағидалары туралы теориялық білімге ие. Кәсіпорынның инвестициялық стратегиясының мәнін, инвестициялық жоспарлаудың ерекшеліктерін түсінеді; В) Білім алушы инвестициялық ресурстар мен жобаларды бағалау әдістерін қолдана алады, инвестициялық тартымдылықты талдай алады, инвестициялық стратегиялар мен жоспарларды әзірлейді, инвестициялық талдау құралдарын кәсіпорындар мен ұйымдардың практикалық қызметінде пайдалана алады; С) Білім алушы инвестициялық жобаларды

		отандық және шетелдік шаруашылық тәжірибесінде қолданылатын қазіргі инвестициялық технологиялар мен құралдарды таныстыру.	тартымдылығын бағалау құралдары мен әдістерін қолдану дағдыларын игеру қарастырылған.		сыни тұрғыдан бағалай алады, ықтимал тәуекелдер мен пайдаларды талдайды, баламаларды салыстырып, инвестициялардың орындылығы мен тиімділігі бойынша негізделген қорытындылар жасай алады; D) Білім алушы инвестициялық шешімдерді талқылау кезінде іскерлік қарым-қатынас дағдыларына ие, инвестициялық ұсыныстарды әлеуетті инвесторлар, әріптестер мен басшылық алдында таныстырып, негіздей алады, келіссөздер жүргізуге қатыса алады; E) Білім алушы инвестицияларды басқарудың жаңа тәсілдерін өз бетінше меңгере алады, экономикалық ортадағы өзгерістерге бейімделе алады және инвестициялық шешімдерді бағалау мен жүзеге асыру саласындағы кәсіби құзыреттілігін жетілдіре алады.
7	Сапа менеджменті	Білім алушы сапа менеджмент курсынан өткеннен кейін кәсіпорындарда сапа менеджменті жүйесін енгізуге дағды алады; жаңа даму сұрақтары бойынша дағдылары болуы тиіс.	Аталған курс тыңдаушылардың өнім сапасы, оның техникалық және функционалдық сапасы және сапаны басқару жүйесінің қалыптасу тарихы туралы түсініктерін қалыптастыруға негізделген. Сондай-ақ, пәннің мазмұны өнімнің сапасына жауап беретін әдіс-тәсілдерді, статистикалық есептеулерді, оларды бақылауды үйретуді; кәсіпорында сапаны арттыру жұмыстарын ұйымдастыруды көздейді.	Пререквизиттері: Бизнес жоспарлау, Бизнесіні ұйымдастыру, Кәсіпорын экономикасы. Постреквизиттері: Өндірістік практика, Қорытынды аттестаттау	A) Білім алушы өнім сапасының ұғымы, оның техникалық және функционалдық сипаттамалары, сапа басқару жүйелерінің тарихы мен мәні туралы білімге ие. Өнім сапасын қамтамасыз етуде қолданылатын негізгі құралдар, әдістер мен модельдерді түсінеді; B) Білім алушы сапаны талдаудың статистикалық әдістерін және тәсілдерін қолдана алады, өнім сапасын бақылауды ұйымдастыра алады, сапа басқару жүйесін жетілдіру процестерінде қатыса алады; C) Білім алушы сапа басқару жүйелерінің тиімділігін бағалай алады, сапаны бақылау деректерін талдайды, өнім мен процестер сапасын жақсарту бойынша негізделген қорытындылар мен ұсыныстар жасай алады; D) Білім алушы сапа мәселелерін талқылау

					кезінде әріптестер мен басшылықпен тиімді қарым-қатынас жасай алады, талдау нәтижелерін ұсына және сапаны жақсарту ұсыныстарын негіздей алады; Е) Білім алушы сапа менеджментінің заманауи әдістері мен технологияларын өз бетінше меңгере алады, жаңа талаптар мен стандарттарға бейімделе алады, сапа менеджменті саласындағы кәсіби дағдылары мен білімін жетілдіре алады.
8	Тәуекел менеджменті	экономикалық субъектілердің қаржы-шаруашылық қызметін жүзеге асыру процесінде білім алушылардың тәуекелдерді сапалы және сандық бағалау және оларды басқару үшін білім, білік және дағды алуы болып табылады.	Курсты оқу шеңберінде білім алушыларда тәуекел менеджменттің теориялық және әдіснамалық негіздері және компанияда тәуекелдерді басқарудың жүйелі тәсілі бойынша білім кешені қалыптасады. Бұл пәннің мазмұны ұйымның тәуекелдерін диагностикалау, топтастыру және бағалау, стратегиялық тәуекелдерді есепке алу, тәуекелдерді басқару құралдарын практикалық қолдану, кәсіпорын тәуекелдерін азайту бойынша іс-шаралардың тиімділігін анықтау дағдыларын игеруді қамтиды.	Пререквизиттері: Менеджмент, Бизнес-жоспарлау, Бизнесіні ұйымдастыру. Постреквизиттері: Өндірістік практика, Қорытынды аттестаттау.	А) Білім алушы тәуекелдерді басқарудың теориялық және методологиялық негіздері туралы білімге ие, ұйымдағы тәуекелдерді басқарудың жүйелі тәсілін түсінеді. Тәуекелдердің түрлері мен классификациясын, олардың диагностикасы мен бағалау әдістерін біледі; В) Білім алушы тәуекелдерді басқару құралдары мен әдістерін іс жүзінде қолдана алады, тәуекелдерді диагностикалау, топтау және бағалауды жүзеге асырады, стратегиялық тәуекелдерді ескереді, тәуекелдерді азайтуға арналған іс-шараларды әзірлеп, іске асыра алады; С) Білім алушы тәуекелдер туралы деректерді талдай алады, олардың ұйым қызметіне әсерін бағалайды, тәуекелдерді төмендету бойынша негізделген қорытындылар мен ұсыныстар жасай алады; Д) Білім алушы тәуекелдерді басқару мәселелерін әріптестер мен басшылықпен талқылауда тиімді қарым-қатынас жасай алады, тәуекелдерді талдау нәтижелері мен оларды азайту жөніндегі ұсыныстарды таныстыра алады; Е) Білім алушы тәуекелдерді басқарудың жаңа әдістері мен технологияларын өз

					бетінше меңгере алады, бизнес ортадағы өзгерістерге икемделеді және тәуекелдерді басқару саласындағы кәсіби құзыреттілігін дамыта алады.
9	Менеджменттегі экономикалық талдау	Білім алушыларды ұйымның қаржылық-шаруашылық қызметін диагностикалау, оның ресурстарын, нәтижелерін және тәуекелдерін бағалау, сондай-ақ нарықтық экономика жағдайында бизнестің тұрақты дамуына бағытталған тиімді басқарушылық шешімдерді әзірлеу үшін қажетті экономикалық талдау әдістеріне үйрету.	Берілген курста білім алушыларда экономикалық үдерістерді зерттеумен және олардың даму заңдылықтарын анықтаумен, экономикалық үдерістердің дамуына ықпал ететін факторларды айқындаумен, осы ықпал етудің деңгейін өлшеумен, пайдаланылмаған шаруашылық ішілік резервтерді табумен және оңтайлы басқарушылық шешімдерді қабылдаумен байланысты арнайы білімдер жүйесі қалыптасады.	Пререквизиттер: Экономикадағы математика, Бухгалтерлік есеп және аудит, Excel-дегі аналитика. Постреквизиттер: Өндірістік практика, Қорытынды аттестация.	А) Білім алушы менеджменттегі экономикалық талдаудың мәні мен әдістері туралы білімге ие, экономикалық қызмет деңгейін бағалау және ұйымның ішкі резервтерін анықтау процестерін түсінеді; В) Білім алушы экономикалық процестерді зерттеу және бағалау, резервтерді анықтау және оңтайлы басқару шешімдерін әзірлеу үшін экономикалық талдау әдістерін қолдана алады; С) Білім алушы экономикалық ақпаратты сындарлы талдай алады, басқарудың тиімділігін арттыру үшін негізделген қорытындылар мен ұсыныстар жасай алады; D) Білім алушы талдау нәтижелерін ұсыну, экономикалық шешімдерді әріптестер мен басшылықпен талқылау үшін тиімді қарым-қатынас дағдыларын меңгерген; Е) Білім алушы экономикалық талдаудың жаңа тәсілдері мен әдістерін өз бетімен меңгере алады, кәсіби құзыреттерін дамытып, экономикалық ортадағы өзгерістерге бейімделе алады.
10	Инновациялық менеджмент	Білім алушыларды макро және микро деңгейдегі инновациялық салада стратегиялық және тактикалық шешім қабылдау жолдарымен және инновациялық технологияларды	Бұл курс студенттерде инновациялық менеджмент туралы білім кешенін және жүйелік идеяны қалыптастырады. Бұл пәннің мазмұнына инновацияларды басқару, олардың жіктелуі, инновациялық нарықтар, инновациялық процесті басқарудың негізгі әдістері,	Пререквизиттері: Менеджмент, Бизнес-жоспарлау, Кәсіпорын экономикасы, Стратегиялық басқару, Персоналды басқару. Постреквизиттері: Өндірістік практика, Қорытынды аттестаттау.	А) Білім алушы инновациялық менеджмент негіздері туралы жүйелі білімге ие, оның ішінде инновациялардың негізгі ұғымдары, классификациясы, инновациялық нарықтар, сонымен қатар инновациялық процестерді басқарудың әдістері, технологиялары мен модельдері; В) Білім алушы инновациялық жобаларды әзірлеу және жүзеге асыру барысында шығармашылықты ынталандыру әдістерін

		енгізу процесін басқарудың түрлі әдістерімен таныстыру, үйрету.	технологиялары мен модельдері туралы негізгі ұғымдар кіреді. Жобаларды әзірлеу мен іске асыруда шығармашылықты жандандыру әдістерін, инновациялық жобалардың тәуекелдері мен тиімділігін бағалау әдістерін практикалық қолдану дағдылары мен оларды игеру қарастырылған		қолдана алады, тәуекелдерді бағалау және инновациялық жобалардың тиімділігін анықтау құралдарын пайдалана алады; С) Білім алушы инновациялық идеяларды сындарлы талдай алады, жобалардың тәуекелдері мен артықшылықтарын бағалап, инновацияларды басқару бойынша негізделген қорытындылар мен ұсыныстар жасай алады; D) Білім алушы инновациялық идеяларды таныстыру, жобаларды талқылау және команда мен мүдделі тараптармен өзара әрекеттесу үшін тиімді қарым-қатынас дағдыларын меңгерген; Е) Білім алушы жаңа инновациялық әдістер мен технологияларды өз бетімен меңгере алады, өзгерістерге икемделеді және инновациялық менеджмент саласындағы құзыреттерін дамытады.
--	--	---	---	--	--

6B04102 – МЕНЕДЖМЕНТ**2 курс****Мамандық атауы және шифры: 6B04102 – Менеджмент****Оқу мерзімі: 4 жыл****Қабылдау жылы: 2024**

Компонент	Пән коды	Пәннің атауы	Семестр	Кредит саны ҚР/ECTS
4. Модуль - Философия және ғылыми қызметті ұйымдастыру (13 академиялық кредит)				
БП ЖК	UR 2204	Ұлттық руханият	3	3
БП ЖК	GZA 2205	Ғылыми зерттеу әдістері	4	5
5. Модуль - Менеджментті басқару (20 академиялық кредит)				
БП ЖК	ММ 2206	Микро- макроэкономика	3	5
БП ЖК	МВ 2207	Маркетингті басқару	3	5
БП ЖК	КЕ 2208	Кәсіпорын экономикасы	3	5
БП ЖК	ТМ 2209	Тайм менеджменті	3	5
6. Модуль - Басқарудың негізгі құралдары (23 академиялық кредит)				
БП ЖК	BEA 2210	Бухгалтерлік есеп және аудит	4	4
БП ЖК	BZh 2211	Бизнес-жоспарлау	4	5
БП ЖК	BU 2212	Бизнесіні ұйымдастыру	4	5
БП ЖК	Men 2213	Менеджмент	4	6
БП	ОР	Өндірістік практика	4	3

Модуль 4 - Философия және ғылыми қызметті ұйымдастыру (13 академиялық кредит)**Дублин дискрипторлары:** А) В) С) D) Е)**Пәннің атауы:** Ұлттық руханият**Бағдарлама авторы:** Оразаева Ж.Ж., Мирон М.О., Куанжанова К.Т.**Курсты оқытудың мақсаты:** Студенттерге қазақ ұлтының ғасырлар бойы қалыптасқан әдебиеті, тарихы, өнері, халық даналығы, салт-дәстүрі, тәлім-тәрбиесі, мәдениеті туралы ғылыми негізде терең білім беру.**Пәннің қысқаша мазмұны:** Курс рухани құндылықтар жүйесін, қазақтың ұлттық болмысын, руханияттың этномәдени бастауларын, ұлттық сананы, салт-дәстүрлерді, әдет-ғұрыптарды, дүниетанымды, діни шыдамдылықты, салт-дәстүрлерді, өнерді, әдебиетті, ұлттық тәрбиені, дәстүрлі мәдениетті, жоғары сананы тәрбиелейтін рухани мұраны зерттейді. Пән әлемдік және жалпыадамзаттық құндылықтарды, халықтық дәстүрлерді, ата-баба мұрасын құрметтеу рухында тәрбиеленген рухани-адамгершілік тұлғаны қалыптастырады.**Пререквизиттері:** Қазақстан тарихы, Әлеуметтік-саяси білім модулі.**Постреквизиттері:** Философия, Ғылыми зерттеу әдістері.**Оқытудан күтілетін нәтижелер:** А) Ұлттық құндылықтар туралы түсінігі болады; В) Ұлттық рухани құндылықтар негізінде мәселелер шешеді; С) Салт-дәстүрлерді ұстанады; D) Ғылыми көзқарасы қалыптасады; Е) Өзінің және өзге елдің тарихын, мәдениетін, салт-дәстүрін сыйлайды.

Дублин дескрипторлары: A) B) C) D) E)

Пәннің атауы: Ғылыми зерттеу әдістері

Бағдарлама авторы: Болатова Б.Ж.

Курсты оқытудың мақсаты: білім алушылардың қазіргі жағдайы мен ғылыми зерттеулерді орындау саласындағы теориялық білімдерін қалыптастыруды қамтамасыз ету; олардың бейіндік бағыты саласындағы ғылыми зерттеулерді дамыту бағыттарын түсіну болып табылады.

Пәннің қысқаша мазмұны: Оқу курсы ғылыми зерттеудің мазмұны мен әдістері туралы жүйелі түсініктерді қалыптастыруға, түрлі салаларда зерттеулер жүргізуге мүмкіндік беретін білім, дағды, технологиялар мен әдістерді игеруге бағытталған. Пән бағдарламасы ғылыми зерттеу тақырыбын, мақсаттары мен міндеттерін тұжырымдау жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды; теориялық және эксперименттік зерттеулердің әдіснамасын зерделеу; зерттеулерді талдау және тұжырымдар мен ұсыныстар беруді қамтиды. Ғылыми зерттеулердің енгізілуі мен тиімділігіне, сондай-ақ ғылыми-зерттеу және дипломдық жұмыстарды ресімдеу ережелеріне көп көңіл бөлінеді.

Пререквизиттері: Қазақстан тарихы, Пәнаралық білім беру модулі, Философия

Постреквизиттері: Кәсіпорын экономикасы, Шаруашылық қызметін талдау, Жобаларды басқару.

Оқытудан күтілетін нәтижелер: A) ғылыми зерттеудің негізгі логикалық әдістері мен әдістерін, қазіргі ғылымның әдіснамалық теориялары мен принциптерін, заманауи компьютерлік технологиялардың негізін, белгілердің тәуелділік критерийлерін және деректердің біртектілігін, параметрлердің маңыздылық критерийлерін, ең қуатты критерийлерді таңдау принциптерін білу. B) ғылыми зерттеудің әдіснамалық негіздемесін жүзеге асыра білу, ғылыми қызметтің тиімділігін бағалау, білім мен ғылымда желілік технологиялар мен мультимедияны пайдалану; C) өнімнің сапасына және өндіріс шығындарына қойылатын талаптарға байланысты критерийлердің параметрлерін таңдай білу, өндіріс қажеттіліктеріне сүйене отырып зерттеу міндетін тұжырымдау, бөлу функцияларын анықтау, критерий параметрлерін негіздеу. D) ғылыми зерттеуді және оның нәтижелерін логикалық-әдіснамалық талдауды, техникалық қосымшаларда математикалық әдістерді қолдануды меңгеру E) ұйымдастыру-басқару, жобалау-конструкторлық және ғылыми-зерттеу қызметінің, құрылыс саласындағы, сондай-ақ кәсіби қызметтегі ғылыми зерттеулер саласындағы әртүрлі шығармашылық міндеттерді іске асырудың практикалық дағдыларын игеру.

Модуль 5 - Менеджментті басқару (20 академиялық кредит)

Дублин дескрипторлары: A) B) C) D) E)

Пәннің атауы: Микро-макрэкономика

Бағдарлама авторы: Игильманова С.У.

Курсты оқытудың мақсаты: үй шаруашылығы мен фирма экономикасы, әртүрлі нарық құрылымындағы фирманың қызмет ету ерекшелігін зерттеу, нарықтың негізгі субъектілерінің қызметіне, негізгі макроэкономикалық көрсеткіштердің динамикасына, әсер етуші факторларына талдау жасау әдістемесін меңгерту, елдің макроэкономикалық ахуалына қатысты өз пікірін қалыптастыруға, мемлекеттің экономикалық саясатының салдарына өзбетінше талдау жасай білуге білім алушыларды дағдыландыру.

Пәннің қысқаша мазмұны: «Микро-макрээкономика» пәнін оқыту барысында функционалды талдау, шекті талдау, экономикалық-математикалық модельдеу әдістері арқылы тұтынушының және өндірушінің әрекеттері зерттелсе, агрегаттау, статистикалық, логикалық абстракция, талдау әдістерінің көмегімен тұтынушылардың, фирмалардың, мемлекеттің және шетелдің ұлттық экономикаға ықпалдары қарастырылады. Түрлі

нарықтардағы теңдестіктің қалыптасуына, экономиканың циклді дамуының себептеріне, елдің макроэкономикалық көрсеткіштерінің динамикасына талдау әдістемесі зерттеледі.

Пререквизиттері: Экономикадағы математика, Пәнаралық білім беру модулі.

Постреквизиттері: Бухгалтерлік есеп және аудит, Бизнес-жоспарлау, Бизнесіні ұйымдастыру.

Оқытудан күтілетін нәтижелер: А) Экономикалық жүйенің микро-макро деңгейіндегі процестерге қатысты айнымалылардың өзара байланысы мен өзара әсерін түсіндіріп, оларға талдау, қорытынды жасау үшін теориядағы тұжырымдарды, модельдерді (график, сызба, формула т.с.с.) практикалық сабақтар орындауда тиімді қолдана білу. В) Теориялық материалдар, ситуациялық тапсырмалар, жаттығулар, статистикалық мәліметтер бойынша факторлық талдау, салыстырмалы талдау жасау. С) Жасалынған талдаудың негізінде микро-макро деңгейде орын алған өзгерістердің себептері мен мүмкін салдарына қатысты ой тұжырымдап, қорытынды жасай білу. D) Тұтынушы мен өндірушінің экономикалық әрекетін ұтымды етуге байланысты шешім қабылдау. E) Елдің негізгі макроэкономикалық көрсеткіштері негізінде макроэкономикалық ахуалды, мемлекеттің макроэкономикалық саясатының бағыттарын, тиімділігін бағалауға бейімделу.

Дублин дескрипторлары: А) В) С) D) E)

Пәннің атауы: Маркетингті басқару

Бағдарлама авторы: Басшиева Ж.Қ.

Курсты оқытудың мақсаты: Маркетингті басқару технологияларының білімдерін игерту мен практикалық дағдыларын дамыту, маркетингтің цифрлық технологияларын қолданудың құзыреттіліктерін қалыптастыру болып табылады..

Пәннің қысқаша мазмұны: Пән кәсіпорындағы маркетингтік қызметтің тиімді жұмысын, кәсіпорын қызметінің маркетингтік аспектілерін ұйымдастыру бойынша білім мен дағдыларды қалыптастыруға бағытталған. Менеджменттің қазіргі тенденцияларына сәйкес маркетингті басқару қабілетін қалыптастырады. Пәнді оқу барысында студенттер жоспарлау, маркетингтік қызметті жүзеге асыру және нәтижені бақылау, сондай-ақ өзгермелі сыртқы орта жағдайында шешім қабылдау үшін қажетті дағдыларды алады.

Пререквизиттері: Экономикадағы математика, Менеджмент мамандығына кіріспе.

Постреквизиттері: Бухгалтерлік есеп және аудит, Бизнес-жоспарлау, Бизнесіні ұйымдастыру, Менеджмент.

Оқытудан күтілетін нәтижелер: А) Кәсіпорынның маркетингтік іс-әрекеттерін басқарудағы мәселелерді шешу үшін құзыретті стратегиялық шешімдерді әзірлейді, маркетинг саласындағы іргелі білімдер мен дағдыларды игереді. В) Инновациялық цифрлық және ақпараттық технологияларды пайдалана отырып кешенді маркетингтік зерттеулерді жүргізеді және оның нәтижелерін маркетинг жобаларын дайындауда негізгі ресурс ретінде қолданады. С) Тауарлар мен қызметтерді жылжытудың стратегияларын, бренд өнімдерді жасауды, тұтынушылардың мінез-құлқын зерттеуді, компанияның имиджін құруды тиімді басқара біледі. D) Кәсіпорындардың маркетингтік қызметін ұйымдастыру және басқару ісіндегі белгісіз жағдайларға дұрыс, әрі тез шешім қабылдау үшін сыни тұрғыда талдау жасаудың дағдыларын игереді. E) Креативті маркетингтік шешімдер қабылдау үшін алынған ақпаратты талдайды, кәсіпорында маркетинг қызметін жоспарлайды және бақылайды, шешім қабылдау кезінде түзету шараларын жүргізу үшін кез-келген төтенше жағдайда стандартты емес шешімдер қабылдауға қабілетті болады.

Дублин дескрипторлары : А) В) С) D) E)

Пәннің атауы: Кәсіпорын экономикасы

Бағдарлама авторы: Глеубергенова М.А.

Курсты оқытудың мақсаты: Кәсіпорынның ресурстық әлеуетін тиімді пайдалану бойынша шешімдерді негіздеу және тұжырымдарды дәйектеу, талдау жасау дағдыларын үйрену және меңгеру негізінде білім алушылардың экономикалық ой-өрісін қалыптастыру болып табылады.

Пәннің қысқаша мазмұны: Бұл курстың шеңберінде кәсіпорын экономиканың негізгі буыны ретінде қарастырылады және студенттерде кәсіпорынды басқарудың қазіргі заманғы әдістері, оның қызмет ету заңдылықтары, оның барлық қызмет түрлерін басқару туралы білімдер кешені қалыптасады. Осы пәнді оқу барысында технологиялық, техникалық және ұйымдастырушылық шешімдердің тиімділігін анықтау дағдыларын меңгеру қамтамасыз етіледі; кәсіпорында өндірістік, технологиялық, еңбек процестерін басқарудың заманауи әдістерін, технологиялары мен тәсілдерін қолдану.

Пререквизиттері: Пәнаралық білім беру модулі, Менеджмент мамандығына кіріспе.

Постреквизиттері: Бухгалтерлік есеп және аудит, Бизнесі ұйымдастыру, Шаруашылық қызметін талдау.

Оқытудан күтілетін нәтижелер: А) Кәсіпорынның қаржылық-шаруашылық қызметін реттейтін нормативтік-құқықтық базаны, кәсіпорын қызметін сипаттайтын көрсеткіштер жүйесінің негіздерін білу және түсіну. В) Кәсіпорынның ресурстарын үнемдеу тәсілдерін қолдана білуі; кәсіпорынның экономикалық қызметі бойынша алғашқы құжаттарды толтыра білуі. С) Кәсіпорынның негізгі және айналым құралдарын пайдалану тиімділігін талдай білуі; кәсіпорын есептеліктерінде мазмұндалған қаржылық, бухгалтерлік және басқа да ақпаратты талдай білуі. D) Кәсіпорын қызметін жетілдіру жөніндегі жобаларды техника-экономикалық негіздеу. E) Экономикалық сипаттағы мәселелерде әлеуметтік-экономикалық критерийлерді ескере отырып оларды шешудің тәсілдерін дәйектеу.

Дублин дескрипторлары : А) В) С) D) E)

Пәннің атауы: Тайм менеджменті

Бағдарлама авторы: Султамуратова Н.Б.

Курсты оқытудың мақсаты: Тайм менеджменттің негізгі ұстанымдарын түсіну, уақытты тиімді басқару үшін қажетті дағдыларды меңгеру, уақытты тиімді пайдаланудың заманауи технологиялары мен құралдарын қолдану.

Пәннің қысқаша мазмұны: Білім алушылар бұл курсты оқу барысында уақытты басқару, уақыт ресурсы, онымен қамтудың әдіс-тәсілдерін, басқару қызметіндегі уақыттың рөлі туралы теориялық білімді меңгереді. Сондай-ақ, білім алушылар ұйымның ерекшелігін ескере отырып тайм-менеджментті енгізу, басқару барысында шешім қабылдауды үйренеді

Пререквизиттері: Пәнаралық білім беру модулі, Менеджмент мамандығына кіріспе.

Постреквизиттері: Менеджмент, Персоналды басқару, Ойлау дизайны, Коммуникациялық менеджмент.

Оқытудан күтілетін нәтижелер: А) Уақытты жоспарлау және мақсат қою әдістерін білу. В) Басымдықтарды анықтау және тиімділік арттыру әдістерін қолдана білу. С) Уақыт ұрлаушыларды анықтап, талдау, оларды жою жолдарын үйрену. D) Тайм менеджменттің заманауи құралдарын пайдалану арқылы уақытты жоспарлау. E) Жеке және кәсіби өмірдегі уақытты басқарудың маңыздылығын бағалай білу.

6. Модуль - Басқарудың негізгі құралдары (23 академиялық кредит)

Дублин дескрипторлары: А) В) С) D) E)

Пәннің атауы: Бухгалтерлік есеп және аудит

Бағдарлама авторы: Токтарова М.А.

Курсты оқытудың мақсаты: кәсіпорындағы бухгалтерлік есептің, ерекшеліктерімен таныстыру және ішкі бақылаудың тиімді жүйесін ұйымдастыра білуге бейімдеу.

Пәннің қысқаша мазмұны: Пәнді оқу студенттердің бухгалтерлік есеп пен аудиттің негіздері мен жүйесі туралы білімін, мүдделі менеджерлерге басқару саласындағы шешімдерді қабылдау үшін мәліметтер мен ақпаратты ұсынудың негізгі нысаны ретінде, сондай-ақ тексеру дағдылары мен тәжірибесін алуды қалыптастырады. және қызметтер аудитіне қажетті деректерді алу. Курс сонымен қатар кәсіпорынның активтері, міндеттемелері және капиталы туралы ақпаратты жинау және қорытындылау әдістерін және қаржылық есеп беру саласындағы білімдерді зерттейді.

Пререквизиттері: Экономикадағы математика, Микро- макроэкономика.

Постреквизиттері: Excel-дегі аналитика, Шаруашылық қызметін талдау, Баға қалыптастыруды басқару, Салық және салық салу, Еңбекті нормалау және ақы төлеу.

Оқытудан күтілетін нәтижелер: А) Бухгалтерлік есеп пен аудиттің теориялық және әдіснамалық негіздерін білу және түсіну; В) Бухгалтерлік балансты жасау кезінде алған білімдерін дұрыс қолдану; С) Кәсіпорынның есептік-экономикалық қызметіне байланысты мәселелерді дербес шешу қабілеті; D) Қарым-қатынас саласындағы іскерліктер қызметтерді ұйымдастыру және басқару үшін ақпаратты жинау, сақтау, өңдеу және талдау әдістерін қолданады; E) Оқыту саласындағы іскерліктер: шаруашылық қызметтің жекелеген фактілерін бухгалтерлік шоттарда дұрыс сәйкестендіру, бағалау, жіктеу және жүйелеу.

Дублин дескрипторлары : А) В) С) D) E)

Пәннің атауы: Бизнес-жоспарлау

Бағдарлама авторы: Байшукурова Ж.Ж.

Курсты оқытудың мақсаты: шаруашылық субъектілердің қызметін нарық жағдайында жоспарлаудың теориялық негіздерін зерттеу және бизнес жоспарды құру әдістемесін игеру.

Пәннің қысқаша мазмұны: Аталған курс аясында ұйымды стратегиялық басқарудағы маңызды құжат - бизнес-жоспарды жасақтауды қамтитын сұрақтар кешені меңгеріледі. Білім алушылар бизнес жоспарлауда қолданылатын негізгі әдістер мен мәнін оқып-біледі; бизнес-жоспардың құрылымын, оны жасақтау бойынша жұмыстардың мазмұнын меңгереді, бизнес-жоспардың тиімділігін бағалау тәртібі мен әдістерімен танысады және бизнес жоспарлау процесінде қажетті практикалық дағдыларға ие болады.

Пререквизиттері: Экономикадағы математика, Маркетингті басқару, Кәсіпорын экономикасы.

Постреквизиттері: Өндірістік менеджмент, Кәсіпорын жоспарлауды ұйымдастыру, Инвестициялық менеджмент.

Оқытудан күтілетін нәтижелер: А) Бизнес-жасау әдістемесін, қабылданған стратегияның қойылған мақсаттарың қарым-қатынасын, әртүрлі сферадағы кәсіпорындардың бизнес-жоспарын құру спецификасын, сондай-ақ бизнес-жоспар жасауда кететін негізгі қателіктерді білуі тиіс В) Бизнесі жоспарлаудың қазіргі әдістері мен тәсілдерін оқыту іс жүзінде қолдана біледі; С) Қазақстан Республикасының кәсіпорындардың елдегі мемлекеттік реттелуі бойынша заңдылықтарын; Кәсіпорынның бизнес-жоспарын құру әдістерін, инвестициялық қызметтің тиімділігіне баға беру, экономикалық талдау жасай білу. D) Бизнесі жоспарлаудың тәжірибелік дағдыларын қалыптастыру, бизнес-жоспарлауда экономикалық көрсеткіштерді есептей білу, нарық экономикасында фирманы, кәсіпорындарды басқару жүйесінде жоспарлардың мәні мен қажеттілігін көрсете біледі; E) Базалық және жалпы білімін тәжірибе жүзінде қолдану, бизнес-жоспар құруда экономикалық бөлімдердің барлық сұрақтарына жауап бере алу дағдыларына ие болады.

Дублин дескрипторлары : А) В) С) D) E)

Пәннің атауы: Бизнесі ұйымдастыру

Бағдарлама авторы: Султамуратова Н.Б.

Курсты оқытудың мақсаты: Шаруашылық субъектілердің қызметін нарық жағдайында ұйымдастырудың теориялық негіздерін зерттеу және бизнесті құру әдістемесін игеру.

Пәннің қысқаша мазмұны: Курсты толық оқу барысында болашақ мамандар бизнес мен кәсіпкерліктің теориялық негіздері туралы оқып, қазіргі заманғы бизнесті жүргізу мен ұйымдастыруды, оны жоспарлауды, басқаруды үйренеді. Пәннің мазмұны бизнестің мақсаты мен міндетін, объектісі мен субъектісін және кәсіпкерліктің нормативтік-құқықтық базасы туралы оқып-білуден тұрады. Ең негізгісі – стартаптар жасау, жаңа бизнесті құру және бизнес-планды өңдеуге басымдық беріледі.

Пререквизиттері: Менеджмент мамандығына кіріспе, Маркетингті басқару, Кәсіпорын экономикасы.

Постреквизиттері: Өндірістік менеджмент, Кәсіпорын жоспарлауды ұйымдастыру, Инвестициялық менеджмент.

Оқытудан күтілетін нәтижелер: А) Бизнесті ұйымдастырудың әдістемесін, қабылданған стратегияның қойылған мақсаттарың қарым-қатынасын, әртүрлі сферадағы кәсіпорындардың бизнесті ұйымдастырудың спецификасын, сондай-ақ бизнес-жоспар жасауда кететін негізгі қателіктерді білуі тиіс; В) Бизнесті ұйымдастырудың қазіргі әдістері мен тәсілдерін оқыту; С) Қазақстан Республикасының кәсіпорындардың елдегі мемлекеттік реттелуі бойынша заңдылықтарын; Кәсіпорынның бизнесті ұйымдастыру әдістерін, инвестициялық қызметтің тиімділігіне баға беру, экономикалық талдау жасай білу; D) Бизнесті ұйымдастырудың тәжірибелік дағдыларын қалыптастыру. Бизнестің экономикалық көрсеткіштерді есептей білуі тиіс. Нарық экономикасында фирманы, кәсіпорындарды басқару жүйесінде ұйымдастырудың мәні мен қажеттілігін көрсету; E) Базалық және жалпы білімін, алған білімін тәжірибе жүзінде қолдану.

Дублин дескрипторлары: А) В) С) D) E)

Пәннің атауы: Менеджмент

Бағдарлама авторы: Болатова Б.Ж.

Курсты оқытудың мақсаты: "Менеджмент" пәнін меңгерудің мақсаты білім алушылардың менеджмент теориясы саласында теориялық және практикалық білімдер мен дағдыларды меңгеруі болып табылады.

Пәннің қысқаша мазмұны: Бұл курстың мазмұны басқарудың ұйымдастырушылық элементтерін, басқарудың негізгі әдістерін, коммуникация процестерін, шешімдер жасақтау мен қабылдау, топтық жұмыс ерекшеліктерін, көшбасшылық теорияларын, жанжалдар мен өзгерістеді басқаруды, корпоративтік мәдениет пен басқару этикасын қамтиды. Пәнді оқып-үйрену классикалық менеджмент негіздерін меңгеруге, білім алушыларда ұйымды басқарудың функциялары мен принциптері туралы білімдер кешенін игеруге, басқарушылық қызметтің әрқилы түрлерін орындаудың практикалық дағдыларын қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Пререквизиттері: Менеджмент мамандығына кіріспе, Маркетингті басқару, Тайм-менеджменті.

Постреквизиттері: Персоналды басқару, Көшбасшылық және команда құру, Бренд менеджменті, Талант менеджменті.

Оқытудан күтілетін нәтижелер: А) қазіргі менеджменттің мәні мен сипатты белгілерін, оның даму тарихын білу; Бөлімше жұмысын жоспарлау және ұйымдастыру әдістері; В) бөлімше жұмысын жоспарлау және ұйымдастыру әдістерін практикада қолдана білу; басқарудың ұйымдастырушылық құрылымдарын талдау; С) басқару әдістері жүйесін пайдалана отырып, тиімді шешімдер қабылдау; D) кәсіби қызметте іскерлік және басқарушылық қарым-қатынас тәсілдерін қолдану; E) кәсіби қызмет саласындағы менеджменттің ерекшеліктерін ескеру.

6B04102 – МЕНЕДЖМЕНТ**3 курс**Мамандық атауы және шифры: **6B04102 – Менеджмент**Оқу мерзімі: **4 жыл****Қабылдау жылы: 2023**

Компонент	Пән коды	Пәннің атауы	Семестр	Кредит саны ҚР/ECTS
7.1 Модуль - Ұйым қызметін талдау (Траектория - Адам ресурстарын басқару) (30 академиялық кредит)				
КП ЖК	PB 3301	Персоналды басқару	5	5
КП ТК	EIB 3302	Эмоционалдық интеллекті басқару	5	5
КП ТК	OD 3303	Ойлау дизайны	5	5
БП ТК	SSS 3214	Салық және салық салу	5	5
БП ТК	BKB 3215	Баға қалыптастыруды басқару	5	5
БП ТК	ShKT 3216	Шаруашылық қызметін талдау	5	5
7.2 Модуль - Менеджменттегі персоналдың дамуы (Траектория - Ұйым менеджменті) (30 академиялық кредит)				
КП ЖК	PB 3301	Персоналды басқару	5	5
КП ТК	ASB 3302	Әлеуметтік сфераны басқару	5	5
КП ТК	KM 3303	Коммуникациялық менеджмент	5	5
БП ТК	KAZh 3214	Корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік	5	5
БП ТК	UMK 3215	Ұйымдастырушылық мінез құлқы	5	5
БП ТК	EA 3216	Excel-дегі аналитика	5	5
8. Модуль -Функционалды экономика модулі (15 академиялық кредит)				
БП ЖК	KKK 3217	Көшбасшылық және команда құру	6	5
КП ЖК	SMMM 3304	SMM менеджменті	6	5
КП	OP	Өндірістік практика	6	5
9.1 Модуль - Бизнесітегі жұмыс берушінің бренді (Траектория - Адам ресурстарын басқару) (15 академиялық кредит)				
КП ТК	MMM 3305	Мейманхана және мейрамхана менеджменті	6	5
БП ТК	BK 3218	Бизнесітегі келіссөздер (ағылшын тілінде)	6	5
КП ТК	BM 3306	Бренд менеджменті	6	5
9.2 Модуль -Менеджментті ілгерлету тиімділігі (Траектория - Ұйым менеджменті) (30 академиялық кредит)				
КП ТК	EM 3305	Event менеджменті	6	5
БП ТК	IK 3218	Іскерлік коммуникациялар (ағылшын тілінде)	6	5
КП ТК	NM 3306	Халықаралық менеджмент	6	5

7.1 Модуль - Ұйым қызметін талдау (Траектория - Адам ресурстарын басқару) (30 академиялық кредит)

Дублин дескрипторлары : А) В) С) D) E)

Пәннің атауы: Персоналды басқару

Бағдарлама авторы: Атаниязов Ж.

Курсты оқытудың мақсаты: Бұл курсты оқу персоналды басқару туралы ғылыми түсінік қалыптастыруға, сондай-ақ персоналды басқару жүйесіне кіретін іс-шаралар кешенін іске асыру бойынша дағдыларды игеруге мүмкіндік береді.

Пәннің қысқаша мазмұны: Берілген курс аясында білім алушылар кәсіпорын персоналын басқару бойынша білім, білік және дағдылар кешенін қалыптастырады. Бұл пәннің мазмұны ұйымдағы жұмысшылардың өзара әрекеттесу теорияларының негізгі тұжырымдамаларын, соның ішінде байланыс, көшбасшылық және билік, мотивация және жанжал жағдайларын басқаруды зерттеуді қамтиды. Пәнді игеру барысында мансапты жоспарлау және құру әдістерін, компанияның кадрлық құрамын басқарудың заманауи құралдарын қолданудың практикалық дағдылары алынады.

Пререквизиттер: Менеджмент, Маркетингті басқару, Кәсіпорын экономикасы.

Постреквизиттер: Көшбасшылық және команда құру, Мансапты басқару, Талант менеджмент.

Оқытудан күтілетін нәтижелер: А) персоналды басқару саласындағы кәсіби міндеттерді шешу әдістері мен тәсілдерін біледі және түсінеді, персоналға қажеттілікті анықтайды; ұйымның жергілікті нормативтік актілеріне бағдарланады; қызметкердің түйіндемесі мен сауалнамасын рәсімдейді; В) мәселені кәсіби бағдарланған жағдайларда шеше алады; мәселені шешудің тәсілдері мен нұсқаларын ұсынады, күтілетін нәтижені бағалайды; кәсіби бағдарланған проблемалық жағдайларда мінез-құлықты жоспарлайды, түзетулер енгізеді, жағдайды бақылайды; қабылданған шешім үшін жауапты болады; С) қажетті ақпаратты тиімді іздеуді талдайды; әртүрлі ақпарат көздерін, соның ішінде электронды ақпаратты пайдаланады; әртүрлі көздерден алынған ақпаратты талдайды; басшымен әңгімелесу кезінде өз ойын сауатты білдіреді; клиентпен оның қажеттіліктерін анықтай отырып, байланыс орната алады; D) ұжым басшылығының мәселелері бойынша сұрақтарды тұжырымдайды; персоналдың жұмысын ұйымдастырады және оның жұмысының негізгі көрсеткіштерін бағалайды; жалпы командалық нәтиже үшін өз еркімен жауапкершілікті өз мойнына алады; өз жұмысының нәтижелерін талдайды және түзетеді; E) материалдың маңыздылығын, курс бойынша қорытындылардың сәйкестігін бағалай алады; өз қызметін саналы түрде жоспарлайды, өзін-өзі тәрбиелеу және өзін-өзі дамытумен айналысады; персоналды басқарудың жаңа әдістерін әзірлеу саласындағы инновацияларға талдау жасайды; еңбек нарығына талдау жүргізеді, бос лауазымдарға әлеуетті кандидаттарды бағалайды.

Дублин дескрипторлары : А) В) С) D) E)

Пәннің атауы: Эмоционалдық интеллекті басқару

Бағдарлама авторы: Кудайбергенов Ж.Б.

Курсты оқытудың мақсаты: компания қызметкерлерінің білімін, дағдыларын, эмоционалды интеллектін басқару дағдыларын қалыптастыру.

Пәннің қысқаша мазмұны: Берілген курс компания қызметкерлерінің эмоционалды интеллектісі мен оны басқару дағдыларын, біліктерін қалыптастыруға бағытталған. Курсты игеру барысында білім алушылар эмоционалды интеллектіні анықтаудың негізгі тәсілдері, қызметкерлердің эмоционалды интеллектімен жұмыс істеудің негізгі әдістері мен технологиялары туралы білім алады; қызметкерлердің эмоционалды интеллектін бағалау және дамыту әдістерін қолдана алады; қызметкерлердің эмоционалды интеллектін басқару бойынша жұмысты.

Пререквизиттер: Менеджмент, Маркетингті басқару, Кәсіпорын экономикасы, Тайм-менеджмент.

Постреквизиттер: Көшбасшылық және команда құру, Мансапты басқару, Талант менеджмент.

Оқытудан күтілетін нәтижелер: А) эмоционалды интеллектті анықтау тәсілдерін, қызметкерлердің эмоционалды интеллектімен жұмыс істеудің негізгі әдістері мен технологияларын білу; В) персоналдың эмоционалды интеллектісін бағалау және дамыту әдістерін қолдана білу; С) қызметкерлердің эмоционалды интеллектісін басқару бойынша жұмысты ұйымдастыру және жалпы ұйымдастыру дағдыларына ие болу. D) эмоцияларды тану және басқару техникасын меңгеру; Е) адамдармен тиімді өзара іс-қимылды қалыптастыру және нәтижеге қол жеткізу үшін алынған құзыреттерді, оның ішінде кәсіби қызмет шеңберінде қолдану.

Дублин дескрипторлары: А) В) С) D) Е)

Пәннің атауы: Ойлау дизайны

Бағдарлама авторы: Кудайбергенов Ж.Б.

Курсты оқытудың мақсаты: ойлау психологиясының теориялық және эксперименттік негіздерін, шығармашылық процестің заңдылықтарын, ойлау дизайнын ынталандыру және дамыту әдістерін зерттеу.

Пәннің қысқаша мазмұны: «Ойлау дизайны» студенттерде жұмыс барысында нәтижесінде нақты бір адамға қатысты белгілі-бір міндеттердің шешіміне келетіндей өзінің ойлау жүйесін қалыптастыруға, ақпараттар, идеялар, проблемалар мен олардың шешімдерін іздеуге, ойлау логикасын дамытуға, білімдер мен ілімдерін кәсіби деңгейде қолдануға бағытталған. Графикалық визуализация, тұтынушылардың тәжірибелерінің мәселелерін сараптамалық сипаттау, жаңа идеяларды генерациялау және прототиптерді жасақтау дағдыларын игеру қарастырылған.

Пререквизиттері: Менеджмент, Микро- макроэкономика, Тайм-менеджменті.

Постреквизиттері: Бизнестегі келіссөздер, Көшбасшылық және команда құру, SMM менеджменті, Талант менеджменті.

Оқытудан күтілетін нәтижелер: А) сыни ойлау технологиясының негізгі принциптерін, кезеңдерін, тәсілдерін білу. В) шығармашылық процестің заңдылықтары мен тетіктерін, креатив тұлғасының психологиялық ерекшеліктерін және оның өмір жолын, шығармашылықтың адам өміріндегі орны мен рөлін білу. С) әр түрлі тәжірибені, идеялар мен түсініктерді ұғыну негізінде өз пікірін қалыптастыра білу; D) мәтінмен жұмыс істеуде сыни ойлау технологиясын пайдалану дағдыларын дамыту; Е) Кәсіби саладағы іскерлік коммуникация, ұжымда жұмыс істеу дағдылары.

Дублин дескрипторлары: А) В) С) D) Е)

Пәннің атауы: Салық және салық салу

Бағдарлама авторы: Кельбетова С.Ж.

Курсты оқытудың мақсаты: салық қызметінің теориялық аспектілерін зерделеу, әртүрлі салық түрлерін практикалық есептеу дағдыларын игеру, салық заңнамасын егжей-тегжейлі зерттеу. Осы пәнді оқу барысында қойылған мақсатты жүзеге асыру үшін келесі міндеттер қойылған: экономиканың негізгі ұғымдары мен санаттарын түсіну үшін студенттерде логикалық ойлауды қалыптастыру; салықтар мен салық салудың негізгі ережелерін зерттеу; салық салу негіздерін ашу және салық түрлерін қарастыру.

Пәннің қысқаша мазмұны: Осы курсты игеру шеңберінде студенттер қазіргі кезеңде салық салу теориясы, салықтардың мазмұны және елдің салық жүйесінің принциптері бойынша білім жүйесін алады; салықтардың негізгі түрлерін, жеңілдіктер мен салық санкцияларын есептеу, СМБ үшін арнайы салық режимінің түрлерін қолдану дағдыларын дамытады; республикада қолданыстағы заңнаманың нормалары мен ережелерін дұрыс пайдалану және салық құжаттамасын ресімдеу дағдыларын дамытады.

Пререквизиттері: Экономикадағы математика, Микро- макроэкономика, Бизнес- жоспарлау.

Постреквизиттері: Еңбекті нормалау және ақы төлеу, Кәсіпорын жоспарлауды ұйымдастыру, Инвестициялық менеджмент, Инновациялық менеджмент.

Оқытудан күтілетін нәтижелер: А) Білу және түсіну: Салықтың түрлерін білу; В) Білімді және түсіну қабілеттілігін практикада қолдануы: Қазақстан Республикасының салық Кодексін, оның негізгі принциптік талаптары мен тәсілдерін меңгеру; С) Пайымдай білу, қорытынды жасау және идеяны бағалау қабілеттілігі: Мемлекеттің салық саясаты және оның қазіргі ерекшеліктері. Жер салығы. Көлік құралдарына салынатын салық. Мүлік салығы; D) Қарым-қатынас іскерлігі: Қосылған құнға салынатын салық. Акциздер. Корпорациялық табыс салығы; E) Оқытудағы іскерлігі: Арнаулы салықтық режимдер және олардың қолданылу ерекшеліктері. Салық әкімшілігін жүргізу.

Дублин дискрипторлары: А) В) С) D) E)

Пәннің атауы: Баға қалыптастыруды басқару

Бағдарлама авторы: Ибрашева А.Ж.

Курсты оқытудың мақсаты: бағаны белгілеумен байланысты сұрақтарды жан-жақты зерделеу, студенттерге өте тиімді және бәсекеге жарамды, экономикалық мемлекет жүйесін құру бойынша міндеттерді оңтайлы шешу жолдарын түсінуге және меңгеруге мүмкіндік беру болып табылады

Пәннің қысқаша мазмұны: Осы курс шеңберінде негізгі мақсат стратегиялық баға белгілеу бойынша қалыптастыру және тиісті дағдыларды дарыту ретінде айқындалған. Пәннің мазмұны баға процесінің мәнін, оның компоненттерін, факторларын, әдістері мен модельдерін ашуды қамтиды. Курсты игеру барысында сұраныстың, кәсіпорын шығындарының және бәсекелестік ортаның баға икемділігін экономикалық талдау, нақты жағдайларда баға шешімдерін әзірлеу және қабылдау, баға шешімдерін қаржылық талдау, баға сегментациясын тиімді қолдану дағдылары қалыптасады.

Пререквизиттері: Экономикадағы математика, Микро- макроэкономика, Бухгалтерлік есеп және аудит.

Постреквизиттері: Еңбекті нормалау және ақы төлеу, SMM менеджменті, Бренд менеджменті, Басқарушылық шешімдерді әзірлеу.

Оқытудан күтілетін нәтижелер: А) Нарық жағдайында баға белгілеу саласында басқару қызметінің дағдыларын қалыптастыру; В) Нарыққа көшу кезіндегі баға белгілеудің негізгі мәселелері және бағалар жіктелуі мен олардың жүйесін меңгеру; С) Бағаның құрамы мен құрылымын, факторлар және баға процесінің кезеңдерін анықтау; D) Фирманың баға саясатын, шығындарды және баға әдістерін құра білу; E) Экономиканың кейбір салаларындағы баға белгілеу ерекшеліктерін және бағаны реттеу тәжірибесін көрсете білу.

Дублин дескрипторлары : А) В) С) D) E)

Пәннің атауы: Шаруашылық қызметін талдау

Бағдарлама авторы: Тлеубергенова М.А.

Курсты оқытудың мақсаты: «Шаруашылық қызметін талдау» курсының мақсаты кәсіпорын қызметін экономикалық талдаудың теориялық негіздері мен тәжірибелік дағдыларды игеруді зерттеу болып табылады.

Пәннің қысқаша мазмұны: Бұл курста студенттер экономикалық қызметті ұйымдастырудың және талдаудың теориялық және әдіснамалық негіздері туралы білім кешенін қалыптастырады. Бұл пәннің мазмұнына ШҚТ әдістемесі, туындаған экономикалық жағдайларды объективті бағалау үшін аналитикалық құралдарды қолдану мәселелері кіреді. Кәсіпорынның қаржы-шаруашылық қызметі нәтижелерінің тиімділігін

арттыру резервтерін іздеу, сондай-ақ оңтайлы басқару шешімдерін әзірлеу және негіздеу дағдыларын игеру көзделген.

Пререквизиттері: Экономикадағы математика, Микро- макроэкономика, Бухгалтерлік есеп және аудит.

Постреквизиттері: Жобаларды басқару, Еңбекті нормалау және ақы төлеу, SMM менеджменті, Басқарушылық шешімдерді әзірлеу.

Оқытудан күтілетін нәтижелер: А) Шаруашылық қызметті талдау туралы, оның нарықтық экономикадағы маңызы мен ролі туралы; шаруашылық қызметті талдау түрлерін; шаруашылық қызметті талдау жұмысын жүргізу тәсілі туралы білу (білу және түсіну); В) Шаруашылық қызметті талдау жұмысын ұйымдастыру негіздері туралы (қолдана білу); С) Қаржылық есептілікті талдай білу және ұйымның дамуының қаржылық болжамын құру; қабылданатын қаржылық және инвестициялық шешімдердің табыстылығы мен тиімділігін талдай білу; D) Талдаудың әртүрлі кезеңдері мен бағыттарында қолданылатын әдістерді; өндіріс резервтерін анықтау және бағалау тәсілдерін; инвестициялық талдау әдістерін; қаржылық есептілікті талдау және қаржылық болжау әдістерін игеру; E) Кәсіби қызмет саласында инновациялық әдістерді, құралдар мен технологияларды әзірлеуге қатысу қабілетін меңгеру.

7.2 Модуль - Менеджменттегі персоналдың дамуы (Траектория - Ұйым менеджменті) (30 академиялық кредит)

Дублин дескрипторлары : А) В) С) D) E)

Пәннің атауы: Әлеуметтік сфераны басқару

Бағдарлама авторы: Ибрашева А.Ж.

Курсты оқытудың мақсаты: әлеуметтік саланы ұйымдастыру, жоспарлау, қаржыландыру, жалпы және оның жекелеген салаларын кадрлық қамтамасыз етудің теориялық-әдіснамалық және практикалық аспектілерін қарастыру негізінде әлеуметтік салада болып жатқан экономикалық үдерістер туралы тұтас түсінік қалыптастыру болып табылады.

Пәннің қысқаша мазмұны: Бұл курстың негізгі мақсаты-студенттерде мемлекет тарапынан әлеуметтік мәселелерді реттеу, Әлеуметтік саланы басқарудың тұжырымдамалары мен теориялары, әлеуметтік менеджменттің ерекшеліктері туралы білім кешенін қалыптастыру. Осы пәнді игеру барысында қолданбалы статистикалық бағдарламаларды пайдалана отырып, әлеуметтік сауалнамалар жүргізу, әлеуметтанулық ақпаратты жинау, талдау және бағалау дағдылары, іргелі әлеуметтанулық білімді практикада қолдану дағдылары қалыптасады.

Пререквизиттері: Микро- макроэкономика, Маркетингті басқару, Бизнесті ұйымдастыру.

Постреквизиттері: Мейманхана және мейрамхана менеджменті, Талант менеджменті, Еңбекті нормалау және ақы төлеу.

Оқытудан күтілетін нәтижелер: А) білу: ҚР-да, оның аймақтарында және шетелде әлеуметтік саланы дамыту ерекшеліктерін; әлеуметтік саясаттың негізгі бағыттары мен әдістерін, сондай-ақ оның экономикалық және институционалдық саясатпен өзара байланысын; В) Әлеуметтік сала салаларындағы экономикалық қатынастардың ерекшеліктерін; нарық жағдайында әлеуметтік саланың шаруашылық жүргізуші субъектілерінің қызметін сипаттайтын негізгі көрсеткіштерді есептеу әдістемесін білу; С) әлеуметтік саладағы трансформациялық үдерістер барысында пайда болатын нақты жағдайларды талдай білу; D) ҚР және оның аймақтарындағы әлеуметтік саясат және әлеуметтік сала салаларын дамыту мәселелері бойынша ақпаратты табу, игеру және пайдалану дағдыларын меңгеру; E) қоғам мен мемлекет мүддесінде қоғамдық маңызды мақсаттарды қоюды, оларға қол жеткізу жағдайларын қалыптастыруды, барынша мүмкін болатын нәтижелерді алу үшін жұмысты ұйымдастыруды қоса алғанда, әлеуметтік саланы дамытуды стратегиялық басқаруды жүзеге асыру қабілетін меңгеру.

Дублин дескрипторлары: А) В) С) D) E)

Пәннің атауы: Коммуникациялық менеджмент

Бағдарлама авторы: Нургалиева Ш.Т.

Курсты оқытудың мақсаты: Берілген пәнді оқыту нәтижесінде студенттерде коммуникацияның ғылыми-тәжірибелік негіздерін оқу және тауар мен қызмет жылжытудың тәжірибиелік дағдылары болуы тиіс

Пәннің қысқаша мазмұны: Осы курстың негізгі мақсаты білім алушыларда коммуникациялық менеджмент негіздері бойынша теориялық білім кешенін және коммуникацияларды басқарудағы практикалық дағдыларды қалыптастыру болып табылады. Бұл пәннің мазмұны коммуникацияны басқарудың рөлі мен функцияларын, коммуникацияны басқарудың негізгі кезеңдерін, қызметкерлердің ақпараттық өзара әрекеттесуін зерттеуді қамтиды. Кәсіпорында коммуникациялық қамтамасыз ету бойынша практикалық ұсыныстар әзірлеу дағдыларын игеру көзделген.

Пререквизиттері: Маркетингті басқару, Тайм-менеджменті, Менеджмент, Персоналды басқару.

Постреквизиттері: SMM менеджменті, Бизнестегі келіссөздер (ағылшын тілінде), Іскерлік коммуникациялар (ағылшын тілінде).

